

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президентінің айналасындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

*2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді*

Бас редактор

Алуа Жолдыбалина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің бөлім жетекшісі

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов
Редактор-корректор:
С. Құрманғалиева

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«КРОИВА» ҚБ баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ.,
Ш. Уалиханов көш., 115.

Таралымы 500 дана.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

**Индира Елеусізова,
Дана Тұрлыбек**
Төрелік – дауларды шешудің тиімді тәсілі ретінде.....6

**Мәншүк Кәрімова,
Нәйла Әлмұхамедова**
Жер мәселесіне қатысты пікірталастар:
хронологиясы, мазмұны, қорытындылары.....18

Мәншүк Қазыбаева
Ауылшаруашылық кооперациясы –
фермерлердің шығындарын қысқартып,
табыстарын ұлғайту құралы.....33

**Нұрлан Құлбатыров,
Айжан Төлепбекова**
Шағын және орта кәсіпкерлік:
Қазақстандағы жүйелі реформалар туралы.....53

Айгүл Көшербаева
Қазақстан Республикасы өңірлерінің бәсекеге
қабілеттілігін бағалау.....65

Айгүл Сәдуақасова
Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтудағы
Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.....78

Қанат Сахариянов
Телехабарлардың дамуын қолдау
саласындағы мемлекеттік саясат.....87

Гүлмира Шеръязданова
Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия
ретінде электрондық үкіметтің қалыптасуы.....103

СОДЕРЖАНИЕ

**Индира Елеусизова,
Дана Турлыбек**
Арбитраж как эффективный способ
разрешения споров.....6

**Маншук Каримова,
Найла Альмухамедова**
Земельная дискуссия: хронология, содержание,
итоги.....18

Маншук Казыбаева
Кооперация сельского хозяйства –
средство уменьшения затрат,
увеличение дохода фермеров.....33

**Нурлан Кулбатыров,
Айжан Тулепбекова**
Малое и среднее предпринимательство:
о системных реформах в Казахстане.....53

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ
Қазақстан Республикасының
Президентінің
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Айгуль Кошербаева
Оценка конкурентоспособности регионов
Республики Казахстан.....65

Айгуль Садвокасова
Роль Ассамблеи народа Казахстана в укреплении ка-
захстанской идентичности и единства.....78

Канат Сахариянов
Государственная политика в сфере поддержки
развития телевидения.....87

Гульмира Шеръязданова
Становление электронного правительства
как антикоррупционной стратегии в Казахстане.....103

CONTENTS

**Indira Yeleussizova,
Dana Turlybek**
Arbitration as an Effective Way Disputes Resolution.....6

**Manshuk Karimova,
Nailya Almukhamedova**
Discussion Land Reform: Chronology, Content,
Conclusions.....18

Manshuk Kazybayeva
Cooperative Agriculture as Means to
Reduce Costs and Increase Income of Farmers.....33

**Nurlan Kulbatyrov,
Aizhan Tulepbekova**
Small and Medium Enterprises:
on Systemic Reforms in Kazakhstan.....53

Aigul Kosherbayeva
Assessment of Competitiveness
of Kazakhstan Regions.....65

Aigul Sadvokasova
Role of the People's Assembly of Kazakhstan in
strengthening of identity and unity in Kazakhstan.....78

Kanat Sahariyanov
State Policy to Support Development
of Television industry.....87

Gulmira Sheryazdanova
E-Government as Element of Anti-Corruption
Strategy in Kazakhstan.....103

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС

- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ** – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің жетекшісі, Ph.D
- Айгүл СӘДУАҚАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталықтың басшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Ералы ТОҒЖАНОВ** – ҚР Президенті Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы
- Зарема ШӘУКЕНОВА** – ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Уяма ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Юлай ШӘМІЛӨҒЛЫ** – Висконсин-Мэдисон университеті жанындағы Орталық Азияны зерттеу жөніндегі бағдарламаның директоры, профессор (АҚШ), Ph.D

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Баглан МАЙЛЫБАЕВ** – председатель Редакционного совета, заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, руководитель Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Айгуль САДВАКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, кандидат социологических наук
- Ералы ТУГЖАНОВ** – заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана, заведующий Секретариатом Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента Республики Казахстан, доктор политических наук
- Зарема ШАУКЕНОВА** – директор Института философии и политологии КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета (Южная Корея), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана (США), Ph.D
- Уяма ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо (Япония), Ph.D
- Юлай ШАМИЛЬОГЛУ** – директор, профессор программы по изучению Центральной Азии университета Висконсина-Мэдисона (США), Ph.D

THE EDITORIAL BOARD

- Baglan MAILYBAEV** – Chairman of Editorial Board, Deputy Head of Administration of President of of Kazakhstan, Doctor of Law
- Alua ZHOLDYBALINA** – Editor in Chief, Head of Department of Social and Political Analysis, Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan, Ph.D
- Aigul SADVOKASOVA** – Head of Center of Interethnic and Interreligious Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology
- Botagos RAKISHEVA** – Deputy Director of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan, Candidate of Sociology
- Eraly TUGZHANOV** – Vice-President of People’s Assembly of Kazakhstan, Head of Secretariat of People’s Assembly of Kazakhstan under Administration of President of Kazakhstan, Doctor of Political Science
- Zarema SHAUKENOVA** – Director of Institute of Philosophy and Political Science under Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of Sociology, Professor, Corresponding Fellow of National Academy of Science of Kazakhstan
- Son YOUNG - HOON** – Hankuk University (South Korea), Professor, Ph.D
- William FIERMAN** – University of Indiana (USA), Professor, Ph.D
- Uyama TOMOHIKO** – Hokkaido University, Slavic Research Center (Japan), Professor, Ph.D
- Uli SCHAMILOGLU** – University of Wisconsin-Madison (USA), Director of Central Asian Studies Program, Professor, Ph.D

ҒТАМР
06.71.47

Индира Елеусізова¹, Дана Тұрлыбек²

¹Қазақстан Республикасының Заңнама институты
(Астана қ., Қазақстан)

²Қазақстан Республикасының Заңнама институты
(Астана қ., Қазақстан)

ТӨРЕЛІК – ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда төрелік сияқты дауларды шешудің баламалы әдісі дамуының кейбір мәселелері қарастырылған. Атап айтқанда, бұл саладағы заңнаманы жетілдіруге және төреліктің қызметін кеңінен танытуға бағытталған «Төрелік туралы» Заңның қабылдануы аясында ҚР-ның заңнамасы бойынша төрелікті құқықтық реттеудің жаңа жолдарына талдау жасалған.

Түйінді сөздер: төрелік, дауларды тиімді шешу, бірыңғай институт, квазимемлекеттік сектор субъектілері, төрелік шешім, қайта қарау, Қазақстанның Төрелік палатасы, «бір терезе» қағидаты.

Индира Елеусізова, Дана Тұрлыбек АРБИТРАЖ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ СПОСОБ РАЗРЕШЕ- НИЯ СПОРОВ

Аннотация. В статье рассмотрены некоторые вопросы развития в Казахстане такого альтернативного способа разрешения споров, как арбитраж. В частности, проанализированы новые подходы к правовому регулированию арбитража по законодательству РК в свете принятия Закона «Об арбитраже», направленного на совершенствование законодательства в данной сфере и популяризацию деятельности арбитража.

Ключевые слова: арбитраж, эффективное разрешение споров, единый институт, субъекты квазигосударственного сектора, арбитражное решение, пересмотр, Арбитражная палата Казахстана, принцип «одного окна».

Indira Yeleussizova, Dana Turlybek
**ARBITRATION AS AN EFFECTIVE WAY DISPUTES
 RESOLUTION**

Abstract. The article discusses arbitration as an alternative method of dispute resolution in contemporary Kazakhstan. In particular, it puts arbitration in the in the context of the new approaches to the legal regulation in Kazakhstan and recent development of its legislation. The particular emphasis is made on the analysis of the newly adopted Law “On Arbitration” that is aimed at improving the legal framework for arbitration and promotion of the arbitration activities.

Keywords: *arbitration, effective dispute resolution, single institution, subjects of quasi-public sector, award, revision, the Arbitration Chamber of Kazakhstan, the principle of “one window”.*

Кіріспе. Төрелік – тараптардың даулы мәселелерді өзара қолайлы жағдайда тез әрі оңтайлы шешу тәсілі.

Төрелік түріндегі дауларды сотсыз шешудің мынадай артықшылықтары бар: тараптардың төрешілерді өздері тағайындау мүмкіндігі; төрелік талқылаудың тәртібі мен шарттары мәселелерін шешуде тараптар еркіннің дербестігі; іс-шаралардың икемділігі мен жеңілдігі, даулардың тез шешілуі; талқылаудың құпиялылығы мен төрелік келісімнің дербестігі; төрелік келісімнің түпкіліктілігі мен міндеттілігі, оны мәжбүрлі орындатуға кепілдігі.

Қазақстан аумағындағы инвестициялық қызметтің тиімділігі үшін жалпы қабылданған халықаралық стандарттар негізінде жұмыс істейтін отандық төреліктің толыққанды жұмыс істеуі қажет.

Мақсаты. Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» заңнамасына талдамалық шолу жасау, төмендегілерге бағытталған осы саладағы негізгі жетістіктерге тоқталу:

- қолданыстағы төрелік жүйесін нығайту;
- халықаралық стандарттарға сәйкес төрешілердің тиімді қызметіне қолайлы жағдай жасау;
- осы сала бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасындағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою;
- құзыретті соттардың (мемлекеттік) жүктемесін азайту;
- дауларды баламалы реттеу механизмдерін жетілдіру;
- төреліктің мәртебесі мен беделін нығайту;

- Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі және Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингілерінде Қазақстанның позициясын көтеру.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді шешу үшін еңбекте ақпараттық талдаудың тарихи, салыстырмалы, жүйелі және ақпараттық-талдамалық талдаулар сияқты ғылыми әдістер қолданылды.

Нәтижелері. Елімізде тұрақты негізде Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингісі, атап айтсақ, «Даулы мәселелерді шешуде заңнаманың тиімділігі» индикаторы бойынша Қазақстанның позициясын жақсарту жұмыстары жүргізіліп келеді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы аралық соттар мен төрешілердің шешімдеріне шағым түсіруге және оны орындауға қатысты істер мен материалдарды қарастырудың сот тәжірибесіне талдау негізінен аралық соттар шешімдерінің күшін жою бойынша келіп түскен талап арыздарды соттардың қанағаттандыратынын (99%-дан астамы) көрсетті. Бұл өз кезегінде аталған институт шешімдерінің сапасы орташа дәрежеде екендігін дәлелдейді.

Мәселен, 2013 жылғы статистика мәліметтеріне сүйенсек, облыс соттары аталған санаттағы барлығы 182 істі аяқтаған, оның 91%-ы немесе 165 іс аралық соттар шешімдерінің күшін жою жөніндегі талап арыздарды қанағаттандырған.

2014 жылғы 11 ай ішінде қарастырылған істердің саны 139 өтінішті құрады, оның 91%-ы немесе 126-сы көрсетілген шешімдердің күшін жою жөніндегі талап арыздарды қанағаттандырумен шешілді.

Осыған орай облыс соттарының мәліметтері бойынша 2013 жылы аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату жөнінде 15 776 өтініш келіп түскен, оның 15 698-і немесе 99,5%-ы қанағаттандырылды.

2014 жылғы 11 ай ішінде осындай 16 466 өтініш келіп түскен, яғни алдыңғы жылмен салыстырғанда олардың өсімі байқалады. 16 406 арыз немесе 99,6%-ы қанағаттандырылды.

2013 жылы төрешілердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату жөнінде 19 өтініш түскен, оның 11-і немесе 57,9%-ы қанағаттандырылды, 2014 жылғы 11 ай ішінде 42 өтініш түссе, оның 28-і немесе 66,7%-ы қанағаттандырылды [1].

Осыған байланысты аралық соттар мен төрешілер шешімдері бойынша атқарушы парақтарды беру туралы өтініштердің басым бөлігі қанағаттандырылған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде төреліктегі даулардың оңтайлы шешілуін арттыру үшін елімізде «Төрелік туралы» Заң (бұдан әрі – Заң) қабылданды [2]. Бұл заң жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес төрелікті дамытуға бағытталған.

2014 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті бесінші шақырылымы төртінші сессиясының ашылуында Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаев төрелік туралы бірыңғай заң әзірлеу жөнінде тапсырма берген болатын.

Ведомстволық бағыныстылық даулардың қандай да бір шектеусіз бір акт шеңберінде төреліктің қызметін реттейтін мұндай әдіс-тәсілдер алыс шет елдердің заңнама тәжірибесінде де кездеседі. Десек те жақын шет елдер мен ТМД елдерінің жекелеген заңнама актілерінде төрелік және аралық соттардың қызметі нормативтік актілермен реттеледі.

Қазақстанға қатысты заң нормалары көрсеткендей, халықаралық элементтің болуына қарамастан, дауларды қарастыратын бірыңғай институт ретінде төреліктің қызметін құқықтық реттеу тәсілі таңдалған. Бұған қоса, Заңда төреліктің ережелері аралық соттардың шектеулерін алу арқылы теңестірілген.

Мәселен, ҚР-ның «Аралық соттар туралы» Заңында (күшін жойған) қарастырылған аралық сот шешімінің күшін жоюдың негіздемесі ретінде заңдылық қағидаты алынып тасталды.

Аталған қағидатқа сәйкес олардың заңдылығы тұрғысынан құзыретті сотқа аралық соттың шешімдерін қайта қарау жөнінде өкілеттіліктер берілді.

Мұндай тәжірибе халықаралық стандарттарға қайшы келеді. Мәселен, 1958 жылы Нью-Йорк қаласында жасалған шетелдік төрелік шешімдерді тану және атқару туралы [3], сондай-ақ 1961 жылғы Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропа Конвенцияларына [4] сәйкес төреліктің шешімдері түпкілікті болып табылады және мемлекеттік соттардың іс жүзінде мұндай шешімдерді қайта қарау міндетіне кірмейді.

Осыған орай төреліктің шешімі бұқаралық тәртіпте (аталған шешімді тану және жүзеге асыруды мойындайтын елдің құқықтық жүйесіндегі негізгі қағидаттарымен) даулар мен қайшылықтарды қарастырудың процессуалдық тәртібін сақтамау себебінен күшін жоюы мүмкін.

Сонымен қатар көпдеңгейлі қайта қарайтын мемлекеттік соттардың шешімдерінен гөрі төреліктің шешімдері құқықтық анықтылық тұрғысынан әлдеқайда тұрақты.

Осыған байланысты заңда төрелікке дауларды шешудің тәуелсіз, дербес институты мәртебесі берілген, олардың шешімі іс жүзінде қандай да бір жоғары тұрған инстанциялардың қайта қарауына жатпайды.

Сонымен бірге Заңда қайта ашылған жағдайда төрелік шешімді қайта қарау мүмкіндігі қарастырылған.

Аталған механизм новелла болып табылмайтынын айта кету керек, күші жойылған ҚР-ның «Аралық соттар туралы» Заңында мұндай тәртіп болған.

Жаңа ашылған мән-жайлар бойынша төрелік шешімдерін қайта қарау күшіне енген сот үкімімен куәгердің көрінеу жалған жауаптары, іске қатысушы басқа адамдардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық әрекеттері, Конституциялық кеңес конституциялық емес деп таныған заңдар негізінде төрелік шешімдер қабылданған жағдайда тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қосымша механизмін орындайды.

Осыған орай заңды күшіне енген сот үкімімен анықталған қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың нәтижесінде төрелік шешімнің шығарылу жағдайында, сондай-ақ шешімді орындау Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келген жағдайда сот аталған шешімді танудан және (немесе) орындаудан бас тартады [2].

Осыған байланысты істі қайта қарау институтының болмауы жоғарыда аталғандар болған жағдайда төрелік шешімдерінің орындалмау фактілеріне әкелуі мүмкін.

Заң новелласының бірі ретінде тараптардың бірі Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары болып табылатын, төрелікте қарастырылатын даулар бойынша мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін белгіленген шектеулердің алынғанын айта кету керек.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, қазыналық кәсіпорын мен мемлекеттік мекеменің қаражаты жеткіліксіз болған кезде, олардың міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады [5].

Осыған байланысты жоғарыда аталған субъектілерге қатысты дау-дамайлар мемлекеттік мүліктің негізсіз шығындарына әкеліп, соған сәйкес өкілетті органдардың бюджет қаражатының жұмсалудың қадағалауды талап етеді.

Занда қарастырылған механизмді пайдаланған кезде аталған жайттарға жол берілмейді. Мәселен, Заң арқылы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері екінші тарап Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын дауларға төрелікке қатысу үшін тиісті саланың уәкілетті органының (республикалық мүлікке қатысты) немесе жергілікті атқарушы органның (коммуналдық мүлікке қатысты) келісімі талап етіледі.

Осыған орай келісім алу сауалында төрелік талқылауға кететін болжамды сома көрсетілуі тиіс. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы сұратуды қарастыру кезінде экономикалық қауіпсіздік пен мемлекеттік мүддені ескеруі қажет. Бұл аталған субъектілердің қатысуымен дау-дамайларды төрелікте шешу кезінде мемлекеттік құралдарды негізсіз шығындаудың алдын алуға бағытталған.

Жоғарыда айтылғандармен қоса, Занда төрелік институттың дамуы мен дауларды объективті шешуді қамтамасыз ететін оң механизмдер де көрініс тапқан.

Біріншіден, төрелік іс қараудың диспозициялық ережелері кеңейтілді. Оған сәйкес тараптардың келісімі мен тұрақты жұмыс істейтін төрелік регламенті қарастырылмаған жағдайда заңның тиісті нормалары қолданылады. Іс қарау ережелері тараптар жасасқан келісім шарттармен және тараптар жүгінген тұрақты жұмыс істейтін төрелік регламентінің ережелерімен айқындалады.

Екіншіден, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие табиғи монополиялар мен субъектілердің, оларға еншілес және тәуелді ұйымдардың, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төрешілерді оқытуына тыйым салынған.

Бұл норма осы субъектілердің үлестес тұлғалары болып табылатын ірі компаниялардың дауды төрелікте талқылап, шешу барысында өз ұсыныстарын таңбауына мүмкіндік береді.

Сонымен бірге бұл банктік қызмет көрсетудің барлық шарттары бойынша дауларды өз төрелігіне беру шарттарын белгілеу құқығымен банктердің тигізетін зиянын болдырмауға көмектеседі. Бұл жағдайда даулар банктер пайдасына шешілуі мүмкін.

Үшіншіден, Қазақстанның Төрелік палатасын құру және оның жұмысы арқылы төрелік институттардың қызметін ілгерілету және насихаттау саясатын тиімді жүзеге асыру үшін құқықтық негіз қаланды.

Шет елдердің үздік тәжірибесі төрешілердің қызметін жүзеге асыру, ынталандыру және қолдау бойынша Бірыңғай төрелік палата қолайлы жағдай жасап отырғандығын көрсетті.

Мәселен, Еуропаның төрелік палатасын Бельгия, Франция, Украинаның төрешілері мен төрелік мекемелері құрды. Аталған палатаның мүшелері АҚШ, Канада, Еуропалық Одақ және Азия елдерінің жеке және заңды тұлғалары саналады. Төрелік қауымдастықтар Ресей Федерациясы мен Украинада да бар.

Еліміз де осыған ұқсас ұйымды құруды көздеп отыр. Бұл ретте Төрелік институтын дамытудың үлкен маңызы бар, Палатаға төрешілер мен тұрақты жұмыс істейтін төреліктер қызметін ұсыну, олардың мүдделерін қорғау және төрешілер тізбесін жүргізу міндеттері жүктеледі.

Бүгінгі күні Қазақстанда Төреліктің қызметі жөнінде статистика жүргізудің бірыңғай орталығы болмағандықтан, төрелік мекемелер есепке алынбай отыр. Төрешілер тізбесін жүргізу міндеті осыдан туындап отыр. Бүгінде олардың нақты саны жөнінде ресми мәліметтер жоқ.

Сот органдары төрелік шешімдерді тану және мәжбүрлеп орындату, сондай-ақ шешімнің күшін жою туралы өтініштерді қарау кезінде жекелеген статистикалық есептерді жүргізеді. Мәселен, Жоғарғы соттың талдауына сәйкес, бүгінде аралық соттарды қоса алғанда, 20-дан астам төрелік мекеме жұмыс істейді. Олардың қатарында Қазақстанның халықаралық төрелігі, «IUS» халықаралық аралық соты және ҚР-ның Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы Төрелік және аралық іс қарау орталығы бар.

Бірақ қолданыстағы ақпарат төрелік мекемелердің жалпы саны мен олардың даму қарқынын анықтауға мүмкіндік бермей отыр.

Сонымен бірге Төрелік палата туралы заңда тараптардың төреліктің шешіміне келіспеушілігі туындаған жағдайда төрешілерді (төрешіні) тағайындау және олардың өкілеттігін тоқтату міндеттері соттың міндетіне берілген.

Бұл ереже дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде төреліктің қызметін күшейтуге және мемлекеттік соттардың жүктемесін азайтуға бағытталған.

Осыған орай заңда талап арызды қамтамасыз ету, айғақтарды алуға қолдау көрсету, төрелік шешімдердің күшін жою, сондай-ақ оларды тану және мәжбүрлеп орындату бөлігінде соттың төрелік іс қарауға қатысуы шектелген.

Төртіншіден, тараптарға «бір терезе» қағидаты бойынша медиация тәртібінде төрелік талқылаулар кезіндегі дауларды реттеу мүмкіндігі берілген.

Бұл қағидат Сингапур халықаралық медиация орталығында да жүзеге асады. «Бір терезе» қағидаты дегеніміз – төреліктен істі медиация тәртібінде қарауға беру мүмкіндігі және төрешілердің осы дауларды реттеу туралы келісімі.

Осы қағидатты жүргізу медиация мен төреліктің құқықтық табиғатындағы келесі ерекшеліктермен байланысты.

Жоғарыда айтылғандай, төреліктің шешімі түпкілікті, тараптардың әрқайсысына міндетті саналады және төреліктің шешімін орындамаған жағдайда мәжбүрлеп орындату қарастырылады.

Өз кезегінде медиация тәртібінде дауларды реттеу жөніндегі келісімдерді тараптар ерікті түрде орындайды, оны орындаудан бас тартқан жағдайда жеңілдетілген жазбаша өндіріс тәртібінде қарастырылуы тиіс.

Төрешілер мен медиаторларға қойылатын біліктілік талаптарында өзгешеліктер болуы мүмкін.

Мәселен, кәсіби медиаторлардың төрешілерге қарастырылмаған медиаторларды дайындау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын құжаты (сертификаты) болуы керек.

Сонымен бірге төреші ұсынылған дәлелдемелер негізінде дауды тараптардың бірінің пайдасына шешсе, ал медиацияның мақсаты тараптардың өзара қолайлы шешімге келуін және шиеленіс деңгейін төмендетуді көздейді.

Осыған орай көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда медиатор медиацияны өткізуден бас тартуға құқылы.

Тараптардың төрелік талқылауға кеткен шығындары медиация тәртібінде өтеусіз негізде жүргізілетін іс қарауға кеткен шығындардан бірнеше есе көп болуы мүмкін.

Осыған байланысты көрсетілген институттардың артықшылықтарын бір уақытта оңтайлы қолдану үшін Заңда «бір терезе» қағидаты белгіленген. Онда тараптар дауды төрелік талқылау барысында медиация тәртібімен реттей алады және төрелік шешім арқылы олардың өзара қол жеткізген келісімі міндетті деп танылады.

Бесіншіден, қолданысқа енгізілмес бұрын аралық соттар шешімдерінің күшін жою және оларды орындау тәртібін анықтау мақсатында 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процесстік кодекске

(бұдан әрі – АПК) тиісті ауыспалы ереже енгізілді [6]. Оның ішінде көрсетілген шешімдер төрелік шешімдерде қарастырылған тәртіпте мәжбүрлеп орындалуы мүмкін (АПК, 20-тарау). Аралық соттар шешімдерінің күшін жою жөніндегі өтініш төрелік шешімдердің күшін жою жөніндегі өндіріс тәртібінде қарастырылады (АПК, 56-тарау) [7].

1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық процестік кодексте аралық соттар (18-тарау) мен төрешілердің (425-1, 425-2, 425-3) шешімдерін мәжбүрлеп орындату қарастырылған [8].

Бұл орайда төрелік резидент еместердің қатысуымен болған дауларды шешетін халықаралық төрелік ретінде қарастырылады және оның қызметі күші жойылған ҚР-ның «Халықаралық төрелік туралы» Заңымен реттелді.

Өз кезегінде ҚР-ның жеке және (немесе) заңды тұлғалары арасындағы дауларды аралық соттарға бағынысты мекемелер шешеді.

Қолданыстағы АПК резиденттердің (20, 56-тарау), сондай-ақ резидент еместердің (501-504-баптар) қатысуымен болған дауларды қарайтын төреліктердің төрелік шешімдерінің күшін жою және орындауды қарастырады [7].

Осыған байланысты тараптар «Төрелік туралы» Заң заңды күшіне енгенге дейін, шығарылған халықаралық төреліктердің шешімдері бойынша атқару парағын беру не оны беруден бас тарту жөніндегі өтініштермен жүгінген кезде бірінші сатыдағы сот АПК-нің 57-тарауын («Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу») басшылыққа алуы тиіс.

Бұған қоса, «Төрелік туралы» Заң күшіне енгенге дейін жасалған аралық келісімдер мен халықаралық төрелікке дауды беру жөніндегі келісім қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асуы тиіс.

Мәселен, ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңы 1-бабының тармақшасына сәйкес нормативтік құқықтық акті қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға таралмайды [9].

Шарт қатынастарына қатысты ҚР Азаматтық кодексінің 383-бабының 2-тармақшасына сәйкес, шарт жасалғаннан кейін шарт жасалған кезде қолданылып жүрген ережелерден өзгеше, тараптар үшін міндетті ережелер заңдармен белгіленген болса, жасалған шарттың ережелері заңнама актілерінде белгіленгендегіден басқа жағдайларда, өз күшін сақтайды [10].

Аралық келісімдер мен халықаралық төрелікке дауды беру жөніндегі келісімдер азаматтық-құқықтық шарттар болып

табылатындықтан және заңда басқа жағдай көзделмегендіктен, төрелік талқылау заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Сондай-ақ заңда халықаралық төреліктер мен аралық соттар осы заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде өздерінің ережелеріне, қаулылары немесе регламенттеріне тиісті өзгерістер енгізу міндеттелген.

Заңда төрелік қараудың диспозитивтік ережесі белгіленгендіктен, басталған талқылаулар тараптар келісімінің шарттары мен тұрақты жұмыс істейтін төрелік регламенттерінің ережелерін ескере отырып, аяқталуы мүмкін.

Алтыншыдан, адвокаттарға ҚР «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 15-бабы 5-тармағына сәйкес тыйым салынып келген төреші қызмет атқару мүмкіндігі берілген [11].

Бұл тыйым адвокаттардың жоғары заң білімі мен кәсіби біліктілігінің болуына, сондай-ақ өз кәсіби қызметінде дауларды шешуге белсенді қатысуына байланысты алынып тасталды.

Нәтижелерді талқылау. Тәуелсіздікке дейін Қазақстанда төрелік сияқты институт болған емес,

Алғашқы аралық соттар (төрелік) 1993 жылы құрылды: Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы Төрелік комиссиясы және «JUS» Заң орталығы жанындағы Халықаралық аралық сот.

Қазақстандағы Төрелік туралы заңнаманың дамуы үш кезеңді қамтиды [12]:

1) 1993–1999 жж. – төреліктің қалыптасу кезеңі, осы жылдар ішінде олардың қызметі:

- 1993 жылғы 4 мамырдағы ҚР-ның Кабинет министрлерінің қаулысымен бекітілген Аралық сот туралы типтік ережелермен;

- 1996 жылғы 11 сәуірдегі ҚР Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы Төрелік комиссия туралы ережелермен, комиссия жұмысының регламентімен және ҚР Сауда-өнеркәсіп палатасы Президиумының қаулысымен бекітілген төрелік өндірістің шығындары туралы ережелермен регламенттелді.

2) 1999–2004 жж. – төрешілер мен аралық соттарды тоқтату кезеңі.

1999 жылы Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексін қабылдаған кезде, аралық соттар мен төрешілердің шешімдерін мемлекеттік соттарды мәжбүрлеп орындатуды қарастыратын норма жоқ болатын.

Осыған байланысты 2001 жылы ҚР Жоғарғы соты № 14 нормативтік қаулы қабылдады, онда соттарға аралық сот шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы түсінікті қабылдауды міндеттеді.

Бірақ аталған қаулының күші көп ұзамай тоқтатылды.

3) 2005 жылдан қазіргі уақытқа дейін төрелікті жаңғырту кезеңі. Бұл кезеңде «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы», «Аралық соттар туралы» Заңдар қабылданды, сондай-ақ көрсетілген актілер ережелері жинақталған «Төрелік туралы» жаңа заң талқыланды.

Қорытынды. «Төрелік туралы» Заң даулы мәселелерді шешуде заңнаманың тиімділігін арттыруға бағытталған. Ал бұл халықаралық аренада елдің оң имиджін қалыптастыруға және қолайлы инвестициялық климат құруға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Анализ судебной практики рассмотрения дел и материалов, связанных с обжалованием и исполнением решений третейских судов и арбитражей. – Верховный Суд РК, Астана, 2015 г.
2. Закон Республики Казахстан «Об арбитраже» от 8 апреля 2016 года №488-V // «Казахстанская правда» от 09.04.2016 года № 67 (28193) URL: <http://adilet.zan.kz>.
3. Указ Президента Республики Казахстан от 4 октября 1995 г. № 2485 «О присоединении Республики Казахстан к Конвенции о признании и приведении в исполнение иностранных арбитражных решений 1958 года» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». URL: <http://adilet.zan.kz>.
4. Указ Президента Республики Казахстан от 4 октября 1995 г. № 2484 «О присоединении Республики Казахстан к Европейской Конвенции о внешнеторговом арбитраже 1961 года» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет». URL: <http://adilet.zan.kz>.
5. Закон Республики Казахстан от 1 марта 2011 года № 413-IV «О государственном имуществе» // Ведомости Парламента РК, 2011 г., № 5 (2582), ст. 42. URL: <http://adilet.zan.kz>.
6. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам арбитража» от 8 апреля 2016 года № 489-V // «Казахстанская правда» от 09.04.2016 года № 67 (28193). URL: <http://adilet.zan.kz>.

7. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V ЗПК // Ведомости Парламента РК 2015 г., № 20-VI, ст. 114. URL: <http://adilet.zan.kz>.
8. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан от 13 июля 1999 года № 411. Утратил силу Кодексом Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V ЗПК // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1999 г., № 18, ст. 644. URL: <http://adilet.zan.kz>.
9. Закон Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года № 480-V «О правовых актах» // «Казахстанская правда» от 09.04.2016 года № 66 (28192). URL: <http://adilet.zan.kz>.
10. Гражданский кодекс Республики Казахстан, введённый в действие постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года // Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан, 1994 г., № 23-24 (приложение). URL: <http://adilet.zan.kz>.
11. Закон Республики Казахстан от 5 декабря 1997 года № 195 «Об адвокатской деятельности» // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1997 г., № 22, ст. 328. URL: <http://adilet.zan.kz>;
12. Сулейменов М.К., Дуйсенова А. Развитие арбитража и медиации в Казахстане. URL: <http://www.arbitrage.kz>.

FTAMP

06.77.97

Мәншүк Кәрімова¹, Нәйла Әлмұхамедова²

*¹Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты
(Астана қ, Қазақстан)*

*²Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты
(Астана қ, Қазақстан)*

ЖЕР МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ШКІРТАЛАСТАР: ХРОНОЛОГИЯСЫ, МАЗМҰНЫ, ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қоғамның наразылығын туғызған қолданыстағы заң нормаларын жетілдіру мақсатында құрылған Жер реформасы жөніндегі комиссияның жұмысына шолу жасалады. Атап айтсақ, Астана қаласында және республика аймақтарында халықтың қатысуымен өткен комиссия отырыстарының жұмыстарына ерекше назар аударылады. Сонымен қатар мақалада Жер комиссиясының нақты ұсыныстары келтірілген. Мақаланың соңында Комиссия жұмысына баға беріліп, қорытынды шығарылады.

Түйінді сөздер: *Жер реформасы жөніндегі комиссия, жер заңнамасы, ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер, жер жалгерлігі, жерді тиімді пайдалану, мораторий.*

Маншук Каримова, Найла Альмухамедова ЗЕМЕЛЬНАЯ ДИСКУССИЯ: ХРОНОЛОГИЯ, СОДЕРЖАНИЕ, ИТОГИ

Аннотация. В статье проводится обзор работы Комиссии по земельной реформе, сформированной в целях рассмотрения и выработки предложений по совершенствованию норм земельного законодательства, вызвавших недовольство в обществе весной 2016 г. Основное внимание уделяется проведенным заседаниям в г. Астане и выездным встречам членов Комиссии по земельной реформе с населением в регионах РК. В статье также приведены ключевые положения предложений Комиссии по земельной реформе. В конце статьи проводится оценка работы Комиссии по земельной реформе и подводятся итоги.

Ключевые слова: Комиссия по земельной реформе, земельное законодательство, земли сельскохозяйственного назначения, аренда земли, рациональное использование земель, мораторий.

Manshuk Karimova, Nailya Almukhamedova
DISCUSSION LAND REFORM: CHRONOLOGY, CONTENT, CONCLUSIONS

Abstract. The article provides an overview of the work of the Land Reform Commission formed to review and recommend on improving the land legislation and the vigorous public debate and discontent it caused the in Spring 2016. The article focuses on rallies held in Astana and the off-site meetings of the Land Reform Commission members with the people living in the regions of Kazakhstan. The article, then, identifies the key provisions of the proposals made by the Land Reform Commission. Finally, the authors provide an assessment of the work of the Land Reform Commission and makes a number of conclusions.

Keywords: Land Reform Commission, land legislation, agricultural land, land lease, rational use of land, moratorium.

1. Жер реформасы жөніндегі комиссияның құрылуы

2016 жылдың көктемінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру шеңберінде Жер кодексіндегі өзгерістер қоғамда үлкен дау тудырды. Оған уәкілетті органдар тарапынан ақпараттық түсіндіру жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмеуі де өз әсерін тигізді. Соның салдарынан жерді сатуға қарсы еліміздің кейбір облыстарында наразылық шаралары өтті.

Осы жағдайларды ескере отырып, Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев 2016 жылдың 5 мамыр күні кеңейтілген отырыс өткізді. Кеңесте ҚР-ның Ұлттық экономика және ҚР Ауылшаруашылық министрліктерінің жұмыстары сынға алынды. Нәтижесінде аталған министрлік басшылары отставкаға кетті. Отырыс қорытындысы бойынша Елбасы халық наразылығын тудырған Жер кодексінің кейбір нормаларына 2017 жылға дейін мораторий жариялады. Бұл шешім қоғамның кең қолдауына ие болды.

2016 жылдың мамыр айында уақытша мораторий жарияланған соң, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша

Жер реформасы жөніндегі комиссия құрылды. Оның құрамына 75 адам мүше болды. Комиссия құрамына қоғам белсенділері енгенін атап өткен жөн. Олардың қатарында Болатхан Тайжан қорының президенті Мұхтар Тайжан, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының төрағасы Жармахан Тұяқбай, «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Досмұханбет Көшімов, саясаткер Айдос Сарым және тағы да басқа азаматтар бар. Сондай-ақ комиссия құрамына қос палаталы Парламент депутаттары, Үкімет, мемлекеттік органдар мен саяси партиялардың мүшелері, ауыл шаруашылығы саласындағы қызметкерлер мен ғалымдар енді. Комиссия жұмысы барысында жұртшылықты барынша кеңірек қамту мақсатында барлық өңір жұмылдырды. Сондай-ақ Комиссия жұмысына қолдау көрсетіп, халықпен кері байланыс орнату үшін ҚР-ның Ауылшаруашылығы министрлігі арнайы Хатшылық пен Комиссия штабын ұйымдастырды.

Осы жылдың 15 тамызына дейінгі жағдай бойынша комиссия Астана қаласында 5 отырыс, еліміздің басқа облыстарында жергілікті халықтың қатысуымен 4 көшпелі отырыс өткізді (1-сурет, 1-кесте). Комиссия жұмысының негізгі міндеті – жерге қатысты мәселелерді қоғаммен жан-жақты талқылау арқылы жер заңнамасы нормаларын жетілдіру (экономикалық, құқықтық, ақпараттық-түсіндіру және шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету жұмыс топтарының әзірлеген ұсыныстарымен).

Жер комиссиясының Астана қаласында өткен отырыстары

| | | | |
|----------------------|----------------------|----------------------|---------------------|
| 2016 ж., 14 мамыр | 2016 ж., 21 мамыр | 2016 ж., 28 мамыр | 2016 ж., 9 шілде |
| • Астана | • Астана | • Астана | • Астана |
| 2016 ж., 13 тамыз | | | |
| • Астана | | | |

Жер комиссиясының өңірлерде өткен көшпелі отырыстары

| | | | |
|----------------------|-----------------------|-----------------------|----------------------|
| 2016 ж., 3 маусым | 2016 ж., 18 маусым | 2016 ж., 2 шілде | 2016 ж., 23 шілде |
| • Ақмола облысы | • Алматы облысы | • Қызылорда облысы | • Атырау облысы |

1-сурет. Жер комиссиясының Астанада және аймақтарда өткізген отырыстары

1-кесте. Комиссияның жер реформасына қатысты 2016 жылдың мамыр-тамыз аралығында өткізген іс-шаралар хронологиясы

| № | Өткізілген күні | Өткізілген орны | Өту форматы |
|---|-----------------|------------------|--|
| 1 | 14 мамыр | Астана қ. | Жер реформасы жөніндегі комиссия отырысы |
| 2 | 21 мамыр | Астана қ. | Жер реформасы жөніндегі комиссия отырысы |
| 3 | 28 мамыр | Астана қ. | Жер реформасы жөніндегі комиссия отырысы |
| 4 | 3 маусым | Ақмола облысы | Комиссия мүшелерінің өңір тұрғындарымен кездесуі |
| 5 | 18 маусым | Алматы облысы | Комиссия мүшелерінің өңір тұрғындарымен кездесуі |
| 6 | 2 шілде | Қызылорда облысы | Комиссия мүшелерінің өңір тұрғындарымен кездесуі |
| 7 | 9 шілде | Астана қ. | Жер реформасы жөніндегі комиссия отырысы |
| 8 | 23 шілде | Атырау облысы | Комиссия мүшелерінің өңір тұрғындарымен кездесуі |
| 9 | 13 тамыз | Астана қаласы | Жер реформасы жөніндегі комиссия отырысы |

Комиссия отырыстарында талқыланған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жұмыс топтарының жетекшілері топшілік 7 отырыс өткізді. Сондай-ақ пікірталас барысы туралы азаматтардың дұрыс ақпарат алуы үшін комиссия БАҚ режимінде ашық түрде жұмыс жүргізді.

Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында осы жылдың 14 мамырынан бастап барлық өңірлерде jertyraly.kz сайты мен Gall-орталық (1434) іске қосылды. 2016 жылдың 13 тамызына дейін Gall-орталығына келіп түскен (13 851 қоңырау) сұрақтар негізінен жер реформасы мен жеке тұрғын үй құрылысына қатысты болған.

Түсіндіру жұмыстарына көшпелі комиссия отырыстарынан бөлек, облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктер жанындағы барлық Қоғамдық кеңестер де іске тартылды. Мамыр-тамыз айларында халықтың 67 мың өкілінің қатысуымен мыңдаған кездесу өтті. Комиссия жұмысы мен өңірлердегі Қоғамдық кеңестердің белсенді атсалысуының арқасында жер мәселесіне қатысты сұрақтар ұлттық деңгейде жан-жақты талқыланды.



2-сурет. Жер комиссиясы жұмыс топтарының негізгі міндеттері

2. Жер реформасы бойынша Астана қаласында өткен комиссия отырыстары

Бірінші отырыс – 14.05.2016 ж. Алғашқы отырысқа комиссияның 70 мүшесі қатысты, жер мәселесі туралы 63 азаматтың пікірі тыңдалды. Отырыс барысында комиссия жұмысына да қатысты ұсыныстар айтылды. Комиссия жұмысының регламенті бекітілген соң, комиссия мүшелері отырысты апта сайын өткізу жөнінде ортақ шешімге келді. Сондай-ақ жұмыстың нәтижелі болуы үшін қатысушылар тарапынан бірнеше жұмыс тобын ұйымдастыру ұсынылды.

Отырыс соңында ҚР-ның Ауылшаруашылығы министрлігі стенограмма негізінде барлық қатысушылардың жер мәселесіне қатысты талап-тілектері мен ұсыныстарын талдады. Министрліктің мәліметі бойынша жер реформасын сөз сөйлегендердің 40%-ы қолдап, 19%-ы қарсы шықса, қалған 21%-ы пікір білдірмеген.

Екінші отырыс – 21.05.2016 ж. Жер реформасы комиссиясы екінші отырысының тақырыбы Қазақстан азаматтарына ауылшаруашылық жерлерін сату мен жалға беру туралы болды. Сонымен қатар отырыс барысында 4 жұмыс тобының жетекшілері сайланды. Экономикалық мәселелер бойынша жұмыс тобының жетекшісі болып Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев тағайындалды. Бұл топтың құрамына комиссияның 26 мүшесі кірді. Құқықтық топты Мұхтар Тайжан басқарды. Оның құрамында 14 адам болды. 16 адамнан тұратын ақпараттық-түсіндіру тобының жетекшісі болып Мұрат Әбенев сайланды. Комиссияның қалған мүшелері (16 адам) іс-шаралардың ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз ететін топқа мүше болды. Аталған топты «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Дос Көшімов басқарды.

Отырыс барысында комиссия мүшелерінің дені ҚР-ның азаматтарына ауылшаруашылық жерлерін сатуды қолдаса, екінші бір бөлігі жерді жалға беру институтының сақталуына қатысты өз пікірлерін білдірді. Сонымен қатар отырыста комиссия мүшелері жерді ұтымды пайдалану, ауылшаруашылық жерлерінің жоғары шекті мөлшерін белгілеу және жердің кадастрлық бағасының жаңа әдістерін қолдану мәселелерін көтерді. Халықтың пікірін ескере отырып, нақты ұсыныстар әзірлеу үшін комиссия мүшелері басқа да өңірлерге шығу туралы шешім қабылдады.

Үшінші отырыс – 28.05.2016 ж. Комиссия жұмысына 62 адам қатысты. Отырыс барысында ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді шетелдік азаматтар мен шетелдік заңды тұлғаларға жалға беру, сондай-ақ шет елдің үлесі бар бірлескен кәсіпорындарға жерді сату мәселелері көтерілді. Отырыстың негізгі тақырыбына көшпес бұрын, Комиссия төрағасы Б. Сағынтаев жұмыс топтарының жетекшілеріне осыған дейінгі өткен отырыстарға қорытынды жасауды ұсынды.

Экономикалық топтың жетекшісі А. Күрішбаев ауыл халқына ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді беру жөнінде ұсыныс білдірсе, Құқықтық топтың жетекшісі М. Тайжан Қытайдың

трансұлттық компанияларымен ынтымақтастық туралы бірлескен миллиондық келісімдерге қол қойылу себебін түсіндіруді сұрады. Бұдан бөлек, осы жылдың 21 мамырында елдің кейбір қалаларында ұсталған азаматтарды босатуды және оларды қылмыстық жауапқа тартпау мәселесін көтерді. Ақпараттық түсіндіру тобының жетекшісі М. Әбенов жер мәселесіне қатысты бірыңғай ортақ база қалыптастыру идеясымен бөлісті. Ал шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету тобының жетекшісі Д. Көшімов жер иелері жөніндегі мәліметтерді халыққа хабарлауды ұсынды.

Шетелдік азаматтарға жерді жалға беру мәселесінде комиссия мүшелерінің пікірі екіге бөлінді. Комиссияға қатысушылардың дені шет ел азаматтарына және шет елдің үлесі бар бірлескен кәсіпорындарға жерді жалға беру мәселесіне түбегейлі қарсылық білдірді. Ал агробизнес мүшелері болса, шет елге жерді жалға беруді қолдады. Олардың айтуынша, ауылшаруашылық саласына инвесторлар мен жаңа технология әкелудің бірден бір мүмкіндігі осы.

Төртінші отырыс – 09.07.2016 ж. Ауылшаруашылық жерлерінің шекті мөлшерін бекіту, халықтың қосалқы шаруашылықтары мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін жер учаскелерінің шекарасын белгілеуде қоғамдық бақылау жүргізу және т.б. отырыстың негізгі тақырыптары болды. Комиссия мүшелері ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің жоғары шекті мөлшерін белгілеуді ұсынды. Олардың пікірінше, бүгінгі күні ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің шекті мөлшерін белгілеу өзекті мәселе болып отыр. Сонымен қатар отырыста ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді 49 жылға жалға беру институтын сақтау мәселесі талқыланды. Комиссия штабының басшысы Е. Нысанбаев жалға берудің алғашқы 5 жылында жыл сайын мониторинг жасау арқылы жерді жалға беру институтын сақтау қажеттігін баса айтты. Ол үшін Жер кодексіне ауылшаруашылық жерлерін беру тәртібін регламенттейтін жеке бап енгізу керек.

Экономикалық топтың жетекшісі А. Күрішбаев жерді беру тәртібін бұзғандарды қатаң жазалауды, яғни елдің ұлттық мүдделеріне нұқсан келген жағдайда қатаң айыппұл санкцияларын белгілеуді ұсынды. Сонымен қатар ол жердің иелері, жалға алушылар және олардың қанша жері бар екендігі көрсетілген арнайы сайт жасалуы тиіс дегенді алға тартты.

Бесінші отырыс – 13.08.2016 ж. Отырыстың күн тәртібіне Жер реформасы жөніндегі комиссияның қызметі, жер заңнамасына қатысты

жұмыс топтарының ұсыныстары, сондай-ақ Жер кодексінің кейбір нормаларына 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін мораторийді ұзарту сияқты негізгі мәселелер қойылды.

Жер реформасы жөніндегі комиссияның төрағасы А. Мырзахметов негізгі ұсыныстарға тоқталып өтті:

- алғашқы 5 жылында жыл сайын мониторинг жасау арқылы ҚР-ның азаматтарына ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді 49 жылға жалға беру институтын сақтау;
- жердің тиімді пайдаланылуына бақылауды күшейту;
- ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді беруді регламенттейтін Ережелер бекіту;
- елді мекендер айналасындағы жайылымдық және шабындық жерлер аумағын анықтау;
- жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін мемлекет мұқтаждықтарына сатып алу мүмкіндігін беру.

Өткізілген отырыстар мен кездесулерде жинақталған ұсыныстар негізінде Комиссияның шешімі тұжырымдалды. Нәтижесінде ұсыныстарды ҚР-ның Парламентінің қарауына жіберу жөнінде шешім қабылданды, сондай-ақ Комиссия мүшелері ҚР-ның Президенті ұсыныстарды құптаған жағдайда Комиссияның жұмысын тоқтату мәселесін дауысқа салды.

3. Жер реформасы жөніндегі комиссияның көшпелі отырыстары

Ақмола облысында өткен көшпелі отырыс – 03.06.2016 ж. Мораторий жарияланған ҚР Жер кодексінің кейбір баптары талқылаудың негізгі бағыты болды. Комиссия жұмысына 250-ден астам азамат қатысты, селекторлық режимде облыстың барлық аудандары іске тартылды.

Отырысқа қатысқан Ақмола облысының өкілдері ҚР-ның Жер кодексіндегі өзгерістерге қатысты өз пікірлерімен бөлісіп, барлық толғандырған мәселелер бойынша жауап алды. Қойылған сұрақтардың дені ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді сату, шетелдік азаматтарға және шетелдік заңды тұлғаларға жерді жалға беру, әлеуметтік сала мәселелері, ауыл инфрақұрылымын дамыту және т.б. мәселелер болды.

Жер заңнамасын талқылау үшін облыста арнайы жұмыс тобы құрылды. Оның құрамында мемлекеттік орган өкілдері, облыстың

құрметті азаматтары, ірі ауылшаруашылық тауар өндірушілер мен қоғамдық бірлестіктер өкілдері, «Нұр Отан» партиясының мүшелері, мәслихат депутаттары, ғалымдар, еңбек ардагерлері, заңгерлер болды. Сондай-ақ облыс аудандарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында жұмыс тобының желілік іс-шаралар кестесі жасалды. 2016 жылдың 3 маусымдағы жағдайы бойынша жұмыс тобы үш отырыс өткізді, оның ішінде екеуі облыстық қоғамдық кеңес, жергілікті зиялы қауым, ауылшаруашылық тауар өндірушілер өкілдері, депутаттар, саяси партиялар мүшелері, қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтті. Сонымен қатар облыстың барлық аудандарында көшпелі семинар-отырыстар өткізілді.

2016 жылдың 14 маусым күні Үкімет отырысы барысында ҚР-ның Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов Жер комиссиясының жұмыстарын ҚР-ның Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметовке өткізуді тапсырды.

Алматы облысында өткен көшпелі отырыс – 18.06.2016 ж. Қоғам белсенділерінің қатысуымен өткен кезекті көшпелі Комиссия отырысы «Байсерке-Агро» холдингі базасында болды. Отырыс барысында Комиссия төрағасы Б. Сағынтаев Жер реформасы жөніндегі комиссияның жаңа төрағасы болып ҚР-ның Вице-премьері – ҚР-ның Ауылшаруашылық министрі А. Мырзахметов тағайындалғанын хабарлады.

Жұмыс барысында Алматы облысының аграрлық бизнес өкілдері ауылшаруашылық саласында жүрген азаматтардың барлығында дерлік жерді сатып алуға қаржысы жоқ дей келе, Қазақстан азаматтарына ауылшаруашылық жерлерін 49 жылға жалға беру мүмкіндігін ұсынды. Шетелдік азаматтардың және шетелдік заңды тұлғалардың жерді жалға алуы мәселесіне келсек, отырысқа қатысушылар жерді пайдалану мерзімін он жылға шектеп, ауылшаруашылық жерлерін сатуды заңнамамен тыйым салу жөнінде өз пікірлерін білдірді. Сонымен қатар облыс тұрғындары ауыл инфрақұрылымын дамыту, ауыл шаруашылығына инвестициялар тарту мәселелеріне тоқталды. Мұндай жағдайдан шығудың жолы ретінде арнайы агробанк құру туралы да ұсыныс айтылды.

Қызылорда облысында өткен көшпелі отырыс – 02.07.2016 ж. ҚР-ның Ауылшаруашылық министрі А. Мырзахметовтің төрағалығымен Комиссия мүшелерінің кезекті отырысы Қызылорда облысы Сырдария ауданы Н. Ілиясов атындағы ауылда өтті.

А. Мырзахметов осы күнге дейін өткен комиссия отырыстарының жұмысы жалпылама сипат алғанын, кешенді ұсыныстар мен ескертпелер айтылғанын, комиссияның бұдан кейінгі жұмысын басқаша форматта өткізу, дәлірек айтсақ, қолданыстағы заңның жекелеген баптарына өзгерістер енгізу мәселелеріне тоқталу керектігін баса айтты. Осыған байланысты Комиссия басшысының хатшысы Е.Нысанбаев арнайы баяндама оқып, талқылауға бірқатар ұсыныстар ұсынды:

- ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді 49 жылға дейін жалға беру институтын сақтау. Конкурс комиссиясының құрамына Қоғамдық кеңестер, бірлестіктер мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерін қосу;

- ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді жалға беру жөнінде конкурс ұйымдастыру және өткізу ережелерін әзірлеу. Ережеде конкурс бойынша әкімдіктердің іс-қимылдары нақтылануы, республикалық және облыстық БАҚ-тарда конкурстың басталуы туралы хабарландырулардың нақты мерзімі белгіленуі тиіс;

- жерді жалға берудің типтік шарттарын әзірлеу және бекіту. Онда жерді пайдаланушылардың міндеттері, жауапкершілігі мен құқықтары қарастырылуы тиіс;

- жер учаскелерін тиімді пайдалануға қатысты талаптарды күшейту. Атап айтсақ, өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға сәйкес жерді ұтымды пайдалану, жердің құнарлылығын сақтау, агротехникалық шаралар өткізу, орташа аудандық көрсеткіштен 85 пайыздан аспайтын ауылшаруашылық өнімділіктің орташа жылдық көрсеткішін алу, экологияға зардабын тигізбеу үшін жаңа технологиялар қолдану және инвестициялар тарту.

Комиссия жұмысында жердің жоғары шекті мөлшерін белгілеу және мемлекеттік шекараның қорғау аймағынан үш шақырым қашықтықта орналасқан жерлерді жекеменшікке беруге тыйым салу мәселелері де қарастырылды.

Атырау облысында өткен көшпелі отырыс – 23.07.2016 ж. Жиын А.Мырзахметовтің төрағалығымен Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өтті. Күн тәртібіне ҚР-ның азаматтарына жерді жалға беру институтын сақтау және жетілдіру, халықтың қажетін өтейтін жайылым жерлерді қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру мәселелері қойылды. Отырысқа қатысушылар қазақстандықтарға жерді жекеменшікке, сондай-ақ шетелдіктерге жалға беру мәселелері бойынша өз ойларымен бөлісті.

Отырыс барысында Комиссия жұмыс топтарының жетекшілері өз ұсыныстарын жеткізді. Мәселен, экономикалық топтың басшысы А.Күрішбаев ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді жалға беруді жетілдіру және оған мониторинг, яғни алғашқы 5 жыл ішінде жыл сайын мониторинг жүргізу қажеттігін айтып, Қоғамдық кеңестер мен бірлестіктер, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерінің қатысуымен жалға беру тәртібін арнайы белгілеуді ұсынды. Құқықтық топтың жетекшісі М.Тайжан өз баяндамасында жүргізілген жұмыс нәтижелеріне тоқталып, халық қажеттілігіне керек жайылым жерлерді анықтау мәселелерін кеңінен сөз етті.

Отырыс соңында Комиссия мүшелері ағымдағы барлық мәселелер мен ұсыныстар бойынша жалпы қорытынды шығару қажеттігін айтты. Аталған ұсыныстар 2016 жылдың 13 тамызында Комиссияның бесінші отырысында жарияланды.

4. Жер реформасы жөніндегі комиссияның нақты ұсыныстары

Бесінші отырыста Комиссия төрағасы А. Мырзахметов 2016 жылдың 13 тамыз күні 4 жұмыс тобының ұсынған талап-тілектері негізінде қолданыстағы заңның баптарына өзгерістер енгізуге қатысты нақты ұсыныстарды жеткізді. Айтылған ұсыныстар 6 негізгі бағыт бойынша топтастырылды:

1. Ауылшаруашылық жерлерін ҚР-ның жеке және заңды тұлғаларына жалға беру.

1.1. Ауылшаруашылық жерлерін ҚР-ның азаматтарына 49 жылға дейін жалға беру жүйесін сақтау.

1.2. Тұрақты мониторинг жасау арқылы жер пайдаланушылардың жерді ұтымды пайдалануына және өзіне берілген міндеттемелерді орындауына бақылауды күшейту. Жалға алудың алғашқы 5 жылында мониторинг әр жыл сайын, ал кейінгі жылдары суармалы жерлерге әр 3 жыл сайын, қолдан суарылмаған жерлерге әр 5 жыл сайын жүргізілуі тиіс.

1.3. ҚР Жер кодексінің 43-бабына жаңа тармақ қосу, яғни бұл жер учаскесін алуға мүдделі тұлғалар мен мемлекеттік органдардың іс-қимылдары тәртібін көрсете отырып, нақты нормаларды көрсету құралдары бойынша ауылшаруашылық мақсатындағы жер учаскелерін пайдалану құқығын беру тәртібін нақты реттеуге мүмкіндік береді.

1.4. Ауыл шаруашылығы жерлерін беру жөніндегі конкурстардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы орган-

дар құратын конкурс комиссиясының құрамына қоғамдық кеңестер мен бірлестіктердің өкілдерін қосу. Комиссия құрамына прокуратура мен БАҚ өкілдерін қосу ұсынылғанымен, бұл тармақ ұсыныстың соңғы нұсқасына енгізілген жоқ.

1.5. Конкурсты өткізу ережелерін әзірлеу және бекіту. Бұл ережелер әкімдіктердің ауылшаруашылық жерлерін беру жөніндегі нақты іс-қимылдары тәртібін белгілеуге мүмкіндік береді.

1.6. Жалға беру мерзімін бизнес-жоспар немесе өндірістік бағдарламаға сәйкес инвестициялар көлеміне қарай айқындау. Жалдау мерзімін ұзарту туралы шешімді қоғамдық кеңестер мен бірлестіктердің қатысуымен, жерді пайдалану мониторингінің және жалдау шарты талаптарының тиісінше орындалуының нәтижелері бойынша қабылдау.

1.7. Жер пайдаланушылардың міндеттері мен жауапкершілігін нақтылай және күшейте отырып, ауылшаруашылық жерлерін жалға берудің типтік шартын әзірлеп, бекіту.

1.8. Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланудың талаптарын күшейту.

1.9. Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді кезең-кезеңімен беруді енгізу: алдымен жерді бес жыл мерзімге жалға беру, кейін тиімді әрі ұтымды пайдаланған жағдайда көрсетілген мерзім ішінде қоғамдық кеңестердің келісімімен жекеменшікке беру.

2. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау талаптарын күшейту.

2.1. Орталық уәкілетті органның құзыреті туралы бапты толықтыру (14-баптың 12-1 тармағы). Оның ішінде, жер заңнамасы саласында облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардағы жергілікті атқарушы органдардың қабылдаған шешімдерінің заңдылығын бақылау. Бұдан бөлек, орталық уәкілетті органның құзыретіне сотқа талап қоюды дайындау және беру кіреді.

2.2. Уәкілетті органдардың қабылдаған шешімдерінің заңдылығын бақылайтын тұлғалар тізімін кеңейту.

2.3. Шекара шегіндегі жер қатынастарын реттеу саласында елді мекендердің әкімдері құзыретіне мыналар жатады: мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз пайдалануға немесе ауыстыруға, не болмаса басқа шарттар жасауға жол бермеу үшін жеке тұлғаларға қатысты мемлекеттік бақылауды жүргізу; құқық бұзушылықты жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру; жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау.

2.4. Жерге орналастыру жобасын әзірлеу бойынша жұмыстардың тоқтап қалмауы үшін оң қорытындының қолданылу мерзімін бір жылға дейін қысқарту.

3. Әкімшілік бірлік шегінде ҚР-ның азаматында жалда болуы мүмкін ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің шекті мөлшерлерін белгілеу.

3.1. Латифундистердің пайда болуына тосқауыл қою мақсатында ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің шекті (ең жоғары) мөлшерін бекіту нормаларын енгізу.

3.2. Жер учаскелерінің ең жоғары мөлшерін бекіту мақсатында орталық уәкілетті органға ҚР-ның азаматында жалда болуы мүмкін ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерін беруде олардың шекті (ең жоғары) мөлшерін анықтау әдіснамасын әзірлеу және бекіту құзыреті жүктеледі.

4. ҚР-ның мемлекеттік шекарасының күзетілетін аймағына тікелей іргелесіп жатқан ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді беру жөніндегі шектеулерді бекіту.

4.1. Елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР-ның мемлекеттік шекарасының күзетілетін аймағына тікелей іргелесіп жатқан ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді беруде шектеу аймағын белгілеу, бұл тек Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына жалға алу құқығымен берілуі мүмкін.

5. Халықтың қосалқы шаруашылықтары мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін елді мекендердің айналасындағы жайылымдар мен шабындық жерлерді пайдалану бойынша шектеулерді белгілеу.

5.1. Ауыл адамдарын жайылымдар мен шабындық жерлермен қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы жеке қосалқы шаруашылықтарында мал басын шектеу ұсынылады. Сонымен бірге жеке қосалқы шаруашылықтар ұстауға қатысты халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында елді мекендердің айналасындағы жайылымдар мен шабындық жерлерді жекеменшікке немесе жерді пайдалануға беруге тыйым салу.

5.2. Жеке қосалқы шаруашылықтар ұстауға қатысты халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында елді мекендердің айналасындағы жайылымдық және шабындық жерлерді пайдалану үшін елді мекендердің аумағын кеңейту бойынша нормаларды жер заңнамасына енгізу. Жергілікті тұрғындарды жайылымдармен және шабындықпен қамтамасыз ету мақсатында, осындай алқаптар мемлекеттік мұқтаждықтарға алуға жатқызу керек.

6. Мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жасалатын жер учаскесінің бір бөлігін алып қою жағдайын қоспағанда, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер беру мәселесі бойынша нормаларды белгілеу.

6.1. Жерді жеке тұрғын үй құрылысы үшін берудің проблемалы мәселелерін ескере отырып, ЖТҚ-ға арналған жер учаскелерін мемлекет мұқтаждықтарына сатып алу мүмкіндігін беру үшін ЖТҚ-ға берілетін жерлерді мемлекеттік мұқтаждықтарға жатқызу.

Комиссия мүшелері ҚР-ның азаматтарына ауылшаруашылық жерлерін жалға беру институтын сақтау және жетілдіру бойынша аталған ұсыныстарды Парламенттің қарауына енгізу қажет деген ортақ пікірге келді. Комиссия төрағасы А. Мырзахметов жерге инвентаризация жүргізу, ауылшаруашылық жерлерінің сапасы туралы дұрыс ақпарат алу, жер заңнамасына дәйекті өзгерістер әзірлеу қажеттігіне айрықша назар аударып, қолданыстағы мораторийдің мерзімін тағы да 5 жылға, яғни 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзарту ұсынысын ҚР-ның Президентінің қарауына енгізуді сұрады. Бұл ұсынысты Комиссия мүшелері қолдап, ҚР-ның Президенті мораторий мерзімін ұзартқан жағдайда Комиссия өз жұмысын тоқтатады деген шешімге келді.

2016 жылдың 18 тамыз күні Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Жер реформасы жөніндегі комиссияның жұмысы туралы кеңес өткізді.

Кеңеске ҚР-ның Премьер-министрі К. Мәсімов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ә. Жақсыбеков, Премьер-министрдің орынбасары – ҚР-ның Ауылшаруашылық министрі А. Мырзахметов, Президент көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Н. Ермекбаев, ҚР-ның Ұлттық экономика министрі Қ. Бишімбаев қатысты. Кеңесте Елбасы Н.Ә. Назарбаев Комиссияның жұмысына оң баға бере отырып, 5 жылға дейін Жер кодексінің кейбір нормаларына мораторийді ұзарту жөніндегі ұсынысты қолдады. Кеңес қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы үкімет басшыларына бірқатар тапсырма беріп, мораторийге қатысты «Жер заңнамасының жекелеген нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» 2016 жылғы 6 мамырдағы № 248 Жарлыққа өзгерістер енгізді.

Қорытынды. Комиссия жұмысы шеңберінде мемлекеттік органдар мен азаматтық бірлестіктер өкілдерінің бірігіп жұмыс жасауының арқасында алғашқы табысты нәтижеге қол жеткізді. Билік болса, қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуде конструктивті диалог жүргізуге дайын екендігін көрсетті. Комиссия қоғамда наразылық туғаннан кейін құрылса да, қоғамдық кеңестер мен бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен

Комиссия жұмысы шеңберіндегі жерге қатысты пікірталастар ауыл мен ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі мәселелерін ашып көрсетті. Комиссия жұмысы барысында ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді жалға беру және сату мәселелерінен бөлек, жердің қазіргі жағдайы, кадастрлық құнын қайта бағалау, жерді игеру тиімділігінің төмендігі, елді мекендер шекарасындағы жерлерді пайдалануға шектеулер белгілеу, елдің шекарасы маңындағы жерлерді жалға беруді шектеу сияқты өзекті мәселелер көтерілді. Осы айтылған мәселелер ауыл мен аграрлық саланы дамытуда өте маңызды. Сондықтан олардың уақытында шешілуі – кезек күттірмейтін мәселе.

Комиссия жұмысын қорытындылай келе, ҚР Жер кодексінің даулы баптарына мораторийді ұзарту жөніндегі қабылданған шешім жерге қатысты пікірталастарды шешудің ең оңтайлы жолы десе болады. Қазіргі кезеңде жердің жағдайына, оның тиімді пайдалануына, қорғалуына, сондай-ақ жалға және жекеменшікке беру институтын дамытуға қатысты барлық түйткіл мәселелер жан-жақты талқылануы қажет. Сол себепті, аталған мәселелерді тиімді шешу үшін жоғары білікті мамандарды тарту және тұрақты негізде мониторингтер жасау арқылы жұмыс топтарын құрып, олардың сапалы жұмысын қамтамасыз ету керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 6 мая 2016 г. № 248 «О введении моратория на применение отдельных норм земельного законодательства».
2. Указ Президента Республики Казахстан от 18 августа 2016 г. № 308 «О внесении изменения в Указ Президента Республики Казахстан от 6 мая 2016 г. № 248 «О введении моратория на применение отдельных норм земельного законодательства»».
3. План нации «100 конкретных шагов» по реализации пяти институциональных реформ, принятый на расширенном заседании Правительства Республики Казахстан, Астана, 5 мая 2015 г.
4. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 г. № 442-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.06.2016 г.).
5. Закон Республики Казахстан от 30 июня 2016 г. № 5-VI «О приостановлении действия отдельных норм Земельного кодекса Республики Казахстан и введения в действие Закона Республики Казахстан от 2 ноября 2015 г. «О внесении изменений и дополнений в Земельный кодекс Республики Казахстан»».

ҒТАМР
14.01.73

Мәншүк Қазыбаева
Қазақ ұлттық аграрлық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАЦИЯСЫ – ФЕРМЕРЛЕРДІҢ ШЫҒЫНДАРЫН ҚЫСҚАРТЫП, ТАБЫСТАРЫН ҰЛҒАЙТУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Ауылшаруашылық тауар өндірушілердің жылдық жиынтық табыстарының кемінде 90%-ы ауылшаруашылық өнімді өндіру, өңдеу, өткізу және сақтауды құраған жағдайда олар өздерінің әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында ауылшаруашылық кооперативтеріне біріге алады. Мақалада қазіргі кездегі ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелер зерттеліп, оларды шешудің құралы ретінде ауылшаруашылық кооперациясын құру қажеттілігі қарастырылған. Сонымен қатар шетелдік тәжірибе негізінде өндірістік кооперативтердің Қазақстан экономикасына тигізетін пайдасы жіктелген. Қазіргі кезде республика фермерлерінің бірігуін ынталандыру мақсатында оны пайдалы ететін жүйелі амалдар ұсынылады.

Түйінді сөздер: ауыл шаруашылығы, ұсақ тауарлық, кооперация, пайдалылық, бәсекеге қабілеттілік, интеграция.

Маншук Казыбаева **КООПЕРАЦИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА – СРЕДСТВО УМЕНЬШЕНИЯ ЗАТРАТ, УВЕЛИЧЕНИЕ ДОХОДА ФЕРМЕРОВ**

Аннотация. Создание кооперативных союзов дает возможность сельским товаропроизводителям выстоять в неблагоприятных условиях международной конкуренции, ликвидировать продовольственную зависимость от других стран. В статье исследованы современные проблемы сельского хозяйства и определена необходимость создания сельскохозяйственных кооперативов. А также исследована зарубежная практика создания сельскохозяйственных кооперативов и классифицированы преимущества производственных кооперативов. В целях стимулирования объединения фермеров в кооперативы, предложены системные подходы.

Ключевые слова: сельское хозяйство, мелкотоварность, кооперация, доходность, конкурентоспособность, интеграция.

Manshuk Kazybayeva

COOPERATIVE AGRICULTURE AS MEANS TO REDUCE COSTS AND INCREASE INCOME OF FARMERS

Abstract. Establishment and promotion of co-ops enables agricultural producers to succeed the difficult environment of the international competition. On the national level it greater share of co=ops in agricultural industry increases the dependence on the food import.

The article discusses the current problems in agriculture. The author articulates the need for greater number of co=ops and provides the arguments in favor of establishment of agricultural cooperatives. The author overviews the international experience in cooperative agriculture and describes the advantages of of production cooperatives. Moreover, the author suggests the series of the measures to encourage farmers to establish more agricultural cooperatives.

Keywords: *agriculture, small-scale, co-operation, competitiveness, integration.*

Кіріспе. Бүгінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы әртүрлі салалық және жалпы мемлекеттік даму бағдарламалары аясында ынталандыру механизмдерімен қолдау тапқан: жер, өндірістік, кадрлық және басқа да ресурстардың бар екендігіне қарамастан, нақты мүмкіндіктердің емес, болжаулар саласы ғана болып отыр. 1999 жылдан бері елдің ЖІӨ-і 16 есеге және өндіріс көлемдерінің өскендігіне, сондай-ақ ауыл шаруашылығының даму қарқыны тұрақтанғандығына қарамастан, ұлттық экономика құрылымында шикізат өндіретін салалар мен өнеркәсіптердің экономикалық өсу қарқыны жоғары болуының жанында ауыл шаруашылығының үлесі өте төмен. Атап айтқанда, ҚР экономикасындағы ауылшаруашылықтың үлесі, яғни 1990 жылы ЖІӨ құрылымындағы ауылшаруашылық өндірістің үлесі 30%-ға жуық болса (40 млрд АҚШ долларынан артық), 2014 жылы 6%-ға көбейгені белгілі (13 млрд АҚШ доллары). 2014 жылы ауылдық жерлердегі халық саны 50%-ды құрады, 1990 жылы шамамен 40% болды. Бұрындары АӨК

республиканың локомотиві болса, бүгінде бұл міндетті қызмет көрсету салалары мен өнеркәсіп атқаруда. Олардың ЖІӨ үлесі, сәйкесінше – 54,2 және 27,6%. Демек, қазіргі уақытта қол еңбегі деңгейінің жоғарылығы, өнімділіктің төмендігі, ауылшаруашылық өндірістегі қазақстандық өсімнің әлсіздігі байқалады.

Дегенмен 2014 жылы ауылшаруашылық өнімнің (қызметтерінің) жалпы өндірісі 2010 жылмен салыстырғанда 1,8 есеге артқан (2010 жылмен салыстырғанда 14,9 есеге артқан) (1-кесте).


1-кесте. ЖІӨ мен ауыл шаруашылығы саласының жалпы өндірісі, млн теңге

| Көрсеткіштер | 2000 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
|--|-----------|------------|------------|------------|------------|-------------|
| Жалпы ішкі өнім | 2 599 901 | 21 815 517 | 27 571 889 | 30 346 958 | 35 275 154 | 38 711 900 |
| Жан басына шаққандағы ЖІӨ, мың теңге | 174 682,0 | 1 336, 6 | 1 665, 3 | 1 807, 2 | 2 070, 7 | 2 239,1 |
| Ауыл шаруашылығы | 404 145 | 1 442 630 | 2 286 042 | 1 999 047 | 2 386 104 | 2 527 890.3 |
| Өсімдік шаруашылығы | 223 503 | 662 653 | 1 337 194 | 981 190 | 1 313 004 | 1 327855.2 |
| Мал шаруашылығы | 178 543 | 774 105 | 942 384 | 1 011 192 | 1 064 338 | 1 189 555.4 |
| Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер | 300 | 5 872 | 6 464 | 6 665 | 8 762 | 10 479,4 |
| Өнеркәсіп | 1 799 344 | 12 105 526 | 15 929 052 | 16 851 775 | 17 833 994 | 18 531 774 |
| Тамақ өнімдерін өндіру | 204 286 | 695 245 | 828 005 | 865 570 | 970 123 | 1 103 491 |

Ескерту – ҚР ҰЭМ // Қазақстан, 2014. Астана, 2015

100 га ауылшаруашылық жерлердегі өнімнің жалпы көлемі 2000–2010 жылдары 4 678 мың теңгеден 16 065 мың теңгеге, яғни 11 387 мың теңгеге немесе 3,4 есеге, 2013 жылы 2010 жылмен салыстырғанда, сәйкесінше 9 565 мың теңгеге (25 630 мың теңге), ал 2000 жылмен салыстырғанда 20 952 мың теңгеге немесе 5,4 есеге көбейді. Сәйкесінше 1 га егістік алқаптарға есептегендегі өсімдік шаруашылығы өнімінің және 1 га жайылымға мал шаруашылығы өнімінің өндірісі артуда. Осылайша, жер реформасының дамуы мемлекеттік емес жер пайдаланушылардың артықшылықтарын көрсетіп, жерге деген мемлекеттік монополияны жоққа шығарды.

1. Қазіргі кезде АӨК-де орын алып отырған негізгі мәселе – ауыл шаруашылығының жалпы өндірісінде шаруашылықтың ұсақ нысандары үлесінің жоғарылығымен анықталған оның ұсақ тауарлығы. 2014 жылы өндірілген өнімнің негізгі көлемі (76,8%) ұсақ тауарлы шаруашылықтарға: шаруа (фермер) қожалықтары мен тұрғындардың шаруашылықтарына тиесілі (Ресейде 55%-ы ауылшаруашылық кәсіпорындарға тиесілі [1]) (1-сурет).



1-сурет. Жалпы ауылшаруашылық өндірісінің шаруашылық санаттары бойынша құрылымы (ауылшаруашылық құрылымдары бойынша)

Сонымен қатар 2014 жылы республикада 12 993 ауылшаруашылық кәсіпорын (оның 7 991-і жұмыс істеп тұр), 189 038 шаруа (фермер) қожалығы (183 533 жұмыс істеп тұр) және 1 604 067 үй шаруашылығы тіркелген. Шаруа (фермер) қожалықтары (65,6%-ы) мен егістіктері барлар (82,6%-ы) жер көлемінің 50 га-дан аз алқаптарға ие. Мал басы бойынша қарастырсақ, қожалықтардың 44%-ында ірі қара мал басының саны 50-ге дейін.

2. Ауылдық жерлерде нарықтық инфрақұрылым жүйесі дұрыс дамымағандықтан, дайын өнімді өткізуде кепілдендірілген өткізу нарықтары (тұрақты сатып алушылары), сонымен қатар ұлттық және халықаралық нарықтарда басымдыққа ие тауарларды жылжытуға мүмкіншіліктері жоқ.

Отандық өнім сапасының төмендігі, заманауи маркетинг пен жеткізілімдердің тұрақты болмауы республиканың аграрлық саласының жағдайын одан әрі нашарлатып, ТМД елдеріндегі дәстүрлі өткізу нарықтарынан айырылып қана қоймай, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне де қауіп төндіріп отыр [2].

Тауар өндірушілер тіркелген бағалар бойынша өнімдерді өткізе алмауда; дайындау қызметінің жоқтығынан базардағы делдалдар өндірушілерден көп пайда тауып, ауылдағы тауар өндірушілермен

қоса, өңдеушілер де, қаладағы тұтынушылар да зардап шегуде.

Қазіргі уақытта жалпы малшаруашылық өнімнің 74,9%-ы (2013 ж.) халық шаруашылықтарына тиесілі, өнімдерді сатып алу мен дайындау жүзеге асқанымен, ол жүйесіз іске асуда. Дайындаудың қажетті шарттары сақталмағандықтан, тауардың көп бөлігі өңдеу мен тұтынушыларға жетпейді. Мысалы, 5,1 млн тонна сүттің өңдеуге тек 40%-ы немесе 2 млн тоннасы жеткізіледі. 700 мың тонна сүт өнімі импортталады.

Жеке тауар өндірушінің қойған бағасы мен өнімнің нарықтық бағасы арасында айырмашылық бар. Жеке адамнан сатып алынған өнімнің бағасы нарықтық бағадан гөрі бірнеше есе төмен. Мысалы, 2014 жылы жеке адам сүттің 1 литрін 80 тг-ге сатқан болса, бұл өнім нарықта 153 тг тұрады (айырмашылық – 73 тг немесе 91%), сиыр етінің килограммы шамамен 750 тг, нарықта – 1100–1300 тг (айырмашылық – 350-550 тг немесе 45–70%). Бағалар бо-йынша мұндай үлкен айырмашылықтар мен жоғарыда айтылған қуаттардың жүктелмеуіне қарамастан, дайындау қызметі жеткілікті деңгейде дамымаған.

3. Ауылшаруашылық кәсіпорындардағы сала пайдалылығы бұл кезеңде 16,7%-ға төмендеп кетті. Дегенмен 2010 жылмен салыстырғанда негізгі өнім түрлері бойынша: дәнді дақылдар, сәйкесінше пайдалылық 2,2 есеге, көкөніс 9,0%-ға өссе, күнбағыс 54,2%-ға төмендеген. Мал шаруашылығы бойынша сүт пен сүт өнімдері 10,2%-ға, шошқа өсіру 89,4%-ға, ұсақ мал өсіру 8,1%-ға, ірі қара мал өсіру 96,4%-ға ұлғайған (2-кесте).

2-кесте. Республика бойынша өнім өткізудің пайдалылығы бойынша бәсекеге қабілеттілікті бағалау*

| Өнім түрі | 1995 | 2000 | 2005 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
|--|--------|------|------|------|------|------|------|------|
| Өнімнің жоғары бәсекеге қабілеттілігі | | | | | | | | |
| Дәнді дақылдар | -3,8 | 28,7 | 8,0 | 17,7 | 45,9 | 29,2 | 22,6 | 39,2 |
| Картоп | 10,9 | 13,3 | 22,2 | 30,3 | 40,2 | 29,4 | 21,3 | 30,6 |
| Сүт пен сүт өнімдері | -42,4 | 4,2 | 23,4 | 29,3 | 42,5 | 29,6 | 31,3 | 32,3 |
| Күнбағыс | 107,2 | 26,1 | 47,9 | 50,9 | 46,8 | 89,6 | 31,2 | 23,3 |
| Бәсекеге қабілеттіліктің орташа деңгейі | | | | | | | | |
| Шошқа (тірі салмақта) | -44,9 | -33 | -1,4 | 9,5 | 3,3 | 9,2 | 1,1 | 18,0 |
| Қой мен ешкі (тірі салмақта) | 3-31,2 | -0,3 | 10,0 | 16,1 | 12,0 | 14,1 | 19,7 | 17,4 |
| Көкөністер | -3,2 | 0 | -0,1 | 14,3 | 17,6 | 4,7 | 11,4 | 15,6 |
| Бәсекеге қабілеттілік жоқ | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|-------|-------|------|------|------|------|------|------|
| ІҚМ (тірі салмақта) | -34,7 | -29,3 | -5,4 | 5,6 | 10,1 | 1,3 | 9,4 | 11,0 |
| Жүн | -52,2 | -32,2 | -4,6 | -2,5 | 11,7 | 24,8 | 12,7 | 11,2 |
| Жұмыртқа | -2,3 | 21,1 | 19,8 | 15,4 | 8,5 | 15,9 | 9,7 | 7,6 |
| <i>*Ескерту – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде дайындалған</i> | | | | | | | | |

Нарық конъюнктурасына байланысты өнім бағаларының күрт тербелісінен оның пайдалылығы да тербеліске ұшырайды. Пайдалылықтың едәуір динамикасы күнбағыс пен көкөністер, сондай-ақ шошқа өсіруде байқалады. Өңдеу саласындағы өндіріс рентабельділігінің төмендеуі өнімнің бағасынан гөрі оның өзіндік құнының өсу қарқынының жоғары болуымен байланысты. Өзіндік құнды төмендету малдың өнімділігіне, ал ол өз кезегінде, мал шаруашылығының толыққанды және арзан жем-шөптермен қамтамасыз етілуіне тәуелді. Себебі, малшаруашылық өнімдегі азықтардың құндық үлесі, әдетте, барлық шығындардың жартысынан кем болмайды.

Мал да, алқап та, ауылдық жерлерде тұратын тұрғындардың азық-түлік өнімдеріне деген қажеттіліктері де осы халық шаруашылықтары, олардың қосалқы шаруашылықтары есебінен қанағаттандырылады. Барлығы ұсақ шаруашылықтардың қолында. Оларды қайта құрудың немесе ірілендірудің қажеті жоқ. Экономиканың ауыл шаруашылығы саласын дамытудағы мемлекеттік қолдаудың келесі бір міндеті – агроқұрылымдар арасында интеграциялық байланыстарды дамыту. Нарықтың қызмет ету жағдайында экономикалық механизмдердің негізгі элементтері мен тетіктерінің жетілмеуі, сонымен қатар дайын өнімдерді тарату жүйесінде интеграцияның дамымауы салдарынан тауар қозғалысы бәсеңдеп, кеңейтілген ұдайы өндіріс емес, қарапайым өндіріс те азаяды. Нарық жағдайындағы тауар өндірушілердің бірлескен өндіріс жүйесі бытыраңқы, ұсақ тауарлық өндірістен гөрі басым түсетіні белгілі.

Зерттеу әдістері:

Ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерін шешуде екі бағытты қарастыруға болады: фискалдық және институционалдық.

Фискалдық бағыт. ҚР-ның «АӨК және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына 2015 жылдың 1 қаңтарында енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, ауылшаруашылық өнімдерді дайындаушы ұйымдардың төлеген ҚҚС сомасын субсидия ретінде оларға қайтарып беру қарастырылған.

Жеке адамдар (ауылдағы тауар өндірушілер) жеке табыс салығын төлемейтіндіктен, оның соңғы бағасы 10%-ға қымбатқа түседі. Сондықтан Салық кодексінің кейбір баптарына өзгерістер енгізіліп, осы дайындаушы ұйымдарға өз өнімдерін өткізетін жеке адамдардың табыстары бұл салық түрінен босатылған.

Институционалдық бағыт. Салада қалыптасқан жағдайларды ескерсек, «ұсақ тауарлық» мәселесін шешудің бірден бір жолы, ұзаққа созылған экстенсивтіден интенсивті ұдайы өндіріске өтудің нәтижесі ауылшаруашылық кооперациясын дамыту болып табылады. Нарықтық экономикаға өтумен байланысты пайда болған меншіктің көп түрлілігі жағдайында ауыл шаруашылығын кооперация негізінде дамыту аграрлық сектордың жаңа сапада қайта қалыптасуына алып келеді.

Зерттеу нәтижелері. Кооперативтер («кооперация» – «co-operation» – «өзара көмек») XVIII–XIX ғғ. еңбек етушілердің мүдделерін қорғаудың қоғамдық-шаруашылық ұйымдастыру ретінде Англия, Франция және басқа да Еуропа елдерінде дүниеге келді. Өзінің жартығасырлық даму кезеңінде кооперативтік қозғалыс өзінің идеологиясын қалыптастырып үлгерді. Кооперативтік реформизмнің үш бағыты да (кооперативтік социализм, кооперативизм, кооперативтік капитализм) ірі монополистік бірлестіктердің қысымын тежеуді жақтап, жекеменшік секторын жоққа шығарған жоқ. Кооперативтік реформизм XX ғасырдың 20–60-жылдарында Еуропадағы кооперативтік қозғалыстар кезінде кеңінен таралды. Кооперативтік идеялар, дәстүрлер, кооперативтік өмір салты, кооперативтік мәдениет тек әлеуметтік-бағдарланған шаруашылық ету жүйесі мен кооперативтерді демократиялық басқаруға ғана емес, әлемдік өркениетке, жалпы адами суперэтностың қалыптасуына ықпал етті.

Әдебиет көздерінде, Халықаралық кооперативтік Альянстың әлеуметтік статистикасында, Халықаралық еңбек бөлінісінде көрсетілгендей, постиндустриалдық және дамушы елдерде тұтынушылық, ауылшаруашылық және несиелік сияқты кооператив түрлері кездеседі.

Халықаралық кооперативтік қозғалыс әртүрлі саяси, экономикалық байланыстар мен ынтымақтастықтан құрылады. Кооперативтік қозғалыс қағидаттарын ескерсек, әрбір кооператив жергілікті және халықаралық деңгейде барлық кооперативтермен бар мүмкін құралдармен серіктестік орнатуы керек. Қазір әлемде

кооператив құрылмаған ел жоқ. Көптеген елдерде кооперативтік қозғалыс тұрғындардың басым бөлігін біріктіріп отыр, сонымен қатар экономикалық және саяси өмірде оның маңызы жылдан жылға артуда. Әлемдегі кооперативтік қозғалыс – қазіргі кезде ең көп таралған әлеуметтік-экономикалық қозғалыстардың бірі. Бүгінде жер шары тұрғындарының 12%-ы кооперацияланған, ал кооперативтік шаруашылық етуші кәсіпорындардың, ақпараттық-жарнама қызметтерінің, мәдени-білім беру мекемелерінің қызметтерін әлемдік қауымдастықтың 40%-дан астамы пайдаланады.

Отбасылық-еңбек шаруа қожалықтарын өзінің зерттеу пәні ретінде алған, экономист-ғалым А.В. Чаяновтың пікірінше, «кооперация – шаруаның еңбегін жеңілдету және оның өмірін жақсарту» [3]. Шаруалар кооперациясы теориясы ірі кооперативтік серіктестіктер өнімдерді өңдеу, сақтау, өткізу және техникаларды сатып алу, минералдық тыңайтқыштарды, тұқымдарды дайындау, сонымен қатар асылдандыру ісі және т.б. айналысуы қажет дегенді алға тартады.

Халықаралық кооперативтік альянс – бірінші халықаралық бірлестік және оған Дүниежүзілік несие одақтарының кеңесі кіреді. Сонымен қатар Германияда Райффайзен халықаралық одағы, АҚШ-та Ұлттық кооперативтік банк (NCBA) жұмыс істейді.

Дамыған шетел өндірістерінде кең тараған кооперативтердің бірі азық-түлік өнімдерін өндіру, өңдеу және өңделген дайын өнімдерді өткізумен айналысатын ауылшаруашылық кооперативтері болып табылады. Фермерлер өзара экономикалық пайда алу мақсатында өз ресурстарын біріктірген ауылшаруашылық кооперативтердің немесе фермерлік кооперативтердің ең танымал мысалдары ретінде «Ocean Spray», Израиль еліндегі кибуцаларды және социалистік елдердегі колхоздарды келтіруге болады. «Ocean Spray» – 1930 жылы кооператив құру үшін үш жидек өндіруші бірігіп құрған ауылшаруашылық кооперативі. Бүгінде әлем бойынша онда 700-ден астам бағбан иесі, 2000-нан астам қызметкер жұмыс істейді. 2013 жылы сату көлемі 2,2 млрд долларды құраған. Бұл елдің табиғи ресурстары, әсіресе су мен егін егетін жері тапшы болғанымен, олар ауыл шаруашылығын интенсивті жүйеде жүргізу арқылы АӨК-ні жоғары табысты салаға айналдырды. Израиль елінің 50% жері шөл және 20%-ы ғана ауыл шаруашылығын жүргізуге мүмкіндік беретіндігіне қарамастан, бүгінде Израиль тұрғындарының азық-түлікке деген қажеттіліктерін

95% өзіндік өнімдермен қамтамасыз етеді (тек кофе, какао, қант пен астықты импорттайды). Ортақ мүлік және тұтыну мен еңбектегі теңдікті сипаттайтын киббуцалар 1906 жылдан бастап құрыла бастаған. Ауылшаруашылық өндірісі 80% болатын Киббуца (жеке жанұяға қатысты шаруашылықтардың өндірістік, тұтынушылық, әлеуметтік, қоғамдық қызметтерін бірге ұйымдастыру мақсатында толық коммуна түріндегі кооперативтік бірлесу) және Машавалар (бір топ жеке шаруа (фермер) қожалықтардың өнімдерін өткізу және өндірістік құрал-жабдық, саймандарды сатып алу үшін кооперация негізінде бірлесу) екі кооперативтік бағытта өз қызметін жүргізуде.

Сонымен қатар Үндістандағы «Amul» (сүт өнімдері), Америка фермерлері (сүт өнімдері) және Малайзиядағы «FELDA» (пальма майы) кооперативтері коммерциялық тұрғыдан табысты қызмет етіп келеді.

Үндістандық сүт кооперативінің негізін қалаушы, әрі 30 жыл бойы басқарып отырған Dr.Vergheese Kurien-нің айтуынша, оның тарихы 1946 жылдан басталады. Ол Үндістанда Ақ революцияны тудырып, нәтижесінде мемлекет әлемдегі сүт пен сүт өнімдерін өндіруші ең ірі елге айналды. «Gujarat Cooperative Milk Marketing Federation Ltd.» (GCMMF) – Гуджараттағы сүт кооперативтері соңғы бес жарым онжылдықта 3,1 млн ауылды біріктіріп, бір жылдық айналымы 3,4 млрд долларды құрайтын ірі тамақ өнімі ұйымы. Ол 18,536 ауылдық кооперативтен 14,85 млн литр сүт сатып алады.

«Американың сүт фермерлері» (DFA) – Құрама штаттардағы 48 штаттың шамамен 15 мың сүт өндіруші фермердің 9 мың фермасының басын біріктірген Ұлттық сүт кооперативі (маркетинг). 2013 жылғы сатылымдардың таза көлемі 12,8 млрд долларды құрады, бұл АҚШ сүт өндірісінің 30%-ын құрайды. Орталық офісі Миссури штатындағы Канзас-Ситиде орналасқанымен, жеті географиялық аймаққа бөлінеді. Әрбір аймақта кооперативті басқаратын, директорлар кеңесінің құрамына кіретін жетекші-фермерлер болады. DFA 1998 жылы 4 сүт кооперативінің бірігуі нәтижесінде құрылған. Бүгінде ол өз сүттерін ұлттық және халықаралық деңгейде өткізіп, бірнеше тамақ және өңдеу кәсіпорындарымен ынтымақтастық орнатқан.

ЕО елдерінде фермерлік кооперативтер дайын азық-түлік өнімдері құрылымында 60%-ды қамтиды әрі кооператив өндіріс құралдарымен жабдықтайды. Олар өндірген ауылшаруашылық өнімдерді дайындауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асырады.

Алғашқы ауылшаруашылық кооперативтер Данияда XIX ғасырдың соңында құрылса, содан бері олар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосуда. Бұл елдерде кооперативтер арқылы өндіріс жоғарғы деңгейде, тұрақты дамуы қалыптасты. Дания кооперативтері ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, шикізатты өңдеу және өткізуден басқа, өндірушілерге құрал-жабдықтар мен құрал-саймандарды үлестіру, несие беру, сақтандыру және тағы басқа қызметтерді атқарып келеді.

Аграрлық кооперация үдерісі тиімді болғандықтан, ол әлемдік тәжірибеде кең таралған. Кооперация тартымдылығы – фермерлердің еркін әріптестік жағдайында олардың толық шаруашылық дербестігін, басқарушылық шешім қабылдау үшін жауапкершілігін сақтауында болып отыр. Кооперативтер фермерлердің мүддесін қорғап, нарықтық экономика жағдайында АӨК-дегі экономикалық мықты әріптестердің алдында бәсекелік артықшылықтарды арттырады. Сондықтан бұл елдердің ауылшаруашылық саласындағы кооперативтерді құру және оларды дамыту тәжірибесін үйрену Қазақстандағы АӨК-ні дамытуға зор әсерін тигізеді.

Ұсақ тауарлы секторды кооперациялау – бұрыннан бар үрдіс, фермерлер өз еріктерімен кооперативтерге бірігуге қызығушылық танытпай отыр. Қазақстанда кооперация құрылымында шаруа (фермер) қожалықтарының үлесі 1,5%-дан аспайды, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 140%-ға (АҚШ – 100%, Франция – 100%, Испания – 120%, Нидерланды – 140 %) жетеді.

Республикада 2015 жылдың 1 маусымында 1481 ауылдық тұтынушылық кооператив, 489 су пайдаланушылардың ауылдық тұтынушылық кооперативі, 43 ауылшаруашылық серіктестік, 1843 АӨК аумағындағы өндірістік кооператив тіркелген. Олар ауылшаруашылық құрылымдардың шамамен 2%-ын құрайды.

Жоғарыда аталған кедергілерді жою мақсатында елімізде 2015 жылдың 29 қазанында «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заң қабылданды. Бүгінде бұл заң аясында барлық ауылдық тұтыну кооперативтері, су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері және ауылшаруашылық серіктестіктері ұйымдық-құқықтық нысандарын өзгертіп, ауылшаруашылық кооперативтер құра бастады.

«Кооперативтік демократия» деген түсінік бар. Экономиканың аграрлық секторындағы басқа шаруашылық ету нысандарына қарағанда кооперативтердегі басқару мен бақылаудың демократия-

лық сипаты келесілерге негізделеді:

- кооперативке ең көп жарна енгізгендер артықшылыққа ие болмайды, бір қатысушыда бір дауыс болатын тең құқылыққа негізделген демократиялық басқару орын алады;

- кооператив мүшелері – кооператив қызметінің негізгі мәселелерін тікелей ортақ жиналыстарда шешеді (тікелей демократия) немесе өкілеттілердің жиналысына сеніп тапсырады (өкілетті демократия);

- шешімдер кооператив мүшелерін көпшілігінің даусымен қабылданады;

- басқару органдары сайланады, лауазымдағы адамдар бақыланады, сонымен қатар органдар оларды сайлаған адамдарға жауапты және есепті болады.

Фермерлердің ауылшаруашылық кооперативтерге бірігуін ынталандыратын факторлардың жоқтығынан ауылшаруашылық өндірістік кооперациясының артықшылықтары:

1. Мемлекетке тигізетін пайдасы.

1. Көлеңкелі экономиканы азайтуға бағытталған. АӨК-дегі көлеңкелі экономиканың басты бейнесі бейресми өндіріс болып табылады. Жұмысшылар бейресми түрде жұмысқа қабылдануымен қоса, қолма-қол ақшаның көлеңкелі айналымы орын алатындықтан, көлеңкелі экономика, көбінесе жекеменшік шаруашылықтарда кездеседі. 2013 жылы жеке қосалқы шаруашылықтар мал шаруашылығы өнімінің 75%-ын өндірсе, ал біріктірілген шаруашылықтар, сәйкесінше 25%-ын өндірген. АӨК-те көлеңкелі экономиканың сақталуына салық заңнамасының жетілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлығы, тауарлы-логистика инфрақұрылымының дамымауы нарықта ұсақ ойыншылар санының өсуіне және өнімнің негізсіз қымбаттауына алып келуде.

Сондықтан халықаралық тәжірибеге сәйкес, ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономика мәселесінің негізгі шешімі жеке қосалқы және шаруа (фермер) қожалықтарымен қатар, ауылшаруашылық кәсіпорындарды да экономикалық тұрғыдан (физикалық емес) аграрлық кооперативке біріктіру болып табылады. Осылайша, кооперация ауыл шаруашылығындағы экономикалық қызметті ресмилендіруге жол ашады.

2. Ауылшаруашылық кооперативтердің дамуы мемлекеттік саясаттың тиімділігінің артуына ықпал етеді: мемлекет кооперативтерге қаржылық және техникалық қолдау көрсете отырып, әкімшілік

шығындарды қысқартып, қабылданатын шаралардың нәтижелілігі мен мақсатты бағытталуы артады, нәтижесінде ұсақ шаруашылық ету нысандарын мемлекеттік қолдау қажеттігі болмайды.

II. Ауылшаруашылықтың тауар өндірушілерге тигізетін пайдасы.

1. Іріленіп, бірігіп іс қылу тартымды болғанымен, тауар өндірушілер сенімінің төмендігі, қарапайым шаруада қолындағы жалғыз өндіріс құралы жерден айырылып қалу қорқынышы басым. Бірақ кооперацияға соңғы жылдары көп көңіл бөлінуінің себебі, әріптестік өзара қарым-қатынастағы шаруашылықтандырудың ең әділетті жүйесі болып табылады. Акционерлік шаруашылықтандыру қағидатындағы көшбасшы реформасында мүліктің ең төмен бағалануы есебінен қомақты капиталды жекешелендіріп алуға мүмкіндігі бар. Мұндай үрдістер, әсіресе АӨК-нің өңдеуші өндірістерінде және қызмет көрсету салаларында кездеседі. Соның салдарынан ауылшаруашылық тауар өндірушілер өздерінің объектілерінен айырылып жатады. Ал кооперация қағидаттарына сай, кооперативте ешкім ешқашан кооператив мүшелері есебінен байи алмайды

2. Заңды тұлғалардың кооперативтерге бірігуге мүмкіндіктері болмаған, бірақ қазіргі кезде кооперативке жеке тұлғалармен қоса, заңды тұлғалар да мүше бола алады.

3. Тауар өндірушілердің өзара ынтымақтастығы (өзара көмектесу) нығаятын болады.

4. Тауар өндірушілердің кооперативке мүше болуы еркін және кооператив мүшелерінің экономикалық мүддесіне негізделеді.

5. Шаруашылықтардың кепілдік базасының жеткіліксіздігінен немесе мүлдем жоқтығынан қаржы құралдары қолжетімсіз. Нәсіе ресурстарының жеткіліксіздігінен ауылшаруашылық тауар өндірушілердің техникалық жабдықталуының әлсіздігі мен өндірістің ұсақ тауарлығына алып келуде. Кооператив мүшелерінің өндіріс құралдарына (тыңайтқыштар, тұқымдар, ЖЖМ, машина-тракторлық парк, астық қоймалары) қолжетімділіктері артады.

6. Өндірістік құрал-жабдықтар, техника мен технологиялар қуатын толық өз уақытында пайдалануға мүмкіндіктер туады.

7. Тауар өндірушілердің шығындары оңтайланады, яғни кооператив мүшелері тауарларды өзіндік құнымен сатып ала алады, өңдеу мүмкіншілігіне ие болады.

8. Ауа райы жағдайына деген үлкен тәуелділікті тудырған

барлық агротехникалық іс-шаралар кешенін орындау барысында ғылыми негізделген технологияларға емес, қарапайым технологиялар бойынша жүргізу қажеттілігі анықталады. Ал төмен өнімділік ауылшаруашылық дақылдар алқап бірлігіне келетін өндірістік шығындардың жыл сайынғы өсіміндегі өнім бірлігінің өзіндік құнының жоғарылауына алып келеді. Өзіндік құнды төмендету мәселесі нарық жағдайында өткірлене түсті және оны төмендету жолдары ауылшаруашылық құрылымдардың банкротқа ұшырамауына әсерін тигізді. Жылдар өткен сайын ауылшаруашылық өнімнің өзіндік құны өсіп отыр. 2005 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2014 жылы 1 ц өнімнің өзіндік құны артқаны байқалады, ол өндірістің сапалы өсуін ғана емес, 1 га егістікке есептегендегі шығындардың абсолютті көлемінің тұрақты өсімін көрсетеді. 1 мал басына келетін шығындардың өсу жылдамдығынан ет, сүт және мал шаруашылығының басқа да өнім түрлерінің өзіндік құны да артып отыр (3-кесте).

3-кесте. Ауыл шаруашылығының 1 центнер өткізілген өнімнің өзіндік құны, тенге

| Көрсеткіштер | 2005 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2014 | | |
|----------------------------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-----------|---------|---------|
| | | | | | | | 2005, есе | 2010, % | 2013, % |
| Өсімдік шаруашылығы | | | | | | | | | |
| Дәнді дақылдар | 1001 | 2 077 | 1 417 | 2 182 | 1 893 | 2 103 | 2,1 | 101,3 | 96,4 |
| Картоп | 1520 | 3 109 | 2 695 | 2 644 | 2 820 | 3 073 | 2,0 | 98,8 | 109,0 |
| Майлы дақылдар | 1778 | 3 435 | 3 332 | 3 821 | 3 664 | 3 943 | 2,2 | 117,8 | 107,6 |
| Көкөніс | 1327 | 2131 | 1 855 | 2 003 | 2 529 | 2 878 | 2,2 | 118,7 | 111,0 |
| Жүзім | 1781 | 3 246 | 4 018 | 4 558 | 4018 | 4 925 | 2,8 | 151,5 | 122,6 |
| Мал шаруашылығы | | | | | | | | | |
| ІҚМ | 14663 | 23970 | 24230 | 38310 | 38320 | 39728 | 2,7 | 165,7 | 103,7 |
| Қой мен ешкі | 14166 | 22396 | 31332 | 33399 | 38665 | 36746 | 2,6 | 164,1 | 95,0 |
| Шошқа | 19237 | 26475 | 28192 | 30435 | 31681 | 31635 | 1,6 | 119,5 | 99,8 |
| Құс | 14094 | 17112 | 20097 | 23417 | 24814 | 24867 | 1,8 | 145,3 | 100,2 |
| Сүт | 2377 | 4 121 | 4 290 | 5 028 | 5 696 | 6 521 | 2,7 | 158,2 | 114,5 |
| Жұмыртқа 1 мың дана | 6004 | 9 324 | 9 001 | 10867 | 11359 | 11182 | 1,9 | 119,9 | 98,4 |
| Жүн | 9390 | 7 321 | 7 459 | 7 855 | 8 561 | 10457 | 1,1 | 142,8 | 122,1 |

Ескерту – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері негізінде дайындалған

Ауылшаруашылық кооперативтері табиғи (органикалық) өнім өндіретін ұсақ фермерлердің коммерциялық ауылшаруашылық өндіріске өтіп, «өндіріс-сақтау-қайта өңдеу-өткізу» технологиялық тізбегінде қосылған құнды арттыра отырып, өздерінің нарықтағы орындарын нығайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, кооперативтер өңдеу кәсіпорындарын ауылшаруашылық шикізатпен тұрақты қамтамасыз ету және үздіксіз жарақтаудың кепілі бола алады, бұл өз кезегінде олардың қуаттарын барынша жүктеп, өнеркәсіптік өңдеу көлемдерін артырып, «қазақстандық мазмұндағы» отандық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болады [4].

Өндірістік кооператив құрылымдары өндіріс айналымына жылдам қатысатындықтан, ауылшаруашылық өнімдері уақытында өңделіп, соңғы тұтынушыға қажетті дайын өнімдерді дер кезінде өткізу үшін өнімдерді арнайы қондырғылар орнатылған көліктермен тасымалдауға, яғни өнімнің төгіліп-шашылмауына, бұзылмауына қол жеткізеді. Өткізілетін тауар партияларының іріленуінен өнімге деген сұраныс тұрақтанады, өнім сапасы артатындықтан, мамандану тереңдейтін болады.

9. Тауар өндірушілер тауарлардың ірі топтамасы мен ұзақ мерзімді жеткізулерге қатысуы арқылы өңдеуші салалардың тұрақты табысы есебінен, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімнің өзіндік құны төмендейтіндіктен, шаруалардың экономикалық жағдайын нығайтуға мүмкіндіктер туатын болады, яғни табыстары артатын болады.

10. Осы уақытқа дейін кооперативтер коммерциялық емес ұйымдар түрінде құрылғандықтан, кооперативтің таза табысын оның мүшелері арасында бөлу мүмкіндігі болмады. Пайданың қайда жұмсалатындығын кооператив мүшелері өздері шешеді (бұрынғыдай тек кооперативтің дамуына ғана емес), яғни кооператив мүшелері пайданы өзара бөліп алатын болады.

11. Осы уақытқа дейін көптеген түсініспеушіліктер туғызатын нормативтік-құқықтық реттеу құжаттары тым көп, бірақ қазіргі кезде екі жалпы салалық, үш мамандандырылған заңның орнына бір ғана заң қызмет етеді.

12. Ауылшаруашылық кооперативтерінде арнаулы салық режимі қолданылғанымен, ондағы қызмет түрлері кеңейетін болады.

13. Өздерінің нарықтағы жағдайларын жақсартады, нарықта белгілі бір орынға ие болатындықтан, олар коммерциялық фирмалар

мен өңдеуші кәсіпорындардың алдына өздерінің мүдделерін барынша тиімді қорғай алатын болады.

14. Кооперативтер қызметі айқын болмағандықтан, фермерлердің кооператив қызметіне сенімсіздігі және ішкі процедуралардағы құқықтық реттеу көп орын алған, бірақ бүгінде өзара қарым-қатынастарды реттеу тым артық тексерілмейді және типтік құжаттама енгізіледі.

15. Кооперативтер жыл сайынғы ішкі аудитті жүргізу үшін тексеру одақтарына мүше бола алады. Мұндай одақтар кооператив қызметінің айқындылығын жоғарылатуға, тауар өндірушілердің құрылып жатқан кооперативтерге деген сенімін арттыратын болады. Сондықтан ауылшаруашылық кооперативтердің (кемінде 10) тексеру одағына кіруі міндетті.

Бүгінгі таңда республиканың облыстары мен аудандарында «Ауылшаруашылық кооперативтері туралы» заңды түсіндіру және кооперативтер құру мақсатында ғалымдар мен зерттеушілер елді мекендерді аралап, тауар өндірушілердің жағдайларымен танысып, оларға қолдау көрсетіп, белсенді жұмыс жүргізуде. ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі және «ҰАҒБО» КАҚ бастамасымен ҚазҰАУ мен ҚР ҒЗИ ғалымдары, «Атамекен» ҰКП, Қазақстанның Мал дәрігерлер қауымдастығы, ЭЫДҰ «Өңірлік бәсекелестікті арттыру» жобасының жұмыс тобы және т.б. ұйымдар ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерді құруға тілек білдірушілерге көмек көрсетуде. Олар жергілікті жерлерде, аудандарда кооператив құру жұмыстарына жетекшілік етіп, кеңестер беріп, сондай-ақ өзге де тиісті көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруда. «Атамекен» өкілдері жыл басынан бері 6 аймақты аралап, 50-ге жуық ауданда болып, аудан жұртшылығы өздерінің проблемаларын, оның ішінде осы ауыл шаруашылығы саласына қатысты туындаған кедергілер туралы айтып, өз ұсыныстарын енгізген.

ҚазҰАУ мен ҚР ҒЗИ ғалымдары Алматы, Жамбыл, ОҚО, ШҚО, Қызылорда, Ақтөбе облыстарына шығып, өңірлерде агроқұрылымдармен, сала мамандарымен, тауар өндірушілермен кездесіп, олардың мәселелерін зерттеді.

Алматы облысында республика ЖІӨ-нің 18%-ы өндіріледі. Тұрғындардың 76%-ы ауылдық жерлерде шоғырланған. Өңірде 1330 ауылшаруашылық кәсіпорын, 45936 шаруа (фермер) қожалығы және 273436 жұртшылық шаруашылығы шоғырланған. Облыстағы шаруа (фермер) қожалықтарының 78%-ы ауылшаруашылық жерлерінің

көлемі 50 га-дан аз. Жер көлемдері шағын, әрі шаруашылықты дөңгелетіп әкету оңай шаруа болмағандықтан, фермер – экономист, есепші, агроном, зоотехник сияқты мамандықтардан хабардар болу керек. Ауыл шаруашылығы саласында шағын аграрлық бизнес шаруа қожалықтарының дамуымен сипатталады. Алматы облысында шаруа қожалықтары 90 жылдардан бері белсенді дами бастады. Облыста «АӨК сауда корпорациясы» ірі ауылшаруашылық өндірістік кооперативі қалыптасатын болады. Кооператив негізінен малшаруашылық өнімдерін өндіру, шикізат дайындау, оны өңдеу, сақтау және өткізумен айналысатын болады.

«Атамекен» ҰКП мен Қазақстанның Мал дәрігерлер қауымдастығы Алматы облысының 60-тан астам мал шаруашылығы саласының тауар өндірушілеріне кооператив құруды, сол арқылы өндіріс көлемін өсіріп, табысты арттыру, ет пен ет өнімдері сапасын жақсартуды, сонымен қатар жергілікті нарықпен қоса, Ресей, Иран, Қытай және басқа да елдерде өткізу нарықтарын кеңейтуді ұсынған. Осыған байланысты Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыру «АӨК Сауда корпорациясы» кооперативінің стратегиялық мақсаты болып табылады. Бұл кооперативтің құрылуы отандық тауар өндірушілердің кепілдіксіз несиелер мен субсидияларды кеңінен алуына мүмкіндік береді. Ал өндірілген өнімді өткізуде арнайы салық режимін қолдану Қазақстаннан сапалы ет экспорттау жөнінен ДСҰ және ЕАЭО нарықтарында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысы көлемі бойынша республикада 2-орын алады және топырақ-климаттық жағдайлары малшаруашылық өнімдерді өсіруге мүмкіндік береді. Облыста жекеменшік қосалқы шаруашылықтарды асыл тұқымды ІҚМ-ды қайта құруға тарту үшін ауылшаруашылық өндірістік ет кооперативтерін құру бойынша жұмыстар жандандырылуда. 2016 жылы «Атамекен» ҰКП 100 кооператив жобасын жүзеге асыруды бастады. Соның ішінде 11 кооперативті ҚР Ауылшаруашылығымен бірлесіп, пилоттық жоба ретінде жүзеге асыруды қолға алмақ. Ауылшаруашылық саласының маңыздылығын ескере отырып, палата басшылығы биыл басым бағыттарды бекітті.

Шығыс Қазақстан облысы ЖІӨ-нің 11,4%-ы және оның 37,9%-ы – өсімдік шаруашылығының өнімі. ЭЫДҰ «Өңірлік бәсекелестікті арттыру» жобасының жұмысшы тобының Өскемен қаласында өткізген кездесуінде шетелдік тәжірибелермен таныстыру мақсатында ауылшаруашылық кооперативтер саласындағы тәжірибесі мол сарап-

шыларды шақырды. Атап айтсақ, Ад Ван Велде – Нидерландыдағы сүт кооперативінің басшысы және сүт фермасының иесі. Марин де Вири – Еуразияда ауылшаруашылық кооперативтерін, оның ішінде Арменияда жүзім өндірушілер ауылшаруашылық кооперативтерін құруда үлкен тәжірибесі бар. Терри Аккерман – Канадада сүт кооперативін басқаруда тәжірибесі мол. Өңірде кооператив ашу келесі жылдың көктеміне жоспарланған.

Қостанай облысына ЖІӨ-нің 9,3%-ы тиесілі және өңірдің жалпы ауылшаруашылық өнім өндірісінің 69%-ы өсімдік шаруашылығына тиесілі. Астық дақылдарының 23,3%-ы, күнбағыстың 18,8%-ы, сойылған ірі қара мал етінің 28,5%-ы осы облыста өндіріледі. Өңірде ірі қара мал басының шамамен 60%-ы жеке секторға тиесілі, сол себепті негізгі ауылшаруашылық тауар өндірушілер мемлекеттік қолдауларға толық қатыса алмайтын. Сондықтан кооперацияға бірігу арқылы олар асыл тұқымды мал сатып алу, өндірген ет пен сүт өнімдерін өткізу және т.б. өндірістік үдерістерде мемлекеттік субсидияларға қол жеткізе алады. Бүгінгі таңда Қостанай облысында 59 кооператив тіркелген. Олардың көпшілігі мал шаруашылығына бағдарланған өндірістер. Сонымен қатар 70 үй шаруашылығын қамтитын өсімдік шаруашылығымен айналысатын ірі кооператив қызмет етеді.

Отандық АӨК кооперация негізінде негізгі астық өндіруші өңірлер – Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай, Ақмола облыстары агроқұрылымдарды біріктіру арқылы «ҚазАгро» ҰБХ пилоттық жобасын іске асырды. 2016 жылы «Аймақтық астық холдингі» ЖШС үш өңірлік кооператив аясында жаңа 113 қатысушының есебінен алқаптарды қазіргі 360 мың га-дан 1 млн га-ға (бұл Ақмола облысының 20% жері) дейін жеткізуде. Бұл жобаның артықшылығы – шаруашылық иесі агросалада тәжірибесі бар және теріс несие тарихына ие болмаса, кооператив мүшелерінің бір-бірінің алдындағы жауапкершілікке негізделі отырып, кепілдіктерсіз несие қаражаттарын ала алады. Олар үшін бірігудің ең басты артықшылығы көтерме сатып алулардың арқасында көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына қажетті ЖЖМ, тұқым, тыңайтқыштар, қосалқы бөлшектерді барынша арзандатылған бағамен сатып алуға мүмкіндігі бар. Осындай әдіспен республиканың күріш өндірушілерінің басын біріктіруге болады.

Аграрлық өндірістің өзіндік ерекшеліктеріне сай,

ауылшаруашылық кооперацияны дамыту, ең алдымен, ауылдық жерде тұратын тауар өндірушілерге арналған. Жоғарыда келтірілген барлық артықшылықтар ұсақ тауар өндірушілерді ірілендіріп, бірыңғай мобильді құрылымдарға бірігуіне, оның ішінде жер ресурстарын тиімді пайдалануға, өнімдерді сақтау, өңдеу және тұрақты өткізуді ұйымдастыруға ынталандыруы қажет.

Қалай десек те, бүгінде интеграция мен кооперация дамыған елдердің ауылшаруашылық өнім өндірісінің жоғарғы эшелондарында қалуына мүмкіндік беріп отыр. Бұл елдерде агроөнеркәсіп интеграциясында маңызды рөлді агроқұрылымдардың бірігу және ірілену үдерістерін белсендіретін, интеграторлар қызметін атқаратын ірі трансұлттық компаниялар атқаратындығы белгілі. Ал біздің жағдайда бұндай интеграторды жеке бизнес емес, мемлекет атқарады. Негізінен, керісінше жеке сектор кооперация негізінде ауылдық еңбек ресурстарын ортақ өндірістік үдеріске тарту арқылы шикізат өндісінің тұрақты көздерін құруға қызығушылық танытуы керек.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, тауар өндірушілердің барлығы да жоғарыдан бұйрық күтуде. Бірақ бұл үрдіс Қазақстанда толық жетіліп, әлемнің дамыған елдеріндегі түрінде өркендеуі үшін дамудың белгілі бір кезеңдерінен өтуі керек. Қазіргі кезде республика фермерлерінің бірігуін ынталандыру мақсатында оны пайдалы ететін жүйелі ықпалдар қатарына келесілерді ұсынамыз:

1. Ақпараттардың қолжетімділігін арттыру. Ауылдық жердегі құқықтық мәдениеттің төмендігінен, сонымен қатар ғылыми және ақпараттық қамсыздандырудың жоқтығынан, фермерлердің ауылшаруашылық кооперативтердің артықшылықтары туралы толық ақпарат ала алмауынан басшыларды басқару және кооператив мүшелерін жұмыс барысына үйрету қажет. АӨК субъектілеріне өтеусіз негізде кооперативтердің артықшылықтары туралы ақпараттандыру және оқыту бойынша мақсатты білім беру бағдарламаларын әзірлеп, базалық шаруашылықтарда семинарлар ұйымдастыру керек.

2. Кооперативтерді мемлекеттік тіркеуден өткізу кезінде талап етілетін құжаттар тізімін бір жүйеге түсіру.

3. «Атамекен» ҰКП сарапшыларының пікірінше, өкілетті органда даму стратегиясына және қажет болған жағдайда кооперативтік қозғалысқа жетекшілік жасайтын сәйкес құрылым болуы тиіс.

4. Өндірістік кооперативтер басқа да құқықтық ұйымдастыру түрлерімен қатар, ауылшаруашылық кәсіпорындар деңгейінде немесе шаруа (фермер) қожалықтарының бірлесуі негізінде құрылуы, яғни көлбеу кооперациялық бірлесуі арқылы, сонымен қатар Қазақстанның салалық және аймақтық ерекшеліктеріне тән кооперативтік шаруашылықтар арасында тік байланысты кооперация (ауылшаруашылық және тұтыну кооперативтерін) негізінде дами алады.

5. АӨК-ге мемлекеттік қолдауларды көрсетуде басымдықты бірігуге – кооперативтерге бағыттау қажет:

5.1. Кооперативтерге субсидиялар нормативтерін арттыру мақсатында АӨК субсидиялау механизмдерін қайта қарастыру.

5.2. Ауылшаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау механизмінің жетілмегендігі («Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы берілетін жеңілдетілген несие құралдарының жеткіліксіздігі, сонымен қатар жеңілдетілген несие беру мен салық салу су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтеріне ғана қолжетімді, ал басқа түрлеріне (өндірістік кооперативтер, ауылшаруашылық серіктестіктер) қолжетімсіз). Сондықтан «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ тарапынан ауылшаруашылық кооперативтерін жеңілдетілген несиелендіру бойынша жаңа бағдарламалар әзірленуі керек.

Агроөнеркәсіптік өндірістің кооперация негізінде дамуы шаруашылықтардың өндіріс тиімділігін арттыруда жаңа мүмкіндіктер ашады, сондай-ақ жалпы АӨК-де экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Сондықтан Қазақстанның аграрлық саласында кооперация мен интеграцияны дамыту елдің индустриалдық-инновациялық дамуының стратегиялық басымды бағытына айналуы қажет. Ол шаруашылық ету мен басқарудың кооперативтік нысандары – аралық немесе әлеуметтік-экономикалық дамудың екінші деңгейлі жұмыстарды шешу қажеттілігімен туындаған уақытша құбылыс емес. Дегенмен ауылдық аймақтарды өркендету, ауылшаруашылық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін тек шаруаларды біріктіріп, кооперативтер құрып қана қою жеткіліксіз, топырақтардың табиғи құнарлылығын қалпына келтіру технологияларына өту және ауыл шаруашылығына қызмет ететін ғылымдардың адасуларына жол бермеу арқылы ауыл шаруашылығын технологиялық реформалауға өткізу керек [5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Богдановский В. Занятость в аграрной экономике: теоретико-методологические аспекты исследования. АПК: экономика, управление.-2016. – Т.1. – С.76.
2. Калиев Г.К., Акимбекова Г.У. Приоритетные направления развития переработки сельскохозяйственной продукции в Республике Казахстан//Проблемы агрорынка. – январь-март. – 2015. – С.12.
3. Чаянов А.В. Основные идеи и формы организации сельскохозяйственной кооперации. – М. Колос, 1992.
4. Акимбекова Г.У., Аюлов А.М., Егизбаева Г.К. Кооперирование малых форм хозяйствования в АПК РК//Аграрлық нарық проблемалары, 2015. – №26. – С. 79.
5. Тарханов О.В. Управление экономикой сельского хозяйства. Национальные интересы: приоритеты безопасность [Текст]. 2010. – №36. – С. 86.

ҒТАМР
14.15.15

Нұрлан Құлбатыров¹, Айжан Төлепбекова²

¹«Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ
(Астана қ., Қазақстан)

²«Экономикалық зерттеулер орталығы» АҚ
(Астана қ., Қазақстан)

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Авторлар Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру, бизнес жүргізу үшін әкімшілік кедергіні азайту бойынша реформаға шолу жүргізді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында қаржылық қолдаудың жаңа құралдары зерттелді. Сондай-ақ Дүниежүзілік банкінің «Doing business» рейтингісі аясында іске асырылатын реформаларға талдау жүргізілді.

Түйінді сөздер: кәсіпкерлік, «Doing Business», әкімшілік кедергілер.

Нурлан Кулбатыров, Айжан Тулепбекова МАЛОЕ И СРЕДНЕЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО: О СИСТЕМНЫХ РЕФОРМАХ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Авторами проведен обзор реформ по совершенствованию государственного регулирования предпринимательской деятельности в Казахстане, снижению административной нагрузки на бизнес.

Изучены новые инструменты финансовой поддержки в рамках Единой программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса 2020». А также проведен анализ реформ, реализуемых в рамках рейтинга Всемирного банка «Doing business».

Ключевые слова: предпринимательство, Doing Business, административные барьеры.

Nurlan Kulbatyrov, Aizhan Tulepbekova
SMALL AND MEDIUM ENTERPRISES: ON SYSTEMIC REFORMS IN KAZAKHSTAN

Abstract. The authors of the article analyzed the reforms aimed improving of the state regulation of business activity in Kazakhstan and reducing the administrative barriers for business activities.

The particular attention is given to the new tools of financial support provided under the “Road Map for Business 2020” national program. The authors assess the currently implemented reforms under the World Bank’s “Doing Business” ranking.

Keywords: *business, “Doing Business”, administrative barriers.*

«Біз өз алдымызға әлемнің аса дамыған экономиканың отыздығына кіру деген ауқымды мақсат қойдық. Күшті экономика – бұл күшті кәсіпкерлік, отандық кәсіпорындардың жоғары бәсекелестігі, олардың кооперациясы. Отандық бизнесті қолдауды мен қалыптасқан мемлекетіміздің жаңа саяси бағытының маңыздылығы жағынан жаңа саяси курс бағыты ретінде белгіледім» (*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясынан*).

Кіріспе. Бүгінгі күні жағымды бизнес-орта құру жолындағы мемлекеттің саясаты әкімшілік кедергіні азайтуға бағытталған «жұмсақ заңға» көшу, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі – ШОК) дамыту бағдарламасын қолдауды қамтамасыз ететін механизмдер мен институттар құруға негізделген.

2015 жылы елдің ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 25,6%-ды құрады. 2016 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ШОК субъектілерінің саны алдыңғы жылмен салыстырғанда, сәйкесінше 0,4%-ға ұлғайды.

ШОК субъектілерінің жалпы мөлшерінде жеке кәсіпкерлердің үлесі – 71,7%-ды, кіші кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 14,2%-ды, шаруа немесе фермер қожалықтары – 13,9%-ды, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 0,2%-ды құрайды.

Сондай-ақ дағдарыс құбылыстарын жұмсарту, сыртқы экономикалық конъюнктуралар әсерінің қарапайым емес жағдайларында экономиканың өсу қарқынын қолдау үшін үкімет орта және қысқа мерзімді шаралар әзірледі.

Тұрақты дамудың дағдарысқа қарсы шаралары экономикадағы құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз етуге, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға бағытталған.

Мемлекет, бизнес және халық мүддесінің теңгерімін сақтау «ақылды» реттеу қағидатын сақтау кезінде мүмкін екендігін есте сақтау қажет. Реттеуші нормалардың болжамсыз өсуі, орталық және өңірлік деңгейде бір-біріне қайшы келетін шешімдер кәсіпкерлік қызметтің жүргізілуіне болжамды шектеп, кәсіпкерлік белсенділікке кедергі келтіріп, сондай-ақ бизнесті жүргізу қаупін жоғарылатып отыр.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында реформаларды тереңдету жұмыстары жалғасын табуда.

Жаңа шындық Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Құрылымдық реформаларды жүргізу ұзақ мерзімді өсуге қол жеткізу үшін қажет. Реформаларды іске асырудың негізгі бағыттарының бірі бәсекелес ортаны қамтамасыз ету болып табылады. Ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес, толыққанды бәсекелес ортаның болуы кез келген бизнестің тиімділігі үшін басты мақсат болмақ.

Кәсіпкерлікті дамыту саясатының негізгі бағыттарының бірі рұқсат ететін-хабарлама экожүйесін жеңілдету арқылы кәсіпкерлік қызметті қайта реттеу болып табылады.

Бүгінгі күні рұқсат беру жүйесіндегі кәсіпкерлік қызметті және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы «Рұқсаттамалар мен хабарламалар туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік қызметті реттеу саясатының негізгі бағыттары барлық реттегіш құралдардың реттеуші әсерін талдауды (бұдан әрі – РӨТ) қолдану мүмкіндігін кеңейту болып табылады. Мәселелерді мұқият талдау, басқару шешімдерінің мүмкін нұсқалары, әрбір нұсқаның пайда мен шығынын бағалау мәселені шешуде аса оңтайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде барлық мемлекеттік органдардың реттеушілік әсерді талдауы, кәсіпкерлік мүдделерді қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді міндетті

өткізу қарастырылған. Осыған байланысты төмендегідей өзекті міндеттер шешіледі:

1. Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингісінде Қазақстанның позициясын жақсарту.

2. Рұқсат беру жүйесін жетілдіру.

3. Реттеушілік әсерді талдауды одан әрі енгізу.

4. Өзін өзі реттеу институтын қалыптастыру.

Зерттеу әдістері. Жұмысты дайындау кезінде қолданылған әдістер:

- кәсіпкерлік қызметті реттеу саласында нормативтік-құқықтық актілерді сапалы талдау;

- рұқсат беру жүйесінің мәселелері бойынша қолжетімді ведомстволық ақпаратты сапалы талдау;

- сарапшылармен кеңес.

Зерттеу нәтижелері. Мемлекет басшысының «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2050 жылға дейінгі дамудың ұзақмерзімді стратегиясында айтылған әлемнің 30 ең бәсекеге қабілетті елдеріне кіру міндеті Қазақстанның орнын халықаралық рейтингте жақсарту шараларының өзектілігін анықтайды.

Қазақстанның алғашқы отыз елге кіруі бойынша 2016 жылға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту бойынша қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және жалпы жүйелі шаралар қарастырылған.

2015 жылғы 27 қазандағы баяндамада жарияланған «Doing Business» Дүниежүзілік банкі рейтингісінің нәтижелері бойынша Қазақстан үлкен талпыныс жасап, өз рейтингісін өткен жылмен салыстырғанда 36 орынға көтеріп, 41-орынды иеленді.

Қазақстан Мексика (39), Хорватия (40), Венгрия (42), Бельгия (43) сияқты елдермен көршілес орын тепті. Барлығы 10 базалық индикатор бойынша бағаланды. 10 базалық индикатор бойынша Қазақстан 7 индикаторда өз орнын жақсартты.

Қазақстан «Кәсіпорындар тіркеу», «Төлем қабілеттілігі жоқтығына рұқсат», «Құрылысқа рұқсат алу», «Электр желілеріне қосылу», «Халықаралық сауда», «Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету» және «Несиелеу» индикаторлары бойынша маңызды өсуін көрсетті.

2016 жылғы «Doing Business» рейтингісі бойынша Қазақстан реформалардың ең көп мөлшерін жүзеге асырған мемлекет ретінде белгіленді (он бағыттың жетеуінде 19 реформа).

Жалпы, жеке индикаторларға қатысты төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. Бизнесті тіркеу.

Қазақстан шағын және орта кәсіпкерлікті тіркеуге төлеуден бас тарта отырып, кәсіпорындарды тіркеу рәсімін жеңілдетті. Сонымен қатар тіркеу мерзімі екі есеге қысқартылып (10 күннен 5 күнге дейін), компания мөрін пайдалану туралы талаптан бас тартты.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде Қазақстан Ресей (41), Украина (30), Молдова (26) сияқты елдерден озып түсіп, рейтингте осы индикатор бойынша бірден (32 орынға көтеріліп) 21-орынға секірді.

2. Құрылысқа рұқсат беру.

Қазақстан жер учаскелерінің топографиялық түсірілімдерін жүргізу туралы талаптардан бас тартып, құрылысқа рұқсат беру рәсімдерін жеңілдетті.

Сонымен қатар кешенді құрылыс сараптамасынан өту мүмкіндігі негізінде «бір терезе» қағидатын енгізу бойынша маңызды жұмыстар атқарылмақ. Экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша қайталама сараптамалары алынып тасталды. Нәтижесінде, Қазақстан өткен жылмен салыстырғанда 8 позицияға көтеріліп, 92-орынға шықты.

3. Жеке меншікті тіркеу.

Елімізде меншікті беруге арналған техникалық төлқұжатты алу және сатып алушы мен сатушының тіркеу құжаттарын нотариалдық куәландыру туралы талаптардан бас тартып, меншікке беруді жеңілдетті.

Осы индикатор бойынша Қазақстан 19-орын алды, меншікті тіркеудің аса қолайлы жағдайларымен үздік 20 елдің қатарына кірді.

Өткізілген реформалар нәтижесінде жылжымайтын мүлікті тіркеу мерзімі екі есеге қысқарып, орташа 4, 5 күнді құрады.

4. Несиелерді алу.

Несиелер алу бағыты бойынша Қазақстан кепіл ретінде ұсынылған құрама активтер санатының жалпы сипаттамасын қамтитын қамтамасыз етілген ипотекалар туралы жаңа заңды қабылдап, несиелер алуға рұқсаттаманы жеңілдетті.

Осы индикатор бойынша Қазақстан өткен жылмен салыстырғанда бір орынға көтеріліп, 70-орынға орналасты.

5. Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету.

Қазақстан ұсақ талап арыздарды қарастырудың тездетілген шаралары мен құқықты қолдану рәсімдерін оңтайландыруды енгізе

отырып, келісімшарттың орындалуын қамтамасыз етуді жеңілдетті. Сондай-ақ медиация арқылы жер дауларын сотқа дейін реттеу мүмкіндіктерін заңнамалық бекіту бойынша жұмыстар жүргізілді. Корпоративтік дауға қатысатын тараптардың құқықтары кеңейтілді.

Осы индикатор бойынша Қазақстанда ең жақсы нәтиже белгіленді – 189-дан 9-орын. Осылайша, еліміз келісімшарттарды орындауды қамтамасыз ету талаптары бойынша 10 ең үздік елдің қатарынан көрінді.

6. Төлем қабілетсіздігін шешу.

Қазақстан несие берушілерге қайта ұйымдастыру рәсімдеріне бастамашылық етуге мүмкіндік бере отырып, активтерді сату-ды көтермелеу арқылы төлем қабілетсіздігін шешу рәсімдерін жеңілдетті, сондай-ақ өндіріс ашудан кейін қаржыландыруға мүмкіндік беріп, қамтамасыз етілмеген бар талаптар алдында оған артықшылықтарын ұсынып, банкроттық режимді оңтайландырды.

7. Миноритарлық инвесторларды қорғау.

Еліміз байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы ақпаратты жедел ашуды және жылдық қаржылық есептерде нақты ақпаратты талап ететін жаңа ережелерді енгізе отырып; сотта дәлелдемелерді алудың әртүрлі тәсілдеріне жол беру арқылы; кәсіпорындағы үлеспен байланысты құқықтардағы өзгерістердің басқа акционерлер дауысының үштен екісімен бекітуге жататыны туралы талапты енгізе отырып; еншілес ұйымдарға бас компаниялар шығарған акцияларды алуға тыйым салып; және басқарма мүшелерінің басқа компаниялардың директорлары болып табылатындығы не табылмайтындығы туралы және олардың бұрынғы жұмыс орындары туралы ақпаратты ашуды талап ете отырып, миноритарлық инвесторларды қорғау бойынша шараларды күшейтті. Барлық атқарылған жұмыстар Қазақстанға 39 орынға көтерілуге және 2016 жылы 25-орынды иеленуге мүмкіндік берді.

Рұқсат беру жүйесінде Қазақстан Үкіметі жүйелі жұмыс жүргізіп отырғанын атап өткен жөн.

Рұқсат беру жүйесін жетілдіру мемлекеттің негізгі артықшылықтарының бірі болып табылады және жалпы әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталып, бизнесті дамыту және жүргізу үшін қолайлы жағдай жасауға көмектесетін болады [1]. Осыған байланысты 2014 жылы «Рұқсаттамалар және хабарламалар туралы» заң қабылданған болатын. Аталған заң рұқсат ететін жүйе саласында негізгі нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Осы жылы

бизнес үшін әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталған «ҚР-да кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту бойынша түбегейлі шаралар туралы» заң қабылданды.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Парламенті IV сессиясы V шақырылымының ашылуында рұқсаттамалар мен хабарламаларды беруді электрондық форматқа ауыстыру бойынша жұмысты жалғастыру және 2015 жылы рұқсаттама санын 50%-ға қысқарту жөнінде тапсырма берді.

Бизнесті жүргізу, сервисті жақсартуға қолайлы жағдай жасау мақсатында ҚР Үкіметі «жариялау», «бір терезе» және «үндемеу – келісу белгісі» атты қағидаларын пайдалануды кеңейте отырып, рұқсаттама беру бойынша тиісті жұмыстар атқарды. Дамып отырған ақпараттық технологиялар негізінде мемлекет пен бизнес арасындағы өзара іс-қимылдар жаңа форматқа көшеді. Осыған байланысты ақпараттық технологияларды кәсіпкерлікті реттеу секторына енгізу мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілері арасында ақпаратты тез әрі тиімді алмасуға көмектесуі тиіс.

Кәсіпкерлік қызмет саласында заңнаманы жетілдіріп, одан әрі дамытуда, сондай-ақ кәсіпкерлік қатынаста құқықтық реттеудегі олқылықтарды және қайшылықтарды жою мақсатында 2015 жылы Кәсіпкерлік кодекс қабылданған болатын. Осы құжат еліміздегі кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдай мен кепілдіктерді анықтайды. Кәсіпкерлік кодекс 2016 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді.

Осы құжат жеке құқықтың дуализмін құрмайтын кәсіпкерлік саланы реттейтін кодталған акт болып табылады, онда жалпы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы заң топтастырылған.

Кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру үшін «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы (бұдан әрі – Бірыңғай бағдарлама) қабылданды.

Бірыңғай бағдарлама қаржылық қолдаудың төмендегідей құралдарын іске асыруды қарастырады:

- екінші деңгейдегі банктердегі несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау;
- қарыздарға кепіл беру;

- мемлекеттік гранттарды беру;
- жетіспейтін инфрақұрылымдарды қалпына келтіру;
- микроқаржылық ұйымдарды микронесиелері бойынша субсидиялау;
- микроқаржылық ұйымдар қарыздарына ішінара кепіл беру;
- ақпараттық-талдауды қамтамасыз ету, кәсіпкерлік әлеуетті дамыту және іскерлік байланыстарды кеңейту бойынша қаржылық емес қолдау көрсету.

Бірыңғай бағдарламаның мақсаты – экономиканың шикізаттық емес секторларында өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және үйлесімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ істеп тұрған жұмыс орындарын сақтау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру.

Бірыңғай бағдарламаны іске асырудың негізгі аспектісі әлеуметтік-экономикалық әсері болып табылады, ол кәсіпкерлердің табысы мен таза табысында, төленген салықтарда және сақталған, жаңа құрылған жұмыс орындарының мөлшерінде көрініс таппақ.

Бірыңғай бағдарламаны іске асыру кезеңінде 280 мыңнан астам кәсіпкер қамтылды. Бірыңғай бағдарламаның басым бағыты кәсіпкерлік әлеуетті күшейту болды. Бүгінгі күні жұмыс істеп жүрген әрі жаңадан бастаған 91 мыңнан астам кәсіпкер бизнес-машықтандырудан және кәсіпкерлік негіздерге үйретуден өтті.

Азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған тағы да бір маңызды қадам өзін-өзі реттейтін ұйымдардың мемлекеттік функцияларын беру болып табылады. Бұл «Өзін-өзі реттеу туралы» заңы күшіне енгеннен кейін, 2016 жылдың 15 мамырынан бастап мүмкін болды.

Осы заңмен кәсіпкерлік және кәсіби қызметті реттеудің жаңа институты енгізілді, ол осы түрдегі субъектілерге өздігінен саланы реттеуге тікелей қатысу арқылы нарықта ойынның ережелері мен талаптарын анықтауға мүмкіндік береді.

Заң мемлекеттік реттеудің жағымсыз аспектілерін алып тастауға, отандық тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға, сондай-ақ тұтынушы алдында нарыққа қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді. «Өзін-өзі реттейтін ұйымдар» аталатын кәсіпкерлердің және олардың заңды тұлғаларының ерекше бірлестіктерін құру мүмкіндігінің келесі белгілері қарастырылған:


- бекітілген салалық, ішкі ережелер және стандарттар;
- өз мүшелерінің қызметін бақылау;

- салықалы мүлдікті жауапкершілікті қамтамасыз ету.

Заңға сәйкес, өзін-өзі реттеу – бұл өз қызметін жеке және заңды тұлғалармен өздігінен реттеуге бағытталған шаралар кешені. Сонымен қатар өзін-өзі реттеу – бұл кәсіпкерлер одағы үшін өкілдіктер пакеті ғана емес, сонымен қатар бизнес пен тұтынушы үшін ұсынылатын сапа кепілі.


Заңда бизнесті өзін-өзі реттеу ерікті немесе міндетті болуы мүмкін екендігі анықталған.

Ерікті өзін өзі реттеу мемлекеттік реттеумен қатар, өзін өзі реттеу субъектілеріне және олардың қызметіне қойылатын талаптар белгілене отырып, қолданылатын болады. Ерікті өзін өзі реттеу – бұл нарықтағы бәсекелестік органы дамытудың құралы. Ерікті өзін өзі реттеудің негізгі қағидасы – бірігу еркіндігі және саланың ортақтығы.



1-сурет. Қазақстандағы ерікті өзін-өзі реттеу моделі

Кәсіпкерлік немесе кәсіби қызметтегі міндетті өзін өзі реттеуі мемлекеттік функцияларды іске асырумен немесе мемлекеттік органдар орындайтын белгілі бір функцияларды бөлу қажеттілігімен байланысты қызмет салаларында енгізіледі. Міндетті өзін өзі реттеудің негізгі қағидасы – тиімділік, қайталаудың болмауы (мемлекеттік органдар мен өзін өзі реттеу ұйымдары құзыретінің аражігін ажырату).



2-сурет. Қазақстандағы міндетті өзін өзі реттеу моделі

Бүгінгі күні өзін өзі реттеудің жеке элементтері аудиторлар, бағалаушылар, нотариустар және тағы басқалар бірлестіктерінің қолданыстағы тәжірибесінде бар.

Өзін өзі реттейтін ұйымның қызметін бастау, сол сияқты тоқтату үшін негіз бұл туралы реттеуші мемлекеттік органға жіберілген хабарлама болып табылады.

Өзін өзі реттеу институтын енгізуді қарастыратын қабылданған заң әлемдік экономика жағдайында ұлттық экономика нығыздығының қорын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бизнестің мейлінше аз шығындары кезінде мемлекеттік реттеу мақсаттарының барынша тиімді жетістіктеріне бағытталған «ақылды реттеу» ЭЫДҰ принциптерін іске асыруда шығармашылық практикаға оңтайлы және ұтымды шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ету үшін енгізілетін және қолданыстағы реттеу құралдарының реттеу әсеріне талдау енгізілді.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» заңға сәйкес, іс жүзінде кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия дәрежесі берілді, РӘТ жаңаларды енгізу және қолданыстағыны реттейтін құралдарды нығайту үшін міндетті шара болады

(тиісті түзетулер Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен енгізілді).

Сонымен қатар реттеуші мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлік бойынша уәкілетті органдардың және Қазақстан Республикасының Ұлттық палатасының РӘТ пайдалану бойынша нормативтік-құқықтық актілердің әзірленген жобаларына қатысты, жаңа реттейтін құралдарды енгізу кезінде, сондай-ақ қолданыстағы реттейтін құралдарға қатысты құзыреті мен функциялары анықталды.

Нәтижелерді талдау. Әлемде кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін бюрократиялық шығындарды азайтуға бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу кеңінен жүзеге асырылып отыр.

Мәселен, Швецияда 2005 жылы 8 министрлік пен 46 агенттікке «кәсіпорындар үшін әкімшілік жүктемені азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары» ұсынылған болатын.

2012 жылы Канадада бизнесті жүргізу үшін реттеуші шектеулерді қысқарту бағытында бюрократияны (The Red Tape reduction Action Plan) азайту жөніндегі іс-қимылдар жоспары мемлекеттік бағдарламаға ұштастырылды. Бұл шаралар жоспары үш бағыттан тұрады: бизнесті жүргізу үшін әкімшілік кедергілерді азайту, бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасау және сервисті жақсарту.

Қорытынды. Елімізде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру жұмыстары жалғасын таба бермек, өйткені шағын және орта бизнес өндірістің тиімділігін көтеруге, әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі, белсенді инновациялық қызметті қамтамасыз етіп, экономикалық белсенді халық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні кіші кәсіпорын үшін «тігінен» өсуге балама «көлдеңінен» өсу болып табылады: кіші кәсіпорындар желісін құру, жиынтығында бір немесе жекеменшік иелерінің тобымен бірыңғай бизнесті құру.

Соңғы жылдары жеке кіші кәсіпорыннан желілі кіші бизнеске көшу беталысы байқалады (кәсіпкерлердің үштен бірі бірнеше кәсіпорынды бір мезгілде басқарады). Кіші бизнесті қолдаудың мемлекеттік саясатына, сондай-ақ кіші кәсіпкерліктің желілі сегментінің экономикалық әлеуетіне сұраныс ауқымы осы саясаттың ықпалы маңызды болуы мүмкін екендігін айғақтайды.

Ірі бизнес және ШОК субъектілерінің өзара іс-қимылдар механизмдерін күшейту, сондай-ақ келісімшарттың барлық қатысушылары үшін пайдалы ірі кәсіпорындардың өндірістік сату тізбесіне шағын және орта бизнесті қосудың практикалық механизмдерін пысықтау қажет. Бұл ретте ірі, шағын және орта бизнес арасындағы көпір алаңы ретінде «Атамекен» кәсіпкерлердің ұлттық палатасы маңызды рөл атқаруы тиіс.

«Даму» базасында қайта құру орталықтарын ашу оңтайлы шаралардың бірі болып табылады. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қолдау бизнесті қайта құру мен дамудың сапалы жоспары ұсынылған жағдайда ғана іске асуы мүмкін. Бұл үкіметтің делдалдығы кезінде негізгі несие берушілер мен стэйкхолдерлердің өзара келісімі арқылы жүзеге асады. Еліміз өнеркәсіпті қайта құру орталықтарын құрып, өз тиімділігін растаған елдердің тәжірибесін жан-жақты қарастыруы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша (<http://www.akorda.kz>).
2. Тулепбекова А.А., Асенова А.Е., Пердебаева Р.С. Өлемнің дамыған елдерінде кіші бизнестің ақпараттық құралдарын реформалауды талдау// заманауи экономика проблемалары 4 (56), 2015. – 134 б.
3. Кәсіпкерлік теориясының заманауи классиктері. Кәсіпкерлікті және кіші бизнесті зерттеудегі салымы үшін халықаралық сыйлық лауреаттары (1996–2010) // Экономикалық жоғары мектебі. А.Ю. Чепуренко ғылыми редакциясымен, ағылшын тілінен аударылған.
4. www.business.gov.kz;
5. www.damu.kz.

ҒТАМР
14.15.15

Айгүл Көшербаева
Экономикалық зерттеулер институты
(Астана қ., Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау

Аңдатпа. Қазақстан Республикасы өңірлерінің даму деңгейлерін саралау өте ауқымды және тұрақты процесс. Жалпы ішкі өнімді өндіру құрылымы өңірлік үйлеспешілікпен, ел аумағы бойынша өндіріс күштерінің орналасуының бірқалыпты еместігімен және өңірлердің дамуының түрлі деңгейлерімен анықталады.

Тәуелсіздік жылдары мықты минералды шикізат базасы бар өңірлер елдің жалпы ішкі өнімінде өздерінің үлестерін көбейтті. Ауылшаруашылық, тағам және жеңіл өнеркәсіп өндірісіне мамандандырылған облыстар өз позицияларын біраз азайтқан болатын.

Жалпы өңірлік өнім негізгі макроэкономикалық көрсеткіш болып табылады. Ол өңірдің экономикалық дамуының деңгейін сипаттайды, оның экономикалық әлеуетін көрсетеді. Өңірлік өнім көрсеткішінің өсуі ішкі, сондай-ақ сыртқы инвесторлар үшін өңірдің инвестициялық тартымдылығы жоғары екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасы бойынша жалпы өңірлік өнімнің қарқыны 2000 жылға дейін реформалаудың барлық жылдарында төмендегенін дәлелдейді. Солай болса да, кейбір өңірлерде оның өсімі оң мәнге ие болды.

Түйінді сөздер: *жалпы өңірлік өнім, мамандандыру, өңір, бәсекеге қабілеттілік, еңбек өнімділігі.*

Айгуль Кошербаева
**ОЦЕНКА КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ РЕГИОНОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аннотация. Дифференциация уровней развития регионов Республики Казахстан очень велика и устойчива. Структура произ-

водства валового внутреннего продукта определяется региональными диспропорциями, неравномерностью размещения производительных сил по территории страны и разным уровнем развития регионов.

За годы независимости регионы, имеющие мощную минерально-сырьевую базу, увеличили свои доли в валовом внутреннем продукте страны. Немного снизили свои позиции области, специализирующиеся в производстве сельхозпродукции, пищевой и легкой промышленности.

Валовой региональный продукт является основным макроэкономическим показателем, который характеризует уровень экономического развития региона, отражает его экономический потенциал. Рост показателя валового регионального продукта свидетельствует о повышении инвестиционной привлекательности региона как для внутренних, так и для внешних инвесторов.

Динамика валового регионального продукта по Республике Казахстан свидетельствует о том, что его объем снижался во все годы реформирования, вплоть до 2000 г., тем не менее в отдельных регионах она была положительной

***Ключевые слова:** валовой региональный продукт, специализация, регион, конкурентоспособность, производительность труда.*

Aigul Kosherbayeva

ASSESSMENT OF COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN REGIONS

Abstract. The purpose of the research discussed in the article has been to evaluate the competitiveness of Kazakhstan regions. The differentiation in terms of the level of regional development in Kazakhstan is rather considerable and sustained. Moreover, the structure of production and gross potential are predetermined by the regional disparities and uneven distribution of productive forces within the territory of the country and by difference in the levels of development.

Since Kazakhstan gained its independence, its regions having a strong mineral and raw material base increased their share in the national GDP. At the same time, the share of the regions that are specialized on agricultural and food production as well as industry decreased slightly.

Gross regional product, being the main macroeconomic indicator of the level of regional development, also reflects its economic potential. Furthermore, the growth of gross regional product indicates greater attractiveness of a particular region for both internal and external investors.

The analysis of the dynamics of the gross regional product in Kazakhstan shows that it had been decreasing during the years of reforms until 2000; later, however, there has been positive growth in some regions.


Keywords: *gross regional product, specialization, region, competitiveness, productivity.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасы өңірлерінің даму деңгейінің айырмашылығы өте үлкен және тұрақты. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өндірісінің құрылымы өңірлік сәйкессіздіктермен, ел аумағында өндірістік күштерді орналастырудың әркелкілігімен және өңірлерді дамытудың әртүрлі деңгейімен анықталады.

Талдау. Қазақстан бойынша ЖІӨ-нің қарқыны оның көлемінің 2000 жылға дейін реформалаудың барлық жылдарында төмендегенін дәлелдейді. Соған қарамастан, кейбір өңірлерде бұл көрсеткіш оң мәнге ие болды (Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, ШҚО, Алматы қ.). Осы 6 өңірде 2000 жылы елдің ЖІӨ-нің 55,7%-ы өндірілді, ал 2014 жылы бұл өңірлер республика ЖІӨ-нің 55,2%-ын өндірді. 2015 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша жоғарыда көрсетілген өңірлердің үлесі 54,7%-ға дейін кеміді.

Тәуелсіздік жылдарында мықты минералдық-шикізаттық базаға ие өңірлер елдің ЖІӨ-де өз үлестерін көбейтті. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруге, тағам және жеңіл өнеркәсіпке маманданған облыстар өз позицияларын біраз төмендетті (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары).

Сонымен қатар Астана қаласының әлеуеті елеулі түрде өсті, елдің ЖІӨ-дегі үлесі 2000 жылғы 5,2%-дан 2015 жылы 11,2%-ға дейін көбейді. Алматы қаласының әлеуеті де өсті (сәйкесінше 15,9 %-дан 21,2%-ға дейін).




1-сурет. ЖІӨ-дегі ҚР өңірлерінің үлес салмағы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ-нің Статистика комитеті

Бұл ретте металлургиялық өнімдер өндірісіне маманданған өңірлер үлесі – Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары, сәйкесінше 9,2%-дан 6%-ға және 11,5%-дан 7,7%-ға кеміді.

Жалпы алғанда, 2015 жылдың қорытындысы бойынша өңірлердің көпшілігінде дамудың төмендеу тенденциясы байқалады, бұл Қазақстанның экспортталатын негізгі тауарларына бағалардың төмендеуіне байланысты орын алып отыр (мұнай, металдар).



2-сурет. 2015 жылғы жан басына шаққандағы ЖӨӨ деңгейі, мың теңге және 2009–2015 жылдардағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ физикалық көлемінің өсуінің орташа қарқыны, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ-нің Статистика комитеті

Соңғы алты жылда біршама жақындауына қарамастан, жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша өңірлік айырмашылықтар өте жоғары. Кестенің жоғарғы және төменгі бөліктеріндегі аймақтар арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ-дегі айырмашылықтар 2009 жылы 10 есеге, 2014 жылы 8 есеге көбейген.

Негізгі қорытындылар:

- мұнай және басқа да шикізаттық ресурстарға бай өңірлер (Атырау, Маңғыстау және тағы басқа облыстар), дамыған сервистік экономикасы және қаржы секторы бар қалалар (Астана және Алматы қалалары) нарық жағдайына барынша бейімделген, бұл елдің ЖІӨ-дегі олардың үлесінің өсуімен көрініс тапты;

- ескірген ауылшаруашылық және өнеркәсіптік маманданған өңірлер (Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және т.б. облыстар) нарық жағдайына ең аз бейімделген, бұл елдің ЖІӨ-дегі олардың үлесінің азаюымен көрініс тапты;

- әртараптандыру мәселелерінде Алматы және Жамбыл облыстары басқа өңірлерді басып озады;

- Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының экономика құрылымдары ұқсас, қайта өңдеу салалары әртүрлі және халық ең тығыз қоныстанған өңірлер болып табылады.

Сәйкесінше жаңа экономикалық шынайылық жағдайында экономиканың өнімділігі жоғары секторларының, ең алдымен, сапалы өмір сүру ортасы бар урбандалған орталықтардың (қалалар-хабтар) дамуын ынталандыру қажет.


Берілген қағидалар өңірлерді дамыту бойынша стратегиялық бағдарламалық құжаттарда көрініс тапқан. Атап айтсақ, Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамдық сызбасы, 2015–2019 жылдарға арналған инфрақұрылымдық дамудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы, 2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасы, 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы аумақтарын ұйымдастырудың бас сызбасы, 2030 жылға дейінгі Астана және Алматы агломерацияларының аумақтық дамуының өңіраралық сызбасы.

Еңбек өнімділігі (экономикада жан басына шаққандағы ЖІӨ, мың долл./адам)

Талдау. *Қазақстан бір жұмысшыға ЖІӨ негізінде есептелетін еңбек өнімділігі бойынша (2014 жылы 25,4 мың долл./адам) ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткіштерінен 2,6 есе артта (2014 жылы 65,6*

мың долл./адам), Мексиканы қоспағанда, барлық елдердің соңында қалады.

2014 жылы еңбек өнімділігі бойынша Қазақстанның 4 өңірі ғана (Атырау, Алматы қ., Астана қ., Маңғыстау) ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне жетті. Атырау облысы Канада мен Ұлыбритания арасында, Алматы қ. Словения мен Чехия арасында, Астана қ. Польша мен Түркия арасында орналасқан. Еңбек өнімділігі бойынша Маңғыстау облысы Мексикадан озып, Чилиге жақын орналасқан (3-сурет). Соған қарамастан, ол ЭЫДҰ елдерінің ұқсас көрсеткішінен 1,7 есе аз. Жамбыл облысында еңбек өнімділігі ЭЫДҰ елдері бойынша орташа еңбек өнімділігі көрсеткішінен 8 есе төмен.



3-сурет. ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда ҚР өңірлерінің еңбек өнімділігі (экономикада бір жұмысшыға ЖІӨ, мың долл./адам)

Қазақстан өңірлері арасында ЭЫДҰ елдерінде орташа көрсеткішке қатысты ең жоғары өнімділік деңгейіне (1-кесте) Атырау облысы ие (2013 жылы 101,5%-дан 2014 жылы 121,4%-ға дейін өсу). 2014 жылы өсуге қарамастан, Алматы қаласының еңбек өнімділігі ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішімен салыстырғанда, сәйкесінше 76,1% және 93,1%-ды құрады, Астана қ. 67,1% және сәйкесінше 81,3%, Маңғыстау облысында 58,2% және сәйкесінше 79,9% және әлі де төмен болып отыр. Ең төмен көрсеткіштерді Оңтүстік Қазақстан (14,3% және сәйкесінше 18%), Алматы (13,9% және сәйкесінше 16,2%) және Жамбыл (12,6% және сәйкесінше 16,2%) облыстарында байқалады.

1-кесте. ЭЫДҰ елдерінде орташа мәнмен салыстырғанда ҚР өңірлерінде 2013–2014 жж. өнімділік деңгейі, %

| | Жұмыспен қамтылу, мың адам | | ЖІӨ, млн АҚШ долл. | | Бір жұмыспен қамтылған адамға ЖІӨ, долл./адам | | ЭЫДҰ елдерінде орташа мәнмен салыстырғанда, ҚР өңірлерінде өнімділік деңгейі, % | |
|---------------------|----------------------------|----------|--------------------|-------------|---|----------|---|-------|
| | 2013 | 2014 | 2013 | 2014 | 2013 | 2014 | 2013 | 2014 |
| Жамбыл | 550,8 | 530,2 | 5 788,9 | 5 622,3 | 10 509,9 | 10 604,1 | 12,6 | 16,2 |
| Алматы | 993,1 | 1 013,3 | 11 499,2 | 10 737,9 | 11 579,1 | 10 597,0 | 13,9 | 16,2 |
| ОҚО | 1 185,7 | 1 163,2 | 14 083,0 | 13 733,0 | 11 877,4 | 11 806,2 | 14,3 | 18,0 |
| СҚО | 329,3 | 313,8 | 4 953,1 | 4 566,0 | 15 041,2 | 14 550,5 | 18,1 | 22,2 |
| Ақмола | 419,0 | 422,7 | 6 309,1 | 6 032,4 | 15 057,6 | 14 271,1 | 18,1 | 21,7 |
| Қостанай | 503,6 | 493,9 | 8 903,4 | 8 005,7 | 17 679,5 | 16 209,1 | 21,3 | 24,7 |
| ШҚО | 708,2 | 705,5 | 13 622,6 | 13 098,0 | 19 235,6 | 18 565,6 | 23,1 | 28,3 |
| Қарағанды | 707,2 | 678,4 | 17 315,8 | 16 644,1 | 24 485,1 | 24 534,3 | 29,4 | 37,4 |
| Қызылорда | 334,4 | 311,1 | 8 760,5 | 7 543,4 | 26 197,6 | 24 247,4 | 31,5 | 37,0 |
| Павлодар | 418,0 | 420,3 | 11 608,7 | 10 025,4 | 27 772,0 | 23 853,0 | 33,4 | 36,4 |
| Ақтөбе | 412,7 | 410,0 | 11 572,9 | 10 737,9 | 28 042,0 | 26 190,1 | 33,7 | 39,9 |
| БҚО | 316,5 | 316,8 | 11 400,6 | 10 943,8 | 36 020,8 | 34 545,0 | 43,3 | 52,6 |
| Мексика | 49 227,0 | 49 227,0 | 1 995 676,7 | 2 160 373,1 | 40 540,3 | 40 540,3 | 48,7 | 61,8 |
| Маңғыстау | 259,1 | 248,8 | 12 536,2 | 13 048,0 | 48 383,7 | 52 443,7 | 58,2 | 79,9 |
| Чили | 7 786,0 | 7 903,2 | 386 614,4 | 393 061,8 | 49 655,1 | 49 655,1 | 59,7 | 75,7 |
| Эстония | 621,0 | 627,7 | 34 035,1 | 36 991,2 | 54 806,9 | 54 806,9 | 65,9 | 83,5 |
| Түркия | 25 520,0 | 25 520,0 | 1 407 448,7 | 1 502 523,8 | 55 150,8 | 55 150,8 | 66,3 | 84,1 |
| Астана қ. | 410,5 | 431,6 | 22 906,7 | 23 033,1 | 55 801,9 | 53 366,7 | 67,1 | 81,3 |
| Польша | 15 568,0 | 15 568,0 | 912 404,2 | 960 235,6 | 58 607,7 | 58 607,7 | 70,5 | 89,3 |
| Венгрия | 3 938,0 | 4 101,3 | 230 867,4 | 247 258,7 | 58 625,5 | 58 625,5 | 70,5 | 89,3 |
| Словакия | 2 329,0 | 2 329,0 | 143 436,7 | 153 491,3 | 61 587,2 | 61 587,2 | 74,0 | 93,9 |
| Чехия | 4 937,0 | 4 974,3 | 305 101,4 | 328 242,2 | 61 798,9 | 61 798,9 | 74,3 | 94,2 |
| Алматы қ. | 743,1 | 764,5 | 47 015,2 | 46 718,4 | 63 269,0 | 61 109,7 | 76,1 | 93,1 |
| Словения | 906,0 | 916,7 | 59 447,6 | 62 689,7 | 65 615,5 | 65 615,5 | 78,9 | 100,0 |
| Португалия | 4 429,0 | 4 499,5 | 290 756,5 | 299 134,5 | 65 648,3 | 65 648,3 | 78,9 | 100,1 |
| Корея | 25 066,0 | 26 535,9 | 1 660 384,8 | 1 683 897,9 | 66 240,5 | 66 240,5 | 79,6 | 101,0 |
| Жаңа Зеландия | 2 262,0 | 2 314,0 | 154 280,7 | 170 067,6 | 68 205,4 | 68 205,4 | 82,0 | 103,9 |
| Жапония | 63 114,0 | 63 114,0 | 4 592 849,3 | 4 650 126,6 | 72 770,7 | 72 770,7 | 87,5 | 110,9 |
| Израиль | 3 450,0 | 3 555,8 | 261 858,0 | 276 897,3 | 75 900,9 | 75 900,9 | 91,3 | 115,7 |
| Исландия | 173,0 | 177,7 | 13 552,5 | 14 402,8 | 78 338,2 | 78 338,2 | 94,2 | 119,4 |
| Грекия | 3 513,0 | 3 539,1 | 283 040,7 | 291 859,6 | 80 569,5 | 80 569,5 | 96,9 | 122,8 |
| Ұлыбритания | 29 821,0 | 30 607,9 | 2 452 671,0 | 2 598 558,2 | 82 246,4 | 82 246,4 | 98,9 | 125,3 |
| Атырау | 279,5 | 286,1 | 23 599,2 | 22 783,2 | 84 433,5 | 79 633,7 | 101,5 | 121,4 |
| Канада | 17 731,0 | 17 867,0 | 1 502 938,5 | 1 600 354,0 | 84 763,3 | 84 763,3 | 101,9 | 129,2 |
| ЭЫДҰ бойынша орташа | | | | | 83 170,3 | 65 615,1 | | |

Дереккөз: ҚР ҰЭМ-нің Статистика және талдау жөніндегі комитеті және <http://stats.oecd.org> деректері негізінде есептелді

Атырау облысының ЖӨӨ жоғары деңгейі және экономикада жұмыс жасайтын халық үлесінің аздығы салдарынан еңбек өнімділігінің деңгейі жоғары екенін атап кеткен жөн (Қазақстан бойынша жұмыс жасайтындардың жалпы санында экономикада жұмыс істейтіндердің үлестік салмағы 2015 жылы 3,4%-ды ғана құрайды) (2-кесте).

2-кесте. ҚР өңірлеріндегі еңбек өнімділігі


| Өңір | ЖӨӨ-де үлесі, % | Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге | Жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша рейтинг | Еңбек өнімділігі, жұмысшыға қатысты теңге | ҚР-дағы орташа жалақыға қатысты өңірде орташа жалақы, % | Жалақы теңгесіне қатысты еңбек өнімділігі | Жалақы теңгесіне қатысты өнімділік рейтингі |
|------------------------|-----------------------|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы | 100,0% | 2 258,1 | | 4 587 609,8 | 100,0% | 2,5 | |
| Ақмола | 2,7% | 1 432,0 | 12 | 2 493 758,7 | 65,2% | 2,1 | 13 |
| Ақтөбе | 4,8% | 2 300,4 | 7 | 4 576 484,5 | 87,8% | 2,8 | 6 |
| Алматы | 4,9% | 1 005,2 | 14 | 1 889 678,1 | 66,1% | 1,5 | 16 |
| Атырау | 10,2% | 6 927,9 | 1 | 13 915 852,2 | 175,9% | 4,3 | 2 |
| Батыс Қазақстан | 4,9% | 3 049,5 | 5 | 6 034 791,0 | 79,7% | 4,1 | 3 |
| Жамбыл | 2,5% | 899,8 | 15 | 1 852 682,9 | 61,3% | 1,6 | 15 |
| Қарағанды | 7,5% | 2 117,0 | 8 | 4 287 665,9 | 83,6% | 2,8 | 7 |
| Қостанай | 3,6% | 1 587,4 | 11 | 2 832 160,2 | 72,4% | 2,1 | 12 |
| Қызылорда | 3,4% | 1 765,9 | 9 | 4 236 627,4 | 77,0% | 3,0 | 4 |
| Маңғыстау | 5,8% | 3 815,9 | 4 | 9 159 598,8 | 205,6% | 2,4 | 9 |
| Оңтүстік Қазақстан | 6,1% | 869,2 | 16 | 2 063 095,6 | 64,6% | 1,7 | 14 |
| Павлодар | 4,5% | 2 322,5 | 6 | 4 168 334,6 | 88,3% | 2,5 | 8 |
| Солтүстік Қазақстан | 2,0% | 1 390,7 | 13 | 2 543 013,9 | 58,8% | 2,3 | 10 |
| Шығыс Қазақстан | 5,9% | 1 640,9 | 10 | 3 244 078,2 | 81,7% | 2,1 | 11 |
| Астана қ. | 10,3% | 4 826,6 | 3 | 9 323 004,8 | 171,7% | 2,9 | 5 |
| Алматы қ. | 20,9% | 5 023,0 | 2 | 10 666 373,9 | 130,7% | 4,4 | 1 |

Дереккөз: ҚР ҰЭМ-нің Статистика комитеті


2-кестеден көріп отырғанымыздай, өңірлер бойынша жалақы теңгесіне еңбек өнімділігі бойынша рейтинг өңдеуші болып табыл-

майды немесе республикалық маңызы бар қалаларға жатпаса, жан басына шаққандағы ЖӨӨ өңірлер рейтингісінен ерекшеленеді. Бір жұмысшыға қатысты еңбек өнімділігінің ең жоғары көрсеткіштері Атырау облысында (орташа республикалық деңгейден 3,3 есе жоғары), Алматы (2,5 есе) және Астана (2,2 есе) қалаларында байқалады. Бұл өңірлер жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша көшбасшылар болып табылады. Сонымен қатар жалақының 1 теңгесі бойынша өнімділік рейтингісі Алматы қ. (орташа республикалық деңгейден 1,7 есе жоғары), Атырау (1,7 есе) және Батыс Қазақстан облысында (1,6 есе) байқалады.

Нәтиже. Осылайша, бір жұмысшыға және жалақының 1 теңгесіне еңбек өнімділігінің деңгейін талдау бойынша Астана қ., Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының еңбек өнімділігі орташа республикалық деңгейден жоғары және «Қазақстан Республикасындағы еңбек өнімділігі» матрицасының жоғары оң бұрышында орналасқан (4-сурет).



4-сурет. ҚР өңірлеріндегі еңбек өнімділігі




5-сурет. ҚР-ның өңірлері бойынша өңдеу өнеркәсібінде және халықты жұмыспен қамтуда еңбек өнімділігі өсу қарқындарының қатынасы

Дереккөз: ҚР ҰЭМ-нің Статистика комитеті

Жалпы, ҚР-ның өңірлері бойынша жұмыспен қамтудың өсуі есебінен қамтамасыз етілген еңбек өнімділігінің сандық ұлғаюы байқалады: Оңтүстік Қазақстан (2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы жұмыспен қамтудың өсу қарқындары 49%-ды құрады), Қызылорда (26,1%) және Алматы (18,8%) облыстары (5-сурет).

Сонымен қатар бірқатар өңірлерде ТШИ, жаңа технологияларды тарту және жаңа жабдықты сатып алу есебінен еңбек өнімділігінің белсенді өсуі байқалады: Қызылорда (2008 жылмен салыстырғанда 255,4%-ға өскен), Жамбыл (221,7%), Оңтүстік Қазақстан (193,8%), Алматы (180,9%) және Қостанай (170,8%) (6-сурет).



6-сурет. 2008 жылмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің өзгеруі

Дереккөз: ҚР ҰЭМ-нің Статистика комитеті

ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда жан басына шаққандағы ЖӨӨ-ні талдау

Талдау. Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) өңірдің экономикалық даму деңгейін сипаттайтын, оның экономикалық әлеуетін байқататын негізгі макроэкономикалық көрсеткіш болып табылады. ЖӨӨ көрсеткішінің өсуі сыртқы және ішкі инвесторлар үшін өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру туралы мәлімдейді.

Қазақстан ЭЫДҰ барлық елдерінен жан басына шаққандағы ЖӨӨ сияқты көрсеткіш бойынша артта қалып отыр, бұл ретте Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ ЭЫДҰ елдері бойынша орта көрсеткішке қатынасының деңгейі 2013 жылы 37,7%-ды құрады. 2014 жылы аталған қатынас 33,5%-ды құрады, ол елдің артта қалуының жоғарылығын мәлімдейді.

Өңірлерге келетін болсақ, Атырау облысында ғана аталған көрсеткіш ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішімен салыстырғанда жоғары болып отыр. Аталған көрсеткіш бойынша 2013 жылы Атырау облысы Бельгия, Испания, Финляндия, Ұлыбритания сияқты елдерден озып кеткен. ЭЫДҰ елдерінде жан басына шаққандағы ЖІӨ орташа көрсеткішімен салыстырғанда, Атырау облысының жан басына шаққандағы ЖӨӨ ЭЫДҰ елдерінің көрсеткішінен 12%-ға жоғары болды. Бірақ 2014 жылы әлемдік мұнай нарығында бағалардың айтарлықтай төмендегенін назарға алсақ, облыстың ЖӨӨ-і төмендеп, соның салдарынан ЭЫДҰ елдерінен 9,3%-ға артта қала бастады (3-кесте).

3-кесте. ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда жан басына шаққандағы ЖӨӨ

| | Жан басына шаққандағы ЖІӨ, долл./адам | | ЭЫДҰ елдерінде орташа мәнге қатысты | |
|---------------------|---------------------------------------|----------|-------------------------------------|------|
| | 2013 | 2014 | 2013 | 2014 |
| Оңтүстік Қазақстан | 5 010,2 | 4 974,0 | 13,2 | 12,7 |
| Жамбыл | 5 272,5 | 5 150,5 | 13,9 | 12,8 |
| Алматы | 5 569,6 | 5 755,4 | 14,7 | 14,1 |
| Ақмола | 8 436,2 | 8 195,2 | 22,2 | 18,6 |
| Солтүстік Қазақстан | 8 506,5 | 7 957,8 | 22,4 | 18,2 |
| Шығыс Қазақстан | 9 669,4 | 9 391,3 | 25,4 | 23,7 |
| Қостанай | 9 779,1 | 9 085,8 | 25,7 | 20,2 |
| Қызылорда | 12 317,8 | 10 105,3 | 32,4 | 25,8 |
| Қарағанды | 12 946,2 | 12 113,5 | 34,1 | 30,1 |
| Павлодар | 13 473,3 | 13 291,5 | 35,4 | 32,7 |
| Қазақстан | 13 611,5 | 12 926,8 | 35,8 | 29,4 |

| | | | | |
|---------------------|----------|----------|-------|-------|
| Ақтөбе | 14 880,0 | 13 163,7 | 39,2 | 30,1 |
| Мексика | 16 856,0 | 18 046,0 | 44,3 | 45,5 |
| Түркия | 18 574,0 | 19 610,0 | 48,9 | 50,0 |
| Батыс Қазақстан | 19 544,5 | 17 455,4 | 51,4 | 43,4 |
| Маңғыстау | 21 395,5 | 21 850,3 | 56,3 | 53,7 |
| Чили | 22 021,0 | 22 037,0 | 57,9 | 50,1 |
| Венгрия | 23 336,0 | 25 061,0 | 61,4 | 57,3 |
| Польша | 23 698,0 | 24 952,0 | 62,4 | 62,9 |
| Грекия | 25 586,0 | 26 795,0 | 67,3 | 59,5 |
| Эстония | 25 780,0 | 28 113,0 | 67,8 | 71,7 |
| Словакия | 26 499,0 | 28 327,0 | 69,7 | 70,4 |
| Астана қ. | 26 789,6 | 27 628,7 | 70,5 | 67,9 |
| Португалия | 27 804,0 | 28 760,0 | 73,2 | 65,4 |
| Алматы қ. | 28 523,0 | 28 779,3 | 75,0 | 65,8 |
| Словения | 28 864,0 | 30 405,0 | 75,9 | 76,7 |
| Чехия | 29 028,0 | 31 188,0 | 76,4 | 79,5 |
| Израиль | 32 505,0 | 33 718,0 | 85,5 | 83,8 |
| Корея | 33 062,0 | 33 395,0 | 87,0 | 82,1 |
| Испания | 33 112,0 | 33 638,0 | 87,1 | 76,5 |
| Жаңа Зеландия | 34 424,0 | 37 509,0 | 90,6 | 85,8 |
| Италия | 35 041,0 | 35 419,0 | 92,2 | 89,3 |
| Жапония | 36 069,0 | 36 581,0 | 94,9 | 81,2 |
| Франция | 37 556,0 | 39 357,0 | 98,8 | 100,4 |
| ЭЫДҰ бойынша орташа | 38 007,0 | 39 218,0 | 100,0 | 100,0 |
| Ұлыбритания | 38 260,0 | 40 227,0 | 100,7 | 102,6 |
| Финляндия | 39 740,0 | 40 684,0 | 104,6 | 101,1 |
| Исландия | 41 860,0 | 43 993,0 | 110,1 | 108,1 |
| Бельгия | 41 866,0 | 43 724,0 | 110,2 | 99,4 |
| Атырау | 42 551,8 | 39 645,7 | 112,0 | 90,7 |
| Канада | 42 748,0 | 45 025,0 | 112,5 | 113,6 |
| Қазақстан | 14 310,0 | 13 155,0 | 37,7 | 33,5 |

Дереккөз: ҚР ҰЭМ-нің Статистика комитеті және <http://stats.oecd.org> деректері

Алматы қ. ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішімен салыстырғанда, айтарлықтай жоғары деңгейді байқатады, бұл қала экономикасының сервистік болып келуімен байланысты.

Нәтиже. *Урбанизацияланған экономика орталықтары экономиканың мұнай секторымен салыстырылатын жоғары өнімді жұмыс орындарын құруы мүмкін.*

ҚР өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін диагностикалау дамудағы келесі негізгі мәселелерді анықтады:

- Астана және Алматы қалаларының, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының, басқа өңірлердің экономикасы әлі де әлсіз әртараптандырылған;

- Атырау облысы көбірек инвестиция тартады және қызметтердегі өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін дамытады, ал БҚО өз әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту тиімділігін төмендетеді;

- Қарағанды және Павлодар облыстары жаңа әлеуетті мүмкіндіктерін қалыптастыра және өз экспортының күрделілігін арттыра алмады;

- өндіруші өнеркәсіп пен аграрлық сектор заманауи технологияларды дамыту, бизнес-үдерістерді автоматтандыру және өндірісті ақпараттандыру үшін жұмыс орындарының жеткілікті санын құра алмайды.

Қорытынды. Қазіргі кезеңде жұмыс орындары қызмет көрсету секторында жеткілікті мөлшерде. Экономиканың сервистік секторы қалаланған аумақтарда дамып отыр. Қалаландыру шикізаттық емес ЖӨӨ-ні арттырады.

Экономиканың құрылымы қалаландыру деңгейі жоғары болғанда көбірек әртараптандырылады. Алматы қ. ЖӨӨ (елдің 21,2%-ы) көлемі бойынша Батыс макроөңірінің ЖӨӨ (елдің 23,8%-ы) салыстыруға келеді, бірақ құрылымы бойынша ерекшеленеді: Батыс макроөңірінің ЖӨӨ 57% тау-кен өндіру өнеркәсіптерімен түзіледі, ал Алматы қаласы экономикасының негізгі драйверлері қызмет көрсету секторы болып табылады (атайп айтсақ, тасымалдау және қоймалау).

ҒТАМР

14.15.15

Айгүл Сәдуақасова

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы
(Астана қ., Қазақстан)*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі ғалымдар тобының 2013–2015 жылдары жүргізген әлеуметтік зерттеулерінің негізгі нәтижелері қарастырылды, сондай-ақ қоғамның Ассамблея қызметінің мақсаты мен міндеттері туралы пікірі берілді. Зерттеу нәтижелері Ассамблея қызметіне сұраныстың өте жоғары екендігін көрсетті. Бұдан бөлек, мақалада «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Бірегейлік пен бірлік» төртінші реформасын жүзеге асырудағы ҚХА-ның рөлі талданып, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту жолындағы жаңа тәсілдер мен бағыттар белгіленді.

Түйінді сөздер: *Қазақстанның этностық топтары, мемлекеттік этносаясат, Қазақстан халқы Ассамблеясы, бірегейлік, қоғамдық пікір.*

Айгуль Садвокасова

РОЛЬ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА В УКРЕПЛЕНИИ КАЗАХСТАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И ЕДИНСТВА

Аннотация. В статье рассматриваются основные результаты социологических исследований, проведенных в 2013–2015 гг. группой ученых Научно-экспертного совета АНК. Приводятся данные об общественном восприятии целей, задач, оценки деятельности Ассамблеи народа Казахстана. Результаты исследования показывают высокий уровень востребованности деятельности Ассамблеи. В работе отмечается роль АНК в реализации четвертой реформы «Плана нации – 100 конкретных шагов» «Идентичность и единство», обо-

значены новые подходы и направления, нацеленные на укрепление казахстанской идентичности и единства.

Ключевые слова: этнические группы Казахстана, государственная этнополитика, Ассамблея народа Казахстана, идентичность, общественное мнение.

Aigul Sadvokasova

ROLE OF THE PEOPLE’S ASSEMBLY OF KAZAKHSTAN IN STRENGTHENING OF IDENTITY AND UNITY IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article discusses the findings of the sociological surveys conducted in 2013-2015 by an expert group of the Academic Expert Council of the People’s Assembly of Kazakhstan. The data reveals the public perception of the goals, objectives, and assessment activities of the People’s Assembly of Kazakhstan. The findings show a high level of demand for the Assembly. The article emphasizes the notes the role the Assembly could play in implementation of the fourth “step” within the reforms stipulated in the «100 Precise Steps Nation’s Plan». The «Identity and Unity» rubric of the “Nation’s Plan” identifies the new approaches and directions in order to consolidate the common identity and unity of the people Kazakhstan.

Keywords: *ethnic groups in Kazakhstan, state ethnic policy, the People’s Assembly of Kazakhstan, identity, public opinion.*

Кіріспе. Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі – ҚХА) – конституциялық, консультативтік-кеңесші органдарының, сондай-ақ қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын жетекші қоғамдық-саяси институттардың бірі. Ұйымның өзіндік даму тарихы бар. Ассамблея өзінің қызметінде ауқымды шараларды жүзеге асырып, этносаралық қатынастар саласында тұжырымдамалық құжаттар дайындады.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Бірегейлік пен бірлік» бағыты бойынша Ассамблеяның жүргізіп отырған қызметінің маңызы зор. Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында реформаларды заңнамалық қамтамасыз ету, Ассамблеяның қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға дамудың жаңа трендтерін енгізу шаралары қабылданды.

2015 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеялар құндылықтарына негізделген қосымшалар, «жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясат» тұжырымдамасы енгізілді.

Мақсаты – мемлекеттік билік жүйесіндегі, елдің қоғамдық-саяси өмірі мен қазақстандық қоғамды біріктірудегі ҚХА-ның рөлін кешенді зерттеу.

Зерттеу әдіснамасы: жалпы іріктелген 3000 респондент.

Әдісі: «Бетпе-бет» әдісі (сұхбат).

Сауалнама сұрақтары: 57+9 әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер.

Сауалнама Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ 14 облыста жүргізілді. Өңірлік, гендерлік, этностық және кәсіби деңгейдегі елдің құрылымын анықтайтын 18 және одан жоғары жастағы Қазақстан Республикасы халқына берілетін квоталық іріктеу негізінде құрылды.

Зерттеу нәтижелері. ҚХА қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі осы ұйымның маңызы мен мәнін халықтың дұрыс түсінуінде болып отыр. Осыған байланысты сауалнамада респонденттер «ҚХА – Қазақстандағы этностардың өкілдігі» деген анықтаманы жиі таңдаған. Мәселен, 2015 жылы респонденттердің 35,7 %-ы осылайша жауап берген (2013 ж. – 33,7%, 2014 ж. – 33,9%).

Респонденттердің 32,5%-ы таңдаған «Қазақстан этностарының мәдениетін, салт-дәстүрлері мен тілдерін дамыту жөніндегі ұйым» деген нұсқа екінші орынға шықты. 2013 және 2014 жылдары бұл нұсқа сәйкесінше 26,3% бен 21,0%-ды алып, үшінші орынға шыққан.

«Ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайтатын жалпыхалықтық орган» нұсқасы 26,9%-ды жинап, үшінші орынды иеленді (бұл нұсқа 2014 жылы 21,3 % болса, 2013 жылы жауаптар ішінде болмаған).

«ҚХА – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган» деген жауапты респонденттердің 25,7%-ы берген (2013 жылы – 12,9%, 2014 жылы – 16,9%). Бұдан халықтың ҚХА жөніндегі ақпараты едәуір артқанын көруге болады. Бұл Ассамблеяның ақпараттылық белсенділігі мен тұрғындардың ұйым жөніндегі хабарының артуына байланысты болуы да мүмкін.

Пайыздық мәнде 2013 жылғы өз позициясын қайтарып алған және 2014 жылы 6,6%-ға қарсы 18,4% жинаған «барлық 17 млн қазақстандық» нұсқасы айрықша назар аударуға тұрарлық. Оның үстіне елорда тұрғындарының 60,9%-ы осы нұсқаны таңдаған.

Жас көрсеткіштері арасында нұсқалардың барлығы шамамен бірдей жауаптар санына ие, десек те «Қазақстандағы этностардың өкілдігі» жауап нұсқасы аға буынның (61 жастан жоғары) басым қолдауына ие болған (1, 2-кестелер).

1-кесте. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бұл (Бұл сұраққа Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы білетін және естіген респонденттер ғана жауап береді).

| Жауап нұсқалары | 2013 | 2014 | 2015 |
|--|------|------|------|
| | % | % | % |
| Қазақстандағы этностардың өкілдігі | 33,7 | 33,9 | 35,7 |
| Қазақстандағы этностардың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен тілдерін дамыту жөніндегі ұйым | 26,0 | 21,0 | 32,5 |
| Барлық 17 млн қазақстандық | 21,3 | 6,6 | 18,4 |
| Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган | 16,9 | 12,9 | 25,7 |
| Қоғамдық келісім мен халық бірлігін нығайту жөніндегі жалпыұлттық орган | - | 21,3 | 26,9 |
| Жауап беруге қиналамын | 2,2 | 3,8 | 3,1 |
| Басқа жауаптар | - | 0,5 | - |

2-кесте. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бұл (Бұл сұраққа Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы білетін және естіген респонденттер ғана жауап береді, жасы, %).

| Жауап нұсқалары | 18-29 жас аралығы | 30-45 жас аралығы | 46-60 жас аралығы | 61 жастан жоғары |
|--|-------------------|-------------------|-------------------|------------------|
| Қазақстандағы этностардың өкілдігі | 37,2 | 32,5 | 30,5 | 49,6 |
| Барлық 17 млн қазақстандық | 16,8 | 18,9 | 17,6 | 21,8 |
| Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган | 25,5 | 25,3 | 26,3 | 26,2 |
| Қазақстандағы этностардың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен тілдерін дамыту жөніндегі ұйым | 34,0 | 33,8 | 32,2 | 26,2 |
| Қоғамдық келісім мен халық бірлігін нығайту жөніндегі жалпыұлттық орган | 28,3 | 24,5 | 32,0 | 22,2 |
| Жауап беруге қиналамын | 4,0 | 3,0 | 2,0 | 3,2 |

Мақсаты мен міндеттері туралы келесі сұрақ Ассамблеяның этносаралық қатынастар бағытындағы қызметі туралы халықтың ой-пікірлерін ашуға мүмкіндік береді. 2015 жылғы сауалнамада танымалдылыққа ие болған үш сұрақ келесідей:

- елде қақтығыстардың орын алуына жол бермеу – 52,4% (2014 жылы – 48,3%, 2013 жылы – 44,8%), оның үстіне Қазақстан халқы осы идеяны қолдайды;

- Қазақстандағы этностардың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен тілдерін сақтау – 47,9% (2014 жылы – 50,0%, 2013 жылы – 50,7%);

- қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту – 44,2% (2014 жылы – 43,9%, бұл нұсқа 2013 жылғы сауалнамада болмаған).

Айта кетейік, 2014 және 2013 жылдары ҚХА қызметінің ең негізгі үш міндеті жауап нұсқалары ретінде алынып, басқа тәртіпте берілген болатын.

Әлемдегі қақтығыстық жағдайлардың өршуіне және осыған орай халықтың қорқыныш-үрейі артуына байланысты 2015 жылы «қақтығыстардың орын алуына жол бермеу» деген жауап бірінші орынға шықты.

Респонденттерге ҚХА қызметінің міндеті әртүрлі анықтамамен жауап ретінде берілді. Бұл да ұйымның негізгі мақсатын ашады. Мәселен, респонденттердің 39,0%-ы ҚХА-ның негізгі міндеті «қоғамдық келісім мен этностар арасындағы төзімділікті сақтау» дегенді алға тартса (2014 жылы – 33,7%, 2013 жылы – 31,2%); 34,3%-ы «елдегі барлық этностардың мүддесін қорғайды» деген нұсқаны белгілеген (2014 жылы – 30,8%, 2013 жылы – 35,4%). Респонденттердің 23,0%-ы «ҚХА-ның міндеті қоғамды біріктіру»-ді таңдаса (2014 жылы – 22,6%, 2013 жылы – 32,3%); 20,3%-ы «қазақстандықтардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деген жауапты белгілеген (2014 жылы – 27,5%, 2013 жылы – 22,2%). Сұралғандардың 15,0%-ы «азаматтық қағидат негізінде қазақстандық бірегейлікті нығайту» деген жауапты ұсынған (бұл сұрақ 2014 және 2013 жылдардағы сауалнамаларда болмаған). Аталған міндеттер институт қызметінің ерекшелігін көрсетеді. Жалпы алғанда, ҚХА-ның қызметімен таныс халық ұйымның міндеттерін нақты көрсеткен.

Сұралғандардың ішінде жоғарыда аталған үш міндет этностар арасында басым дауысқа ие болғандығын айта кеткен жөн (3, 4-кестелер).

3-кесте. Қазақстан халқы Ассамблеясы алдында қандай мақсаттар мен міндеттер тұрғанын айта аласыз ба? (Бұл сұраққа Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы білетін және естіген респонденттер ғана жауап береді.)

| Жауап нұсқалары | 2013 | 2014 | 2015 |
|--|------|------|------|
| | % | % | % |
| Қоғамды біріктіру | 32,3 | 22,6 | 23,0 |
| Қазақстандықтардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 22,2 | 27,5 | 20,3 |
| Мемлекеттік тілді насихаттау | 22,9 | 21,0 | 15,6 |
| Азаматтық қағидат негізіндегі қазақстандық бірегейлікті нығайту | - | - | 15,0 |
| Ел тәуелсіздігін нығайту | 18,6 | 15,2 | 13,3 |
| Этносаралық қатынастарды басқару | 16,2 | 14,5 | 12,7 |
| Жекелеген этностардың мүдделерін қорғау | 17,0 | 20,7 | 12,1 |
| Қазақтардың мүддесін қорғау | 8,4 | 12,7 | 5,3 |
| Қақтығыстардың орын алуына жол бермеу | 44,8 | 48,3 | 52,4 |
| Қазақстан этностарының мәдениетін, салт-дәстүрлері мен тілдерін сақтау | 50,7 | 50,0 | 47,9 |
| Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту | - | 43,9 | 44,2 |
| Елімізде мекендейтін барлық этностардың мүдделерін қорғау | 35,4 | 30,8 | 34,3 |
| Қоғамдық келісім мен этносаралық төзімділікті сақтау | 31,2 | 33,7 | 39,0 |
| Халықтың пікірін білдіру | - | 0,1 | - |
| Жауап беруге қиналамын | 0,7 | 1,7 | 2,7 |

*Респонденттер жауап нұсқаларының бірнешеуін белгілеуі мүмкін екендігін ескерсек, алынған сома 100% емес.

4-кесте. Қазақстан халқы Ассамблеясы алдында қандай мақсаттар мен міндеттер тұрғанын айта аласыз ба? (Бұл сұраққа Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы білетін және естіген респонденттер ғана жауап береді, этностар, %).

| Жауап нұсқалары | Қазақ | Орыс | Украин | Неміс | Татар | Басқа да ұлттар |
|--|-------|------|--------|-------|-------|-----------------|
| Қақтығыстардың орын алуына жол бермеу | 54,6 | 50,3 | 43,8 | 72,0 | 42,3 | 60,0 |
| Қоғамды біріктіру | 18,0 | 28,8 | 62,5 | 84,0 | 53,8 | 40,0 |
| Мемлекеттік тілді насихаттау | 18,9 | 4,9 | 12,5 | 4,0 | 23,1 | - |
| Қазақстан этностарының мәдениетін, салт-дәстүрлері мен тілдерін сақтау | 43,2 | 54,2 | 43,8 | 88,0 | 34,6 | 60,0 |

| | | | | | | |
|---|------|------|------|------|------|------|
| Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту | 42,5 | 44,5 | 87,5 | 92,0 | 50,0 | 60,0 |
| Жекелеген этностардың мүдделерін қорғау | 13,8 | 7,4 | 12,5 | 8,0 | 26,9 | 20,0 |
| Азаматтық қағидат негізіндегі қазақстандық бірегейлікті нығайту | 17,9 | 8,3 | - | 12,0 | 7,7 | - |
| Елімізде мекендейтін барлық этностардың мүдделерін қорғау | 29,7 | 41,1 | 68,8 | 76,0 | 65,4 | 00,0 |
| Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту | 42,4 | 32,4 | 43,8 | 32,0 | 7,7 | 60,0 |
| Қазақтардың мүддесін қорғау | 6,6 | 3,4 | - | - | - | - |
| Қазақстандықтардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 22,4 | 15,7 | 43,8 | 8,0 | 26,9 | - |
| Ел тәуелсіздігін нығайту | 17,2 | 6,1 | - | - | - | - |
| Этносаралық қатынастарды басқару | 14,1 | 10,8 | 12,5 | - | - | - |
| Жауап беруге қиналамын | 2,5 | 4,3 | - | - | - | - |

Сауалнама жүргізу кезінде респонденттерге ҚХА-ның қызметіне мейлінше субъективті баға беруді сұрадық. Ол үшін олар 10 балдық көрсеткішті қолданды (мұндағы, 1 – қызметі өте нашар, ал 10 – өте жақсы).

Алынған нәтижелер респонденттердің басым көпшілігі ҚХА-ның қызметін оң бағалайтынын көрсетті. Осы жерде айта кететін жайт, соңғы жылдары ҚХА-ның қызметін оң бағалау үрдісі байқалады.

Мәселен, Ассамблеяның қызметін 5 балдан 10 балға дейін бағалаған респонденттердің үлесі 2015 жылғы сауалнамада 95,3%-ды құрады, 2014 жылы респонденттердің 77,2 %-ы оң баға берген.

2015 жылы барлық бағыттар бойынша бағалау көрсеткіштері алдыңғы жылмен салыстырғанда жоғары болды (5-кесте).

5-кесте. Бағыттар бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметіне берілген орташа баға

| | 2014 | 2015 |
|--|------|------|
| Қоғамдық келісім мен этностар арасындағы төзімділікті сақтау | 7,7 | 8,0 |
| Азаматтық қағидат негізіндегі қазақстандық бірегейлікті нығайту | - | 7,8 |
| Қазақстандағы барлық этностардың мемлекеттік тілді меңгеруі | 6,12 | 7,4 |
| Патриотизмге тәрбиелеу | 6,99 | 7,6 |
| Төзімді әлеуметтік орта құру | 7,51 | 7,8 |
| Қазақстан этностарының мәдениетін, салт-дәстүрлері мен тілдерін сақтау | 7,81 | 7,9 |
| Қазақстанның тұрақты дамуы | 7,7 | 7,8 |

Бес институционалдық реформа шеңберінде ҚХА азаматтық сектордың жұмысын жетілдіру, әсіресе қазақстандық бірегейлікті нығайту бойынша бірқатар тың ұсыныстар беріп, үйлестіру қызметін атқарды. Олардың қатарында қайырымдылық шаралар, медиация, Қоғамдық келісім кеңестері бар. Зерттеу нәтижелері бойынша аталған бағыттар халықтың кең қолдауына ие болды (6-кесте).

Ассамблея жылында «Менің Қазақстаным» пойызы, «20 қайырымды іс», «Тайқазан» шаралары сұралған респонденттердің арасында да жоғары көрсеткішке ие болды.

6-кесте. Шаралар туралы білесіз бе? Білсеңіз, қолдайсыз ба әлде қарсылық білдіресіз бе? (Бұл сұраққа ҚХА қызметінің жаңа бағыттары, шаралар мен конкурстар туралы білетін және естіген респонденттер ғана жауап береді).

| Іс-шаралар | Қолдаймын | Қолдамаймын | Жауап беруге қиналамын |
|----------------------------|-----------|-------------|------------------------|
| | % | % | % |
| Қайырымдылық істер | 70,9 | 2,4 | 26,7 |
| Қоғамдық келісім кеңестері | 76,9 | 1,4 | 21,7 |
| Медиация орталығы | 75,9 | 1,6 | 22,5 |
| «20 қайырымды іс» шарасы | 67,0 | 2,5 | 30,5 |
| «Менің Қазақстаным» пойызы | 69,7 | 2,0 | 28,3 |
| «Тайқазан» шарасы | 74,1 | 4,9 | 21,0 |

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын жетілдіру бағытында тұрғындардың ұсыныстарын зерттеп, іріктеу мақсатында респонденттерге «Алдағы уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы қандай мәселелерді шешеді?» деген сұрақ берілді. Осы күнге дейінгі зерттеулердегідей, респонденттердің басым көпшілігі «жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісім» деген жауап нұсқасын (68,8%) тандаған (2014 жылы – 52,8%, 2013 жылы – 51%). Ал «азаматтық қағидат негізіндегі қазақстандық бірегейлікті нығайту» нұсқасы (52,1%) екінші орынға шықты.

«Қақтығыстарды шешу» нұсқасының көрсеткіштері (42,3%) әлдеқайда артқан (2014 жылы – 11,8%, 2013 жылы – 13,7%).

Алдыңғы зерттеулерге қоса, мынадай анықтамалар қосылды: «мемлекеттік органға айналады» (6,8%), «қоғамдық бақылаудың міндетін атқарады» (16,5%) және «қайырымдылық шаралардың орталығы болады» (7,8%) (7-кесте).

7-кесте. Алдағы уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы қандай мәселелерді шешеді?

| Жауап нұсқалары | 2013 | 2014 | 2015 |
|---|------|------|------|
| | % | % | % |
| Ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім | 51,0 | 52,8 | 68,8 |
| Азаматтық қағидат негізіндегі қазақстандық бірегейлікті нығайту | - | - | 52,1 |
| Қақтығыстарды шешу | 13,7 | 11,8 | 42,3 |
| Мұндай ұйымның қажеттігі болмайды | 4,4 | 5,8 | 6,5 |
| Мемлекеттік органға айналады | 4,8 | 3,9 | 6,8 |
| Қоғамдық бақылау қызметін атқарады | - | - | 16,5 |
| Қайырымдылық істердің орталығына айналады | - | - | 7,8 |
| Оның рөлі төмендейді | - | 1,0 | - |
| Рөлі артады | - | 5,0 | - |
| Жауап беруге қиналамын | 4,2 | 8,7 | 2,4 |

* Респонденттер жауап нұсқаларының бірнешеуін белгілеуі мүмкін екендігін ескерсек, алынған сома 100 %-ға тең емес

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулерге байланысты елдегі қоғамдық келісімді сақтау бағытындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы қоғамның пікірі өте айқын.

Бес институционалдық реформа шеңберіндегі міндеттер Ассамблея қызметінің жаңа бағыттары негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай бағыттарға қайырымдылық шаралары, медиация, Қоғамдық кеңестер және т.б. кіреді.

ҚХА-ның алдағы уақыттағы міндеті қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласы болып қала бермек. Бұл Ассамблея көтеріп отырған мәселелердің өзектілігін көрсетіп, қазірдің өзінде мемлекеттік саясатта жүзеге асырылып жатыр.

ҒТАМР
14.15.15

Қанат Сахариянов
«КТК» акционерлік қоғамы
(Алматы қ., Қазақстан)

ТЕЛЕХАБАРЛАРДЫҢ ДАМУЫН ҚОЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

Аңдатпа. Екі жылдан соң қазақстандық телевизия саласы өзінің алпыс жылдығын тойламақ. Соңғы жарты ғасыр уақытта елімізде телевизия өзінің маңыздылығын жоғалтпай, қазақстандықтар үшін сұранысқа ие бұқаралық ақпарат және сауықтыру құралына айналды.

Сонымен қатар Интернеттің беретін жаңа мүмкіндіктері нәтижесінде интернет пайдаланушылар саны өсуінің тұрақты үрдісі байқалады. Интернетте сұранысқа ие қызмет түрлерінің өсуіне байланысты жақын болашақта телевизия дәуірінің аяқталуы жөнінде мәселе туындауы мүмкін.

Қазақстанда телевизиялық өнімге тұтынушылық сұраныстың жоғарылығын, оның ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағынан маңыздылығын, сондай-ақ ұлттық-нысаналық сәйкестікті қалыптастыруға оң әсерін ескере отырып, медиа қызметтер нарығында қазақстандық телевизиясының бәсеге қабілеттілігін арттыру міндеттері жеке бизнес мүдделері тұрғысынан мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне өтіп жатыр. Осыған байланысты аталмыш бағыттағы мемлекеттік саясаттың ерекшеліктері мәселесі өзектеле бастады. Берілген мәселе шешімі нәтижесі көрсетілген талдамалық зерттеу жұмысының негізінде жатыр.

Түйінді сөздер: *телевизия, Интернет, телевизиялық контент, мемлекеттік саясат.*

Қанат Сахариянов
**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА В СФЕРЕ ПОДДЕРЖКИ
РАЗВИТИЯ ТЕЛЕВЕЩАНИЯ**

Аннотация. Через два года казахстанское телевидение отметит свое шестидесятилетие. За последние полвека телевидение в Казахстане не только не утратило своей актуальности, но и стало наибо-

лее востребованным средством информирования и развлечений казахстанцев.

В то же время отмечается устойчивая тенденция роста количества пользователей сети Интернет, что является следствием предоставляемых Интернетом новых возможностей. В результате рост востребованности услуг, предоставляемых Интернетом, позволяет экспертам ставить вопрос о завершении эры телевидения в уже обозримом будущем.

Учитывая высокий потребительский спрос на телевизионную продукцию в Казахстане, ее значимость с точки зрения обеспечения национальной информационной безопасности, а также позитивное воздействие на формирование национально-ориентированной идентичности, очевидно, что задачи повышения конкурентоспособности казахстанского телевидения на рынке медиа-услуг переходят из плоскости частных бизнес-интересов в плоскость стратегических интересов государства. Вот почему актуализируется вопрос об особенностях государственной политики в этом направлении. Поиск ответа на данный вопрос лег в основу аналитического исследования, результаты которого изложены в настоящей статье.

Ключевые слова: телевидение, Интернет, телевизионный контент, государственная политика.

Kanat Sahariyanov **STATE POLICY TO SUPPORT DEVELOPMENT OF** **TELEVISION INDUSTRY**

Abstract. In two years, the TV industry in Kazakhstan will celebrate its sixtieth anniversary. Over the past half-century, television has been successfully maintaining its relevance and become the most popular means of information and entertainment in Kazakhstan.

In the meantime, the number of Internet users has been steadily growing due to greater possibilities the Internet provides. This growing demand for the Internet services raises the question about the possible end of the era of television in the foreseeable future.

Given that the consumer demand for television in Kazakhstan remains relatively high, it is still important to study its impact in terms of informational dimension of national security and formation of national identity. The major argument is the article is that the need for boosting

competitiveness of Kazakhstan's television on the broader media market goes far beyond the private business interests given its significance for strategic interests of the state. In this context, having an adequate state policy of development of the television industry is vitally important. These are the problematics in the focus the analytical study, the results of which are discussed in the article.

Keywords: *television, Internet, television content, state policy.*

Кіріспе. TNS зерттеу компаниясының мәліметтері бойынша Қазақстан үй шаруашылығының 99%-ында тым болмаса бір теледидардан бар, оның ішінде, үй шаруашылығының 24%-ында екі, ал 5%-ында үштен де көп [1]. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері халықтың арасында телевизия саласы БАҚ-тың ең танымал түрі болып отырғанын дәлелдейді [2].

ҚР-ның Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, 6–74 жастағы Интернет желісін (оның ішінде мобильді ғаламторды пайдаланушылар да бар) пайдаланушылардың үлесі 72,9%-ды, 16–74 жастағы пайдаланушылардың үлесі осы жас санаттағы халықтың жалпы санынан 77,2%-ды құрайды. 6–74 жастағы халықтың жалпы санынан компьютерді пайдаланушылардың үлесі 74,2%-ды, оның ішінде 16–74 жастағы пайдаланушылардың үлесі 77,2%-ды құрайды [3].

Аудиовизуальді, оның ішінде Интернет айналымындағы контенттің негізгі ауқымын осы күнге дейін телеарналар жүргізіп отырғанын ескерсек, телевизия басқа БАҚ-тардан гөрі халықты ақпараттандыруда, ойын-сауық бағдарламаларын таратуда басты рөл атқарып отырғандығы анық. Сонымен қатар Интернеттің жаңа мүмкіндіктері нәтижесінде Интернет пайдаланушылар саны өсуінің тұрақты үрдісі байқалады. Мұндай артықшылықтарға Интернет пайдаланушылардың әртүрлі контентті өз бетінше қалыптастыруын, сондай-ақ хабарды желісіз тарату және мобильді құрылғылар арқылы Интернетке қол жеткізу мүмкіндігін жатқызуға болады. Интернетте сұранысқа ие қызмет түрлерінің өсуіне байланысты алдағы уақытта сарапшылардың телевизия дәуірінің аяқталуы жөнінде мәселені қоюына мәжбүр етіп отыр [4].

Қазақстанда телевизиялық өнімге тұтынушылық сұраныстың жоғарылығын, оның ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан маңыздылығын, сондай-ақ ұлттық-нысаналық

сәйкестікті қалыптастыруға оң әсерін ескерсек, медиа қызметтер нарығында отандық телевизияның бәсеге қабілеттілігін арттыру міндеттері жеке бизнес мүдделері тұрғысынан мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне өтіп жатыр. Осыған байланысты аталмыш бағыттағы мемлекеттік саясаттың ерекшеліктері мәселесі өткірлене түсті. Берілген мәселе шешімі нәтижесі көрсетілген талдамалық зерттеу жұмысының негізінде жатыр.

Телевизияның ұзақ даму тарихында медиа-бизнеске қатысты мәселелер Батыстың ғылыми мектептерінде ең көп зерттелді. Бірнеше онжылдықтар бойы зерттеліп келген медиа-менеджмент саласына американдық зерттеушілер айрықша назар аударғанын айта кеткен жөн. Посткеңестік кеңістікте аталмыш бағытқа ұзақ уақыт бойы жеткілікті деңгейде назар аударылмады. Посткеңестік кеңістіктегі алғашқы зерттеулер көп жағдайда шетелдік тәжірибені зерттеумен, сондай-ақ оны отандық шынайылықта пайдалану мүмкіндіктерімен шектелді. Бұл негізінен Ресей зерттеушілеріне (ресейлік ерекшеліктер бойынша) қатысты. Десек те, Батыс зерттеушілерінен гөрі ресейлік зерттеушілердің ғылыми еңбектері отандық шынайылықты пайымдап зерделеуге мейлінше балама болып табылады. Бұл екі елдің аумағындағы медиалық кеңістікті ұйымдастыру ерекшелігіне (телевизия аудиториясы) байланысты болса керек.

Жалпы, медиа саласындағы ресейлік зерттеушілерді мынадай топтарға бөлуге болады. Біріншісі, медиа-кәсіпорындар менеджментінің нарықтық экономиканың білгілі бір жағдайларына бейімделуін; екіншісі, әлеуметтік-психологиялық аспектілерін; үшіншісі, медиа мәселесін журналистік қызмет тұрғысынан қарастыратын зерттеулер.

Өкінішке қарай, теле-кәсіпорындардың инновациялық қызметін басқарудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ телевизия саласына инвестициялар тарту мәселелері әлі де болса терең зерттелмеген.

Қазақстандықтардың өмірінде телевизия маңызды рөл атқарып отырғанына қарамастан, телевизияның дамуы, келешегі және осы салаға қатысты мәселелерге арналған ғылыми зерттеулер өте аз. Отандық зерттеушілер телевизия саласы бойынша мәселелерді негізінен журналистика мен лингвистика теориясы тұрғысынан қарастырады. Тікелей телевизия саласының менеджментіне арналған ғылыми еңбектер тапшы десе де болады. Ал телевизияны дамыту бағытындағы мемлекеттік саясат мәселелері жөніндегі

материалдардың басым бөлігі ғылыми емес, публицистикалық сипатқа ие.

Әдіснама. Қолданылған әдіснаманың негізін неолиберализм шеңберінде көрініс тапқан идеялар құрайды. Атап айтсақ, автор әдебиет көздерін талдау кезінде нарықтық қатынастар заңына тәуелді бәсекелестік орта ретінде Қазақстанның медиа-саласын зерделеуге тырысқан. Сонымен бірге отандық медиа-нарықты реттеу үдерісінде мемлекеттің маңызы күмән тудырмасы анық. Бір жағынан, мемлекет нормативтік реттеудің, төрешінің міндетін атқарса, екінші жағынан, хабарды тарату шеңберінде тікелей мемлекеттік тапсырыстар механизмдері арқылы дербес медиа-құрылымдарда, не коммерциялық медиа-кәсіпорындарда орналастыратын ақпараттар генераторы ретінде дербес медиа-кеңістіктегі маңызды ойыншы рөлін атқарады.

Қазақстанның медиа саласындағы өзгерістерді пайымдап зерделеуге неолиберализм теоретиктері ішінде Людвиг Эрхардтың көзқарастарының ықпалы үлкен болды. Экономикалық теориялар ішінде автордың ой-көзқарасына айрықша әсер еткен инновациялық экономика, оның ішінде Клейтон Кристенсонның жарғыш инновация теориясы болды.

Қолданылған әдістердің қатарында нормативтік-құқықтық актілерді талдау, әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін екінші реттік талдау, бақылау, жалпылау және сипаттау әдістері бар.

Зерттеу нәтижелері.

Қазақстандағы телевизия саласының қазіргі жағдайы мен даму мәселелері

Бүгінде ел аумағында отандық 111 арна ресми тіркелген, оның 24-і жалпыреспубликалық, ал 87-сі өңірлік мәртебеге ие. Ақмола, Алматы және Павлодар облыстарында 4, Алматы қаласында 14, Астанада 4, Ақтөбе облысында 5, Атырау облысында 3, Шығыс Қазақстан мен Қостанай облыстарында 6, Жамбыл облысында 1, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында 2, Қарағанды облысында 13, Оңтүстік Қазақстан облысында 19 телеарна бар [5]. Сонымен бірге республика аумағында 254 шетелдік телеарна өз өнімін таратуда [6].

Өртүрлі БАҚ аудиториясының көлеміне қатысты мониторингтің мәліметтері Қазақстан халқы арасында сұраныс бойынша телевизия

көшбасшылық позицияны сақтап қалғандығын анықтады [2]. Оның үстіне үшжылдық өлшемдер азғантай болса да, өсудің оң үрдісін көрсеткен.

1-диаграмма. Телевизия аудиториясы, қарқыны



Дереккөз: Сұранысқа ие отандық БАҚ-ты анықтау. Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері бойынша есептер. – Астана: Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі. – 2014. – 154 бет.

Ақпараттық, сондай-ақ ойын-сауықтық сипаттағы бағдарламалардың көзі ретінде телевизияның танымалдылығы оның әмбебаптық сипатында болып отыр. Тұтынудың жоғары көрсеткіштері, ақпараттық әсерінің күші бойынша қазіргі кезде телевизияны БАҚ-тың бірде бір түрімен салыстыруға келмейді. Сонымен бірге қазіргі отандық телевизия саласы экономикалық, әлеуметтік және кәсібилік сипаттағы бірқатар мәселелермен бетпе-бет ұшырауда.

Әлеуметтік сипаттағы мәселелер. Әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер әртүрлі жастағы тұтынушылардың медианы пайдалану тәжірибесінде елеулі айырмашылықтардың бар екендігін көрсетті.

Ақпараттық және ойын-сауықтық сипаттағы бағдарламаларды көрудің жаңа формаларының пайда болуына байланысты жастардың телевизияны тұтыну көлемі қысқара бастады. Бұл негізінен 17 мен 24 жас аралығындағы жастарға қатысты. Балалар мен жасөспірімдерге келсек, олардың үлесі аға буынның үлесімен арасалмақта. Десек те, телевизиялық өнімдерді пайдалану тізімінен жастар аудиториясын толығымен алып тастау жөнінде айтуға әлі ерте. Негізінен телевизияны көру жиілігінің қысқару үрдісі байқалады. Өз кезегінде аға буынның телевизия өнімдерін көруі қалыпты жағдай десе болады.

Жастар мен аға буын өкілдерінің телевизияны тұтыну мотивтерінде айырмашылық бар. Адамдар жасы ұлғайған сайын телевизияны

ақпарат көзі ретінде көбірек пайдаланса, жасы кіші болған сайын ойын-сауық сипатындағы контенттерге сұраныс жоғары. Жастар арасында телевизияның танымалдылығы төмендеу себептерінің бірі осында жатса керек. Телевизияның ойын-сауық сипатындағы контенттері Интернет пен жаңа медиалар беретін әртүрлі форматтардың алдына шыға алмайды. Бұл алдағы уақытта дәстүрлі телевизияға деген сұраныстың төмендейтінін білдіреді.

Тағы да бір көңіл аударатын жағдай – қазақтілді телевизиялық контентті дамыту мәселесі. Жалпы алғанда, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселесі қазақ тіліндегі ақпараттық өнімді дайындауда елеулі сапалы өзгерістерге әкелген жоқ. Қазақтілді контент аудиторияның бүкіл сұраныстарын әлі де болса қанағаттандырмай отыр. Жалпы қазақтілді телеөнімді тұтынушылар да өз пікірлерін білдіріп жатады. Осыған байланысты ұсыныстарды жинақтай келе, төмендегідей кемшіліктерді бөліп қарастыруға болады:

- дубляж бен аударманың сапасын арттыру. Бұл жерде сөздерді дәл қолданбау, аударманың ұғынуға ауырлығы, күрделі терминдерді алақұла қолдану және қажетсіз жаңа сөздер шығару сияқты ескертпелер айтылады;

- отандық сериалдарды, көркем және деректі фильмдерді көбірек түсіру;


- батыстық немесе ресейлік форматтардан «кальканы» жаппай қолданудан бас тарту, төлтума, тың бағдарламалар мен хабарлар шығару;

- ақпараттық өнім орыс тіліндегі контенттен туынды өнім болмауы, өзіндік даму қисынына бағынуы [2].

Экономикалық сипаттағы мәселелер. Отандық телеарналар табысының негізгі баптары мемлекеттік тапсырыстар, жарнамалар мен абоненттік төлемдер болып табылады. Ғаламдық ауқымда телеарналар өзіндік, төлтума контенттерді басқа ретрансляторға сату есебінен айтарлықтай үлкен табыс ала алады. Қазақстанда мұндай табыс алу мүмкін емес. Сонымен бірге шет елдердің телевизия саласы сыртқы инвесторларды тарту арқылы да дамып жатыр. Бұл да біздің елімізге тән емес.

Телерадиотарату ұлттық қауымдастығы мамандарының мәліметтері бойынша 2014 жылы телерадиокомпаниялар үшін мемлекеттік тапсырыс 38,5 млрд теңгені құрады.

2-диаграмма. 2014 жылы ҚР-ның телерадиокомпанияларында (ТРК) мемлекеттік тапсырыстың бөлінуі



Дереккөз: Жаксыбаева Ш. Госзаказ на телевидении: давать нельзя запретить. НАТ Казахстана, 2014

2014 жылы бөлінген сома келесідей: мемлекеттік ТРК-ға – 36 136 267 607 тг (2015 жылы 36 415 979 000 теңге бөлінген, яғни үш жүз миллионға жуық өсім байқалады), коммерциялық жалпыұлттық ТРК-ға – 765 338 435 тг, өңірлік ТРК-ға – 1 173 593 778 тг бөлінген. Өзге шығындарға 356 054 558 тг жұмсалған [7].

Негізгі тапсырыс алушы мемлекеттік телерадиокомпаниялар – «Қазақстан», одан кейін «Хабар», «КТР», «Президент ТРК-сы», «Мир». Жекеменшік телерадиокомпанияларда мемлекеттік тапсырысты орналастыру үдерісінде негізгі салмақ облыстық әкімдіктерге түседі. Бұл ретте мемлекеттік тапсырысты орналастыру бағытындағы мемлекеттік саясат мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалғандардың бәрін мемлекеттік тапсырыс бойынша құрылған Контент қорында тіркеуді және көрсету шарттарын сақтай отырып, ҚР-ның барлық телерадиокомпанияларына өтеусіз беруді көздейді.

Республика аумағында ұлттық оператор тарататын еркін қолжетімді телеарналардан [8] бөлек бірте-бірте ақылы телевизия нарығы кеңейіп келеді. Атап айтсақ, сарапшылар 2012–2017 жылдары ақылы қызметтердің 24%-дан 52%-ға өсуін күтеді [9]. 2Day Telecom сарапшылары да 2017 жылдың соңына қарай ақылы қызметтер нарығы 52%-ға артатынын болжап отыр [10].

Елімізде кабельді телевизия нарығын 99 кабельді оператор ұсынып отырғандығына қарамастан, отандық нарықта төрт негізгі ойыншы бар, атап айтсақ: АЛМА-ТВ – нарықтағы үлесі үлкен (шамамен 42%); «Қазақтелеком» (32%); ОТАУ (10%); ICON (5%) [11].

Отандық телевизияның ақылы сегментіне тән мәселе нарықтың аз сыйымдылығы болып отыр. Алдағы уақытта 2017 жылға дейін нарық жылына 20%-дан көп тұрақты өсуін сақтаса, жыл соңына қарай 241 млн АҚШ долларын құрауы мүмкін. Сонымен бірге Қазақстандағы ақылы қызметтер нарығының ақшалай шағылуы теңгенің құбылмалылығына тікелей байланысты. Бұдан бөлек, ақылы телевизия нарығына кері әсерін тигізіп отырған жанама факторлар да бар. Біріншіден, нарықтың дамуын мемлекеттік реттеу және DVB-T2 стандартын дамыту арқылы тежеуі мүмкін, бірақ оны жүзеге асыру ықтималдылығы азғантай. Екіншіден, абоненттердің сатып алушылық қабілетінің төмендігі.

Мемлекеттік телеарналар бюджеттен қаржыландырылып отырғандығына қарамастан, телеиндустрияның ең негізгі табыс көзі жарнама болып табылады. Қазақстандық International Media Service жүргізген зерттеулер мынадай көрсеткіштерді тіркеді. 2015 жылы Қазақстанның тележарнама нарығы ҚҚС-ны есептегенде, 22,4 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 6%-ға төмен (доллармен 24%-ды құрайды) [12]. Көптеген сарапшылар мен медиакомпаниялар жарнама нарығының төмендеу себептерінің бірі макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауынан деген ортақ пікірге келеді. Мұның негізгі себептері ретінде макроэкономикалық деңгейде әлемдік экономикалық конъюнктураның өзгеруі мен Қазақстанның негізгі экспорттық тауарларына бағалардың күрт төмендеуі көрсетілген. Жарнама бюджетінен бөлек 2015 жылы GRP пунктердің көлемі мен сағаттардағы жарналар қысқарды. Мұндай жағдай 2009 жылғы дағдарыстан бері алғаш рет орын алды.

Сонымен қатар елдегі телетұтыну нарығының құрылымы үшін ҚР «Жарнама туралы» Заңының [13], әсіресе 2015 жылдың соңына қарай қабылданған ҚР-ның «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңына енгізілген өзгерістердің маңызы зор. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, ретрансляцияланатын телеарналарда жарнама көрсетуге тыйым салынған. Атап айтсақ, жаңа редакциядағы ҚР «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заңының 34-бабында былай делінген:

«1. Теле-, радиоарнаны, теле-, радиобағдарламаны ретрансляциялау, егер телерадио хабарларын тарату операторлары мен құқық иеленуші - теле-, радиокөпмания арасында жасалған шартта өзгеше көзделмесе, сондай-ақ осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, мазмұнына өзгерістер енгізілместен жүзеге асырылады.

2. Телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік теле-, радиоарналарды ретрансляциялау кезінде жарнаманың таратылуына жол бермеуге тиіс» [14].

Заңның жаңа редакциясы ең алдымен жарнама берушілердің, кабельді желілер операторларының, медиалық агенттіктер мен телеарналардың мүддесін қорғайды. Түзету енгізудің негізгі міндеті – жарнамадан түскен қаржының шет елдерге ағылуын азайту және жарнама сегменті айналымындағы қаржы ағындарын отандық эфирлі телевизияға қайта бағыттау. Қабылданған шаралардың тиімділігі жөнінде сарапшылардың пікірі екіге жарылды. Мәселен, кабельді операторлар өкілдері аталған өзгерістер медианарыққа айтарлықтай табыс әкелмейді дейді. Олардың айтуынша, жарнама берушілер өз аудиториясын басқа алаңдардан іздей бастауы мүмкін. Бюджетті қайта бөліп, бар күш-жігерін Интернетке салады. Күтілетін қаржы эфирлі телевизияға кері қайтпайды. Мұндай қорытындыны кезіндегі Ресей мен Украина тәжірибесінен де шығаруға болады.

Кейбір қоғамдық мамандандырылған ұйымдардың өкілдері Қазақстандағы эфирлі телевизияның жағдайы жақсаратынына күмән келтіреді. Олардың пікірінше, эфирлі телеарналардағы контент пен оны беру сапасы жақсарған жағдайда ғана жарнама берушілер жарнаманың көлемін ұлғайтпақ. Сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінген ақша эфирлі телевизиялық өнімнің сапасына әсерін тигізген жоқ.

Алдағы уақытта эфирлі телевизияның жарнама секторының молығуына медиа-агенттіктің өкілдері де күмәнмен қарайды. Ұлттық жарнама берушілер тарапынан жарнамалық белсенділікті тоқтату күтілуде [15].

Кәсібилік сипаттағы мәселелер. Кәсібилік сипаттағы мәселелер объективті, сондай-ақ субъективті факторлардың көрінісі болуы мүмкін. Объективті факторларға тұтынушылар нарығының аз сыйымдылығы жатады, шығарылатын өнімге кеткен шығынның орны толмауы. Субъективті фактор ретінде кадр мәселесін айтуға болады. Кәсібилік сипаттағы мәселелердің жалпы белгілері төмендегідей:

Біріншіден, жаттанды контент. Отандық телевизиядағы негізгі мәселе – төлтума контенттің сапасы мен көлемі. Қазір телеарналарды көп жағдайда шетелдік телевизияның (көбінесе ресейлік) бағдарламаларын көшіргені, сондай-ақ тың бағдарламалар жасауға қабілетсіздігі үшін сынға алуда.

Екіншіден, қазақстандық мазмұнның жеткіліксіздігі. Елімізде отандық сериалдардың санын көбейту жөніндегі мәселе пісіп жетілді. Бұдан бөлек сұраныс деңгейінің төмендегіне қарамастан, ұлттық мүдде үшін тәлтума білімдік және танымдық бағдарламаларды дамыту қажет.

Үшіншіден, журналистердің кәсіби дайындық деңгейінің төмендігі. Қарапайым халық жергілікті, сондай-ақ республикалық телевизияларда жоғары білікті журналистердің жоқ екендігін айтып, қынжылыс білдіруде (сапасыз әрі қызықсыз материалдар берілуі, журналистік ізденістердің жоқтығы мен оқиғаның аяғына дейін баяндалмауы және т.б.).

Төртіншіден, жаңалықтарды беруде объективтіліктің жоқтығы. Отандық телеарналар мен БАҚ-тарда ақпаратты берудің объективтілігі кемшін түсіп жатыр. Оны отандастарымыз, бір жағынан, мемлекеттің қаржыландыруымен байланыстырса, екінші жағынан, жоғарыда айтылғандай, ақпаратты атүсті беретін, тіпті жоғары рейтинг үшін оны әдейі бұрмалайтын журналистердің кәсіби деңгейінің төмендегімен байланыстырады.

Бесіншіден, салалық арналар санының жеткіліксіздігі. Мұндай ескертпелерді көбіне 18–24 жастағы жастар білдірген. Олар шетелдік салалық телеарналарға қарағанда қазақстандық ғылыми-көпшілік, құқықтық және т.б. арналардың аздығын көрсетеді.

Отандық телехабар таратуды дамытудың келешегі. Мемлекеттік саясат

Мемлекеттің қазақстандық медиа сегментті дамытудың келешегіне қатысты саясаты бірқатар бағдарламалық құжаттарда көрініс тапқан [16-17], оның ішінде «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасының маңызы айтарлықтай зор. Бұл бағдарламаның ережелеріне сәйкес, отандық медиа саласының өзекті міндеті барлық ұлттық желілерді жаңғырту болып табылады [18]. Аталған міндеттер жаһандық ақпараттық дәуірде қоғамдық қатынастардың өзгеру үдерісімен байланысты туындап отыр. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарын жаңғыртуға қатысты бөлігінде қазақстандық БАҚ жұмыс істейтін органың бәсекелестік сипаты көрсетілген. Басты бәсекелестердің бірі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары болып отыр. Қазіргі қалыптасқан жағдай – мемлекеттің сарабал саясатының нәтижесі. Қазақстан Республи-

касы өз тәуелсіздігін алған күннен бері елдің ақпараттық кеңістігі шетелдік масс-медиа үшін ашық болды. Мемлекет өзіндік медиа-индустрияны ілгері дамыту үшін қолайлы жағдай жасады.

Мұндай жағдайдың қатарына материалдық-техникалық базаны қалыптастыруды жатқызуға болады, мысалы, 2010 жылдың аяғынан бастап ұлттық спутник жүйесі іске қосылды. 2012 жылы отандық нарықта бірегей бизнес-модельге айналған «Қазмедиа орталығы» телерадиокешенінің құрылуы да – осының жарқын үлгісі. Телерадиокешеннің міндеттері: біріншіден, телерадио хабарларының сапалы әрі үздіксіз таралуын қамтамасыз ету; екіншіден, техникалық, әкімшілік және шығармашыл қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау; үшіншіден, Қазақстанның бүкіл, оның ішінде жекеменшік медиа нарығы үшін инфрақұрылым құру [19].

Телевизия саласына қатысты негізгі нысаналы индикаторлар келесі көрсеткіштерді көздейді [18]:

- 2017 жылы республика аумағын сандық телерадио таратылым желісімен қамту 100% -ды құрауы;

- 2017 жылы ұлттық спутник абоненттерінің саны 700 мыңға дейін, ал 2020 жылы 1 млн-ға дейін жетуі;

- 2017 жылы 45 отандық телеарна бүкіл ел аумағында қолжетімді болуы;

- қазақстандық телевизия арналарының таралу географиясы 2017 жылы 100 шет елге дейін, ал 2020 жылы 110 елге кеңейуі;

- қазақстандық БАҚ-тың жартысы (50%-ы) 2017 жылы Интернет нұсқаға көшуі, ал 2020 жылы бұл көрсеткіш 80%-ды құрауы;

- халықтың ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыру тұрғысында отандық БАҚ-тың сұранысқа ие болуы 2017 жылы 64%-ды, ал 2020 жылы 70%-ды құрауы;

- 2012 жылмен салыстырғанда мемлекеттік БАҚ-тармен тартылатын жарнама нарығының көлемін 2017 жылы 35%-ға, ал 2020 жылы 50%-ға арттыруы тиіс.

Белгіленген кейбір сандық индикаторларға 2014 жылы қол жеткізілді [20]. Атап айтсақ, 2014 жылы қазақстандық телеарналардың таралу аймағы 118 елге кеңейді. Мұндай нәтижеге «KazakhTV» телеарнасының белсенді қызметі арқылы қол жеткізілді. Сонымен бірге отандық БАҚ-тың 94%-ы Интернет нұсқаға көшкен. Мемлекеттік медиа-кәсіпорындар 2014 жылы Android және IOS жүйелеріне екі мобильді қосымшадан жасады.

Эфирлі телевизияны сандық форматқа көшіру қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын техникалық базамен одан әрі жаңартуды көздейді. «Қазмедиа орталығының» алғашқы төрт жылдағы жұмысының тәжірибесі өндірістік құрылымды кеңейту, сондай-ақ оның базасында мемлекеттік телеарналардың алтын қорының сандық мұрағатын жасау міндеттерін қойды. Отандық телеарналардың өнімді жасаудың заманауи технологияларына, оның ішінде лентасыз өндіріс технологиясына көшуінің маңызы зор.

Шет елдерге отандық телеарналар хабарларын тарату географиясын кеңейтудің амбициялы жоспарына қарамастан, елдің тікелей өз аумағында да отандық телеарналардың таралу географиясын кеңейту мәселесі туындап отыр. Осы мақсатта мемлекет елдің шалғайдағы елді мекендері есебінен республикалық арналардың хабар тарату географиясын кеңейтуге қолдау көрсетуге ниетті.

Ол мемлекет алдына Интернетте мемлекеттік телеарналардың онлайн-қатысуына қолдау көрсету міндетін қойды. Бұл бір жағынан, телеөнімдердің Интернет-нұсқаларын танымал ету бойынша ақпараттық науқан жүргізуді, екінші жағынан, қолданыстағы нұсқаларға мобильдік қосымшалар әзірлеуге көмек көрсетуді көздейді. Бұл ретте көрсетілген онлайн белсенділікті дамытуды қолдау мен ынталандыру шаралары мемлекеттік телеарналарда ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік емес телеарналарда да таралатынын қаперде ұстаған жөн.

Өзіндік контент өндірісінің нашар дамуы қазақстандық медиа-қызметтер нарығындағы негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Бұл шетелдік телеарналармен бәсекелестік жағдайында отандық телеарналардың тұрақтылығын айтарлықтай төмендетеді. Осыған байланысты отандық медиа-индустрияның дамуын ынталандыру механизмдерін іздеу жөніндегі мәселе өткірлене түсуде. Өзіндік контент өндірісінің дамуы үшін ресурстарды зерттеу мәселесімен қатар шығарылатын өнімнің сапасын арттыру мәселесі де алға шығып отыр. Атап айтсақ, мемлекеттік телеарналардың сапасын HD форматы деңгейіне дейін арттыру міндеті қойылды. Мемлекеттік тұрғыдан 3D фильмдер, голографиялық бейнелер және басқа да инновациялық шешімдер сияқты жаңа форматтағы Мультимедиялық өнімдер жасау орталықтары Қазақстанда шығарылатын телевизиялық өнімнің сапасын арттыруда едәуір үлес қосатыны анық [18]. Телеарналар болса, мұндай бастамалардың келешегін бағалау кезінде шығындар мен табыстардың арақатынас қисынын зерттейді. Сапалы өзіндік

төлтума контентті жасауға кететін шығындардың көптігі мен қазіргі өмір жағдайында шығынның орны толтыру мерзімі өте ұзаққа созылатынын ескерсек, отандық телеарналардың директорлары мемлекеттік телеарналарда шетелдік сериалдарды үш жылға дейін көрсетуге протекционистік режим құру және мораторий енгізу туралы идея ұсынып отыр [21]. Сонымен бірге ашық ақпараттық кеңістік жағдайында медиа-индустрияның дамуы тұтынушылық нарықпен және халықтың отандық контентке сұранысына тікелей байланысты. Отандық өндіріс контентіне сұраныстың артуына байланысты 2013 жылы ақпараттық қауіпсіздік мәселесі туындады. Мәселен, ҚР-ның Ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасына сәйкес, 2016 жылға дейін отандық ақпараттық өнімді тұтынушылар сұранысын 2012 жылы 35%-ға, 2013 жылы 40%-ға, 2014 жылы 45%-ға, 2015 жылы 50%-ға және 2016 жылы 55%-ға жеткізу жоспарланды [17].

Мемлекеттік телеарналарды басқару шеңберінде мемлекет алдына қойылған өзекті міндеттердің бірі – стратегиялық жоспарлау деңгейін арттыру. Жұмыс істейтін медиа-кәсіпорындарды басқару үлгісінің өзгерісіне келсек, бұл бағытта бірқатар шараларды жүзеге асыру жоспарланған. Атап айтсақ: біріншіден, мемлекеттік телеарналардың штат кестесін қайта қарау және оңтайландыру, олардың құрылымына Интернет-редакцияны енгізу; екіншіден, телевизиялық өнімді танымал ету, сондай-ақ ақпаратты, оның ішінде мобильдік ақпаратты тартудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану арқылы оны құлақтандыру тәжірибесін дамыту; үшіншіден, отандық контентті тұтынушы нарығына жылжыту үдерісін арттыру; төртіншіден, маркетинг жұмыстарын күшейту және хабарды тарату желісін қалыптастыру кезінде ең алдымен телеарналар аудиториясының сұранысына бейімделу; бесіншіден, мемлекеттік телеарналар басшылығымен еңбек шарттарына қол қою және шартты ұзарту телеарнадағы бұрынғы жұмысына, аудиторияны кеңейту, телекөрсермендердің қызығушылығын арттыру мақсатында қабылданған шаралардың тиімділігіне және т.б. тікелей байланысты болмақ.

Қорытынды. Қорыта келсек, отандық телевизия саласын дамыту бағытындағы мемлекеттік саясат ең алдымен телехабар тарату кәсіпорындарына өзгермелі өмірге жылдам бейімделуге мүмкіндік беретін институционалдық және техникалық жағдайлар құруға бағытталған.

Қазақстанда телевизия саласын дамытудағы негізгі мәселелердің бірі төлтума аудиовизуальді контент дайындау және бірыңғай телехабар желісінде қазақстандық мазмұнның үлесін арттыру бағытында өндірістік қуаттылықты күшейту болып отыр.

Телетұтынушылардың сыйымды нарығының жоқ болуы отандық телеарналар шығаратын өнімдерді ақшалы ету механизмдерін жүзеге асыруға кері әсерін тигізіп отыр. Мемлекет отандық телеарналарды қорғауға қатысты қолдау шараларын күшейтуге ниетті.

Мемлекет медиа-саладағы өз міндеттерінің бірі ретінде барлық негізгі БАҚ-тың Интернетке көшуін жүзеге асыруға қолдау көрсету деп біледі. «Интернет масс-медиа үшін бірыңғай тұғырнамаға айналатын» болады деп жоспарлануда [18].

Сонымен бірге тактикалық деңгейде бірқатар қажетті жағдайлардың болмауы отандық телеарналардың интернет-кеңістікке көшуіне қиындық тудырып отыр. Отандық телеарналардың тәуекелдері ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

- сандық өлшемде жастарды қамтитын тұтынушылар аудиториясының жеткіліксіздігі;
- Интернетте телетұтынудың қалыптасқан, тұрақты әлеуметтік тәжірибелерінің жоқтығы;
- нағыз интерактивті телевизиялық өнімдерді шығаруға қажет ресурстардың тапшылығы (қаржы, кадр және т.б.);
- телеарналар шығаратын өнімдерді ақшалы етудің оңтайлы тәжірибенің, дәстүрлі телехабар тарату шеңберінде табыстылықты қамтамасыз ету механизмдерімен бірге табыстылық бойынша баламаның жоқтығы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Измерение аудитории СМИ в Казахстане. URL: <http://www.slideshare.net>
2. Определение востребованности отечественных СМИ. Отчет по результатам социологического исследования. – Астана: Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан. – 2014. –154 с.
3. Бюллетень «Об использовании домашними хозяйствами информационно-коммуникационных технологий в Республике Казахстан в 2015 году». URL: <http://www.stat.gov.kz>

4. Едва ли можно говорить о войне на уничтожение между телевидением и интернетом //Газета «Коммерсантъ», №117 (4902), 29.06.2012. – С.5
5. Реестр отечественных телеканалов (2015). – Министерство по инвестициям и развитию РК Комитет связи информатизации и информации. URL: <http://info-con.mid.gov.kz>
6. Реестр иностранных теле-, радиоканалов, поставленных на учет и распространяемых на территории республики Казахстан (2015). –Министерство по инвестициям и развитию РК Комитет связи информатизации и информации. URL: <http://info-con.mid.gov.kz>
7. Жаксыбаева, Ш. Госзаказ на телевидении: давать нельзя запретить. –НАТ Казахстана – 2014. URL: <http://www.slideshare.net/>
8. Приказ Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 23 февраля 2016 года № 213. Об утверждении перечня теле-, радиоканалов свободного доступа, распространяемых национальным оператором. – Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. URL: <http://adilet.zan.kz>
9. Рынок платного телевидения в Республике Казахстан. – J'son & Partners Consulting. URL: <http://json.tv>
10. Проникновение платного ТВ в Казахстане удвоится к 2017 году. URL: <http://365info.kz>
11. Реестр кабельных операторов (2015). – Министерство по инвестициям и развитию РК Комитет связи информатизации и информации. URL: // <http://info-con.mid.gov.kz>
12. Ермакова Д. Телерекламный рынок Казахстана. Итоги 2015 года, URL: <http://grp.kz>
13. Закон Республики Казахстан от 19 декабря 2003 года № 508-II «О рекламе» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.04.2016 г.) URL: <http://online.zakon.kz>
14. Закон Республики Казахстан от 18 января 2012 года № 545-IV «О телерадиовещании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2015 г.), URL: <http://online.zakon.kz>
15. Хе Д. Запрет на рекламу в кабельных телеканалах: как изменится рекламный рынок Казахстана URL: <http://grp.kz>
16. Программа по развитию информационных и коммуникационных технологий в Республике Казахстан на 2010-2014 годы. URL: <http://online.zakon.kz>
17. Концепция информационной безопасности Республики Казахстан до 2016 года. URL: <http://ru.government.kz>
18. Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020». URL: <http://mir.gov.kz>
19. Галеев А. Телерадиокомплексу «Қазмедиа орталығы» исполняется 4 года! Интервью с К. Сахарияновым. URL: <http://www.ktk.kz>
20. Отчет о реализации Плана мероприятий по реализации государственной программы «Информационный Казахстан – 2020» на 2013–2017 годы (первый этап) за 2014 год. URL: <http://info-con.mid.gov.kz>
21. Контент казахстанского вещания увеличится на 10 процентов с 2016 года. URL: <http://www.caravan.kz>

ҒТАМР

06.77

Гүлмира Шерьязданова*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
(Астана қ., Қазақстан)*

ҚАЗАҚСТАНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯ РЕТІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы жаһандық трендтерге негізделген электрондық үкіметті қалыптастыру үдерістері барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанда да жүріп жатыр. E-Government азаматтарға мемлекеттік ақпарат және қоғамдық қызмет көрсету үшін жаһандық Интернет желісін пайдалануды білдіреді. Электрондық үкімет функцияларының бірі – әкімшілік процестердің ашықтығын қамтамасыз ету арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілетін тәуекелдерді азайту. Ашық электрондық байланыстар азаматтар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар тізбегінде лауазымды тұлғалардың болмауын қамтамасыз ете отырып, азаматтардың Интернет арқылы тікелей ұсыныстар мен шағымдарын айту мүмкіндігін береді. Бұл мақалада Қазақстандық электрондық үкіметті жемқорлыққа қарсы қолдану тәжірибесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: электрондық үкімет, ашықтық, әкімшілік кедергілер, бюрократия, сыбайлас жемқорлық.

Гүлмира Шерьязданова

СТАНОВЛЕНИЕ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА КАК АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СТРАТЕГИИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Понятие «электронное правительство» определяется как применение Интернета и электронных средств связи для предоставления правительственной информации и государственных услуг гражданам. Развитие электронного правительства сопровождается ростом транспарентности социальных и политических процессов во всем мире. Казахстан не является исключением.

В рейтинге развития электронного правительства, проводимого ООН, наблюдается устойчивый рост позиций Казахстана. Одной из значимых функций электронного правительства является снижение коррупционных рисков, так как прозрачные электронные коммуникации позволяют непосредственно обращаться гражданам через Интернет, исключая чиновников из цепочки взаимоотношений между гражданами и государством. В статье рассматривается мировой опыт использования электронного правительства как антикоррупционной стратегии и открывающиеся возможности для уменьшения административной коррупции и бюрократии в Казахстане благодаря введению государственных электронных услуг через портал e-gov.kz.

Ключевые слова: электронное правительство, транспарентность, административные барьеры, бюрократия, коррупция.

Gulmira Sheryazdanova

E-GOVERNMENT AS ELEMENT OF ANTI-CORRUPTION STRATEGY IN KAZAKHSTAN

Abstract. Electronic Government is defined as the employment of the Internet and the world-wide web for delivering government information and services to the citizens. The increasing role of electronic government has gone hand-in-hand with the growing demands for transparency and accountability in all regions of the world. Kazakhstan is not an exception. Under the “E-Government Readiness Index”, Kazakhstan demonstrates intensive development of e-government.

The important function of electronic government is reducing the possibilities for corruption. E-government creates a “transparent communication” environment that enables the citizens to contact directly the government via the internet without any intermediary and, therefore, reduces the risk of administrative corruption. The article discusses the world experience of using of e-government as a tool of anti-corruption strategies and the opportunities it provides in order to reduce administrative corruption and bureaucracy in Kazakhstan due to the introduction of the state electronic services portal “e-gov.kz”.

Keywords: electronic government, transparency, administrative barriers, bureaucracy, petty corruption.

Кіріспе. «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық міндеті – әлемдегі бәсекеге ең қабілетті 30 елдің қатарынан орын алу. Бұл рейтингте ілгерілеудің негізгі критерийлері жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі, Дүниежүзілік банкінің «Doing business Index» аталатын бизнесті жеңіл жүргізу индексі болып табылады. Өкінішке қарай, еліміздің «формалды емес төлемдер мен паралар» көрсеткіші бойынша позициясы төмендеу. Бұдан Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі үшін сыбайлас жемқорлық едәуір кедергі келтіріп отырғандығын көруге болады. Қазіргі кезде елімізде «2015–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» қабылданды. Онда жемқорлыққа қарсы күрестегі негізгі шаралардың қатарында «шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыстарын қысқартатын және сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдайларды барынша азайтатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын дамыту мен мемлекеттік аппараттың жұмысын ақпараттандыру жөнінде кешенді шаралар» [1] көрсетілген. Электрондық үкімет порталы арқылы электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету – бюрократиямен күрес, «адам факторын», соның нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтудың маңызды шараларының бірі. Жалпы электрондық үкімет ұғымы Интернет пен электрондық байланыс құралдары арқылы азаматтарға мемлекеттік ақпарат пен мемлекеттік қызметтерді көрсетуді білдіреді. Электрондық үкіметтің әлеуметтік тұрғыдан маңызды функцияларының бірі – әкімшілік және тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты азайту, өйткені ашық электрондық байланыстар азаматтар мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастары тізбегінде шенеуніктердің болмауы арқылы азаматтардың Интернет арқылы тікелей араласуына мүмкіндік береді.

Мақсаты – Қазақстандағы электрондық үкіметтің дайындық индексі мен электрондық үкіметтің даму кезеңдерін қарастыру, жақын шет елдер арасында салыстырмалы талдау жасау, бюрократия мен әкімшілік сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында жемқорлықпен күрес стратегиясы мен міндеттері ретінде электрондық үкіметті пайдалану саласын зерттеу. Жемқорлық көрсеткіштерін төмендету бағытындағы электрондық үкіметтің әсерін қарастыратын шетелдік авторлардың ішінде Bhatnagar and Apikul (2006), Bertot, Jaeger and Grimes (2011), Mon-Chi Lio, Meng-Chun Liu, Yi-Pey Ou (2009), Kima, Kimb, Lee (2008), Наср Г. Elbahnasawy (2013), Andersen, Bentzen,

Dalgaard, Selaya (2011), Luminita Ionescu (2013), Shahjahan H. Bhuiyan (2009), Shimand and Eom (2008) және т.б. айрықша атап өтуге болады. Қазақстанда осы саладағы зерттеулерді Д. Сәтпаев, Ж. Жандосова, Н. Байтүгелова, Ф. Жандосова, С. Куница, З. Тұрысбеков, А. Тағатова, Н. Шілікбаевалар жүргізген.

Зерттеу әдістері. Аталған зерттеу жұмысы бірнеше ресурстарды қамтиды: Батыс зерттеушілерінің қазіргі заман зерттеулері, БҰҰ, International Transparency сияқты халықаралық ұйымдардың есептері, отандық мемлекеттік бағдарламалар мен зерттеу орталықтарының материалдары, e-gov.kz электрондық порталына талдау мен авторлық эмпирикалық зерттеулер. Мақалада отандық баспасөз материалдарын талдауға негізделген контент-талдау қолданылды. Эмпирикалық зерттеулер сауалнама, сұраунама және сарапшылық бағалау әдістерін негізге алып жүргізілді.

Қазақстандағы электрондық үкіметтің дайындық индексі

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы жаһандық даму бағыттарына негізделген электрондық үкіметті қалыптастыру үдерістері барлық елдерде, оның ішінде Қазақстанда да жүріп жатыр. Әлемді ақпараттық тұрғыдан дамыған және дамушы елдер деп бөлетін *global digital divide* жаһандық сандық бөлу термині пайда болғаннан бері еліміз соңғы 6 жылдың ішінде электрондық үкіметті дамытуда едәуір жетістіктерге жетіп, аталған көрсеткішті қысқартты. Мәселен, E-Government Readiness индексіне сәйкес электрондық үкіметке дайындығы бойынша 2014 жылы Қазақстан әлем бойынша 28-орынға шықты. Салыстыру үшін 2012 жылы «электрондық үкіметтің» дамуы бойынша Қазақстан 38-орынды, 2010 жылы 46-орынды, ал 2008 жылы 81-орынды иеленген. Еліміздегі электрондық үкіметтің даму деңгейін зерделеу үшін алдымен Қазақстандағы электрондық үкіметтің даму индексі мен Қазақстанның рейтингісін қарастырайық. E-GRI электрондық үкіметтің даму индексіні әр екі жыл сайын БҰҰ есептеп шығарады. Бұл индекс электрондық коммуникациялардың кешенді даму көрсеткішін білдіреді. Ол ішкі 3 индекс нәтижелерін қамтиды:

1) Электрондық қызметтердің даму индексі – OSI (Online Service Index);

2) Телекоммуникациялық инфрақұрылым индексі – TI (Telecommunications Infrastructure Index);

3) Адам капиталы индексі – HCI (Human Capital Index).

Осыған байланысты электрондық үкіметтің даму индексі бірдей үлесте көрсетілген аталған көрсеткіштердің сомасынан тұрады. Оны мына формула бойынша көрсетуге болады:

$$E - GRI = 1/3 OSI + 1/3 TII + 1/3 HCI$$

Біз посткеңестік елдер арасындағы электрондық үкіметтің дамуына талдау жүргізуді жөн деп санадық.

1-кесте. БҰҰ-ның 2014 жылғы есебіне сәйкес электрондық үкіметтің дамуы бойынша посткеңестік елдердің рейтингісі

| Елдер | Орны | E-GRI |
|-------------|------|--------|
| Ресей | 27 | 0,7345 |
| Қазақстан | 28 | 0,6844 |
| Беларусь | 55 | 0,6090 |
| Грузия | 56 | 0,5563 |
| Армения | 61 | 0,4997 |
| Әзірбайжан | 68 | 0,4984 |
| Украина | 87 | 0,5653 |
| Өзбекстан | 100 | 0,5099 |
| Қырғызстан | 101 | 0,4879 |
| Түркменстан | 128 | 0,3813 |
| Тәжікстан | 129 | 0,4069 |

Дереккөз: United Nation E-government survey, 2014

Кестеде көріп отырғанымыздай, ТМД-ның басқа елдерін арта тастаған Қазақстан мен Ресей электрондық үкіметті дамытуда көшбасшылар болып отыр.

Келесі кесте кейбір ТМД елдерінің 2012-2014 жылдар аралығындағы E-GRI бойынша рейтингісінің өзгеру қарқынын көрсетеді.

2-кесте. 2012-2014 жылдар аралығындағы рейтингтің өсу қарқыны

| Елдер | 2012 жылғы рейтинг | 2014 жылғы рейтинг | Прогресс |
|-----------|--------------------|--------------------|----------|
| Қазақстан | 38 | 28 | +10 |
| Ресей | 27 | 27 | 0 |
| Беларусь | 61 | 55 | +6 |
| Украина | 68 | 87 | -19 |

Дереккөз: United Nation E-government survey, 2014

Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан 10 сатыға көтерілген. 2012 жылмен салыстырғанда Ресей бұрынғы орнында қалса, Украина 19 позицияға төмендеген.

E-GRI индексі үш негізгі көрсеткіштен есептелетіндіктен, олардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық. Оның біріншісі, Электрондық қызметтердің даму индексі (OSI) ұлттық биліктің көпшілік, мемлекеттік қызметтерді көрсету, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешу кезінде кері байланыс құралдары ретінде Интернетті пайдалануын білдіреді. 3-кестеде OSI индексі бойынша мәліметтер берілген.

3-кесте. Электрондық қызметтердің даму индексі (OSI)

| Елдер | OSI рейтингісі |
|-----------|----------------|
| Ресей | 0,7087 |
| Қазақстан | 0,7480 |
| Беларусь | 0,3228 |
| Украина | 0,2677 |

Дереккөз: *United Nation E-government survey, 2014*

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан on-line мемлекеттік қызметін, сондай-ақ қоғам мен мемлекет арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар. Отандық зерттеушілердің мәліметтеріне сүйенсек, әрбір мемлекеттік мекеме кері байланысты ұсынуы міндетті. Осылайша, Қазақстан азаматтарына электрондық тұрғыдан қатысу мүмкіндігі беріледі (мемлекеттік салықтар мен төлемдерді, әртүрлі баж салығы мен айыппұлдарды, қызметтерді электрондық төлеу, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік маңызы бар және рұқсат құжаттарына өтінімдер беру). Теориялық жағынан алғанда, бұл мемлекеттік рұқсат беру жүйелерінің ашықтығын жақсартып, бюрократия мен сыбайлас жемқорлықты азайтуы тиіс. E-GRI-ден жинақталатын екінші көрсеткіш – Телекоммуникация инфрақұрылымы индексі (ТИ). Бұл индекс электрондық қарым-қатынас инфрақұрылымының дамуы, инфрақұрылымның е-қызметтерін жеткізу қабілеттілігі, оның ішінде мобильді және тіркелген байланыс желілерінің тығыздығы, 100 тұрғынға шаққандағы Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділік және компьютерлер саны негізінде есептеледі.

4-кесте. Телекоммуникация инфрақұрылымы (ТІ) рейтингісі

| Елдер | ТІ рейтингісі |
|-----------|---------------|
| Ресей | 0,6413 |
| Беларусь | 0,6069 |
| Қазақстан | 0,5749 |
| Украина | 0,3802 |

Дереккөз: *United Nation E-government survey, 2014*

Кестеден көріп отырғанымыздай, аталған рейтингте Қазақстанның позициясы төмен. Бұл ауылдық жерлерде жылдамдығы жоғары Интернетке қолжетімділіктің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Үшінші көрсеткіш – бұл Адам капиталы индексі (НСІ).

5-кесте. Адам капиталы (НСІ) рейтингісі

| Елдер | НСІ рейтингісі |
|-----------|----------------|
| Беларусь | 0,8861 |
| Қазақстан | 0,8619 |
| Украина | 0,8616 |
| Ресей | 0,8388 |

Дереккөз: *United Nation E-government survey, 2014*

НСІ-ге қатысты Қазақстанның көрсеткіштері айтарлықтай жоғары. Өздеріңізге белгілі, НСІ адамның сауаттылығы, білімділігі, ұзақ өмір сүруі мен жалпы өмір деңгейінің көрсеткіштері арқылы есептеледі. World Development Indicators мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстандағы азаматтардың сауаттылық деңгейі 99,8%-ды құрайды. Осыған орай, жалпы халықтың сауаттылығы, әсіресе азаматтардың компьютерлік сауаттылығы мен компьютерді білуі НСІ (Human computer interaction) ұғымын білдіреді. Біздің зерттеу еңбегімізде аталған ұғым кездеседі, өйткені НСІ адамның компьютермен қарым-қатынасының көптеген аспектілерін (психологиялық аспектісін қоса алғанда) білдіреді. К. Card, Р. Moran және А. Newell-дің «Психология және адам мен компьютердің өзара байланысы» еңбегінде НСІ термині кең насихатталған. Алғаш рет бұл терминді авторлар 1980 жылы қолданған. Интернет пайда болғаннан бері виртуалды шынайылықпен, виртуалды ақпарат алаңымен қарым-қатынас жасау мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Қазақстанда

компьютермен, дәлірек айтқанда, оның мүмкіндіктерімен қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыру мәселесі әлі күнге дейін бар. Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, егде жастағы адамдардың Интернет арқылы мемлекеттік органдармен, банктермен қарым-қатынас жасауында қиындықтар бар. Оларда белгілі бір Интернет кеңістігі үрейінің синдромы, электрондық көмекке жүгінуге сенімсіздігі немесе дағдылардың жоқтығы қалыптасқан. Тіпті біраз әуреге түсірсе де, тұрмыстық мәселелерді (әртүрлі коммуналдық төлемдер, банктік операцияларды жүргізу және т.б.) бетпе-бет, өздеріне түсінікті түрде шешуге бейім. Бұл бағыт әр қырлы, себебі жастар аға буынға қарағанда жаңа технологияларды тез қабылдайды. Соған қарамастан, XXI ғасырда виртуалды қарым-қатынастың дамуы қажеттілік, сондай-ақ ғаламдық сандық текетіретерді еңсеруге ұмтылған елдер үшін өсу критерийі болып табылады. International Telecommunication Union мәліметтері бойынша Қазақстанда 2012 жылы Интернетті қолданушылардың саны елдің жалпы санының 53,3%-ын құраған.

Қазақстандағы электрондық үкіметтің даму кезеңдері

Қазақстандағы электрондық үкіметтің қалыптасу тарихы 4 кезеңнен тұрады: ақпараттық, интерактивтік, транзакциялық және трансформациялық.

Біріншісі, ақпараттық кезең (2004–2006 жж.), оны ақпараттық қатысу кезеңі деп те атайды. Бұл кезеңде республикадағы барлық мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар өз ақпараттық web-сайттарын жасап, онда мемлекеттік ұйым, оның қызметі, халыққа көрсетілетін қызмет түрлері туралы ақпараттарды ұсынды. Сонымен бірге қызмет көрсету регламенттері көрсетіліп, халыққа таныстыру үшін нормативтік-құқықтық актілер ілінді. Мемлекеттік билік органдары мен азаматтардың арасында өзара іс-қимылдар болған жоқ. Мемлекеттік органдар тарапынан ғана біржақты ақпарат таратылды.

Екіншісі, интерактивтік кезең (2007–2009 жж.). Бұл кезеңде мемлекеттік web-ресурсты қолданушылардың электрондық пошта арқылы билік өкілдерімен қарым-қатынас жасай бастады. Сондай-ақ ведомстволық ақпараттық жүйелер, мемлекеттік мәліметтер қоры, электрондық лицензиялау және электрондық үкіметтің шлюзі ендірілді. Өтінім берушінің өз-өзін анықтап, мемлекеттік органға өз

атынан сұраныстар не болмаса ұсыныстар жолдау және электрондық анықтамалар алу мүмкіндігі туды.

Үшіншісі – транзакциялық немесе транзакциялық өзара іс-қимылдар кезеңі (2010–2011 жж.). Елімізде бұл кезең электрондық үкіметтің порталы арқылы әртүрлі төлемдер жасауға (салық, жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін айыппұл, баж салығы, коммуналдық қызметтер және т.б.) мүмкін болған уақытта, яғни 2010 жылы іске қосылды. Бұл жағдайда операциялар ағыны бір бағытта: клиенттен мемлекеттік құрылымға не болмаса кері бағытта болды. Аталған кезеңде электрондық мемлекеттік са-тып алулар пайда болды. Бұл жүргізілетін тендерлердің айқын, ашық өтуіне анағұрлым әсерін тигізуі тиіс болатын. Осыған бай-ланысты осы саладағы сыбайлас жемқорлықтың төмендеу үрдісі байқалды.

2012 жылы трансформациялық кезең басталды. Бұл кезеңде мемлекеттік бизнес үдерістері өзгерістерге ұшырады. Тұтынушылар клиенттің сұранысына сай мемлекеттік басқарушылық шешімдерді қабылдауға, мемлекеттік іс-шаралар құрылымдарын өзгертуге интерактивтік тұрғыдан қатысты. Мұндай іс-шараларға салық де-кларациясы, құжаттарды алуға қатысты сұранымдар, лицензия-лар, жәрдемақылар және т.б. жатады. Бұл кезеңнің басты мақсаты электрондық форматқа ауыстырылған әлеуметтік маңызы бар қызметтерді азаматтарға барынша жедел көрсету болды. Осы мақсатқа жету үшін интерактивтік және транзакциялық қызметтер кешенді қызметтерге біріктірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия ретінде электрондық үкімет көрсетілетін мемлекеттік қызметтер жеңілдетіліп, қалыпқа түскенде және ең бастысы қызмет жеткізілімін деперсоналдағанда ғана дамиды. Оңтүстік Корея және Үндістан мысалдары электрондық үкіметтің сыбайлас жемқорлықпен күрестегі мүмкіндігін айқын көрсетіп отыр. Сеул (Оңтүстік Корея) қаласында орнатылған белгілі OPEN жүйесінің арқасында электрондық үкімет сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік бағдарламасында негізгі ком-понент болды. Үндістандағы Whoomi жобасы да осының үлгісі, электрондық сервисті жемқорлық кең жайлаған салаларда арнайы енгізіп, ашықтық арқылы сыбайлас жемқорлықты азайтуды мақсаты етіп алды.

Қазақстанда электрондық мемлекеттік қызметтерді қолдану салалары

Қазақстанда электрондық мемлекеттік қызметтерді қолданатын салалардың қатарында мемлекеттік сатып алу, электрондық лицензиялау, бизнесті электрондық тіркеу, кедендік электрондық мағлұмдау, жүргізуші куәліктерін беретін және көлікті тіркейтін арнайы электрондық халыққа қызмет көрсету орталықтары, әлеуметтік саладағы электрондық сервис бар.

Электрондық үкіметтің жемқорлыққа әсері қандай деген сауалға жауап беру үшін, алдымен Қазақстанда жемқорлық кең етек алған салаларды және оған электрондық қызметтердің әсерін қарастырайық. Д. Сәтпаев «Қазақстандағы жемқорлық және мемлекеттік басқарудың сапасы» еңбегінде ҚР Бас прокуратурасының мәліметтеріне сүйеніп, республикада жемқорлық кең тараған салаларды атап көрсетеді, олар:

1. Мемлекеттік сатып алулар.
2. Лицензиялық-рұқсат беру салалары (сәулет департаменті, мүлікті тіркеу орталықтары, министрліктер).
3. Бақылау-қадағалау салалары (жол полициясы, әскери комиссариат, қаржы полициясы, салық саласы, соттар).

Отандық зерттеулерге сәйкес «жемқорлық рейтингісі мәселені бейресми шешуді пайдаланған тұтынушылардың үлесін анықтау негізінде есептелген. Жол полициясына жүгінген азаматтардың жартысынан астамы мәселені бейресми жолмен шешу қажеттілігімен ұшырасқан (55%), екінші орында кеден (46%) тұрса, үшінші орынға СЭС (41%) шыққан. Алғашқы ондықтың қатарында балабақша, жоғары оқу орындары, сәулет, жерді тіркеу, қылмыстық-атқарушы жүйе, қаржы полициясы және шекара қызметі орналасқан (40-33%). Азаматтардың Халыққа қызмет көрсету орталықтарына жүгінуі жемқорлықтың азаюына әкелді (8%)» [2]. Халыққа қызмет көрсету орталықтары – жемқорлық аз таралған құрылымдардың бірі, оны «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсету жүйесі мен халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы электрондық қызметтер айқын көрсетеді. Қазіргі кезде ұсынылып отырған мемлекеттік электрондық қызметтердің көптеген түрлері жемқорлық жайлаған салаларға бағытталған. Электрондық үкімет іске қосылғаннан бері электрондық қызметтер мынадай салаларда жүзеге аса бастады:

1. Мемлекеттік сатып алулар.

2. Электрондық рұқсат беру.
3. Бизнесті электрондық тіркеу.
4. Кедендік электрондық мағлұмдау.
5. Арнайы электрондық халыққа қызмет көрсету орталықтары (жүргізуші куәліктерін беретін және көлікті тіркейтін).
6. Әлеуметтік саладағы электрондық сервис.

Мемлекеттік сатып алулар саласындағы электрондық сатып алулар 2010 жылдың қаңтарынан бастап енгізілді. Бұл процестің ашықтығын жақсартуға, бәсеке үшін бірдей жағдай құруға және бюджет қаржысын қысқартуға тиіс болатын. Сыбайлас жемқорлықтың таралуы бойынша екінші орында тұрған – рұқсат беру жүйесі. Осыған қатысты «E-licensing for businesses» электрондық лицензиялау жүйесі кәсіпкерлер мен лауазымды тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты толығымен жойып отыр. Қазақстанда «E-licensing» ендірілгеннен бері 108 лицензия автоматтандырылды. «E-licensing for businesses» жобасы 2013 жылы Женевада өткен Дүниежүзілік ақпараттық қоғам саммитінде 280 жобаның ішінен ең үздік деп танылды. 2013 жылы іске қосылған бизнесті электрондық тіркеу қызметін жақсылықтың жарқын үлгісі десе болады. Аталған жүйе енгізілмес бұрын өз бизнесін бастағысы келетін азамат әртүрлі құжаттар (12) жинап, мәселенің шешілуін 30 не одан да көп күн күтсе, электрондық тіркеу ендірілгеннен кейін қажетті құжаттардың саны азайып, тіркеу шарасына небәрі 15 минут уақытын жібереді. 2011 жылы әртүрлі саладағы 86 лицензия, 2012 жылы 87 рұқсат беру құжаты автоматтандырылды. Жалпы бизнесті ашуға қажет лицензия-лар саны екі есеге азайды (1035-тен 517-ге). Кеден және жол полициясында да сыбайлас жемқорлық байқалады. 2012 жылы елімізде кедендік электрондық мағлұмдау жасалды. 2014 жылдың ортасына қарай барлық кедендік іс-шаралар электрондық мағлұмдауға өтті. Бұл кеден рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етіп, жемқорлыққа қарсы күресте қолдау білдіретіні анық. Әкімшілік жемқорлықтың таралуы бойынша үшінші орынды жол полициясы (МАИ) алады. 2012 жылы еліміздің Алматы, Қарағанды, Ақтау сияқты ірі қалаларында арнайы электрондық орталықтар, яғни көлікті тіркеуге және жүргізуші куәліктерін алуға арналған халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылды. Аталған орталықтарда электрондық деректер қорын пайдаланатын орталықтың және МАИ қызметкерлерінің міндеттері анық бөлінген. Бұл үлкен кезектен, делдалдардан қашуға мүмкіндік

беріп, жемқорлық тәуекелдерін азайтады. Сонымен қатар Интернет арқылы айыппұлдар төлеу, жол бойындағы камералар аталған салада жемқорлықтың негізгі себебі болып отырған «адам факторының» азаюына септігін тигізетіні сөзсіз. Әлеуметтік салада жемқорлықты азайту мақсатында Электрондық үкімет «Отбасы» аталатын жаңа электрондық кешенді қызмет енгізді. Бұл кешен баланың туу туралы куәлігін алу, бала туғанда жәрдемақы алу үшін тіркелу және мемлекеттік балабақшада орын алу үшін электрондық кезекке тұру сияқты қызметтер көрсетеді.

Эмпирикалық зерттеулер. Эмпирикалық зерттеу 17 сұрақтан тұратын сауалнама негізінде жүргізілді (242 респондентке). Осы зерттеулер негізінде электрондық үкіметтің қызметін қолданушылардың дені ер адамдар (77,17%), екендігін көруге болады, олардың басым бөлігі 25-34 жас аралығында – 57,5%-ды; 35-44 жас аралығында – 20%-ды, 18-24 жас аралығындағы жастар – 7,6%-ды және 18 жасқа дейінгілер – 2,3%-ды құрайды. Бұдан біз электрондық үкіметті қолданушылар 25-44 жас аралығындағы әлеуметтік белсенді жастар тобы деген қорытындыға келеміз. Респонденттердің көпшілігі жоғары білімді. «Электрондық үкімет жұмысының нәтижелілігін қалай бағалайсыз?» деген сауалға респонденттердің 46%-ы – жақсы, 28%-ы – қанағаттандырылдық, ал 13%-ы өте жақсы деп бағалаған. «Электрондық үкіметтің әкімшілік кедергілер мен ұсақ жемқорлықты азайтудағы рөлі қандай?» деген сауалға 45% респондент айтарлықтай көмегін тигізді десе, сұралғандардың 26%-ы әсері болғанымен, түбегейлі емес деп санайды. «Мемлекет пен қоғам арасындағы ақпарат алмасуды жақсартуға және басқару жүйесін жетілдіруге блогтардың әсері бар ма?» деген сауалға сұралғандардың 53%-ы оң әсері бар деп жауап берген. Осыған байланысты респонденттердің басым бөлігі тұрмыстық жемқорлық пен бюрократияны жоюда электрондық үкіметтің әсері жағымды деген жауапты таңдаған.

Еліміздегі тұрмыстық жемқорлықты азайту бағытындағы электрондық үкіметтің қызметін Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы автоматтандырылған мемлекеттік қызмет және электрондық үкімет жұмыстары мысалдарында қарастыруға болады. «Transparency Kazakhstan» құрылтайшылық кеңес төрағасы Н. Малярчуктың айтуынша, электрондық үкіметтің арқасында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саласындағы жемқорлық 70-80%-дан 14%-ға төмендеген.

Қорытынды. Эмпирикалық және теориялық зерттеулерге жүргізілген контент-талдау және сарапшылық бағалау негізінде Қазақстандағы электрондық үкіметтің дамуы мен жол полициясы, кеден, мемлекеттік рұқсат беру, бизнесті жүргізу және әлеуметтік сияқты әртүрлі салаларда жемқорлықтың тәуекелдерін азайту арасында корреляция бар екендігін көруге болады.

Осы екеуінің арасындағы корреляцияны бақылау – әлемде бар үрдіс. Мәселен, жемқорлықпен күресте электрондық үкіметтің мүмкіндігін тиімді пайдаланып отырған Оңтүстік Корея мен Үндістан сияқты елдерден мысалдар келтіруге болады. Дамыған және дамушы елдер сияқты бүкіл әлемде электрондық үкіметті қолдану және жемқорлықты азайтудың арасындағы нақты көлем корреляциясының орнына сенімді эмпирикалық мәліметтерді келтіретін әлемдегі электрондық үкімет пен жемқорлықты азайтудың арасындағы байланысты кейбір эмпирикалық айғақтар көрсетеді. Т.В. Андерсеннің айтуынша, «электрондық үкіметтің 10%-дан 90%-ға дейін таралуы жемқорлықтың 23%-дан 10%-ға азаюын білдіреді» [3]. Mon-Chi Lio, Meng-Chun Liu, Yi-Pey Ou «электрондық үкімет ашықтық пен есептілікке қолдау көрсетеді деген пайымға теориялық негіздеме мықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте Интернетті ұтымды пайдалануға болады» деп тұжырымдайды [4].

Қазақстанда электрондық үкімет пен жемқорлықты азайту арасындағы корреляцияны зерттеу әлі де болса жүргізілген жоқ. Бұл ретте ұсынылып отырған зерттеулер аталған байланысты бақылаудың алғашқы талпынысы саналады. E-gov порталының жұмысы мен жемқорлықты азайту арасындағы корреляция Қазақстан үшін айқын негізгі міндеттерді анықтау болып табылады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік бағдарламасының іс-қимылдарын электрондық үкіметтің жұмысымен интеграциялау.
2. Ақпаратқа қол жеткізу туралы заңды жүзеге асыру арқылы мемлекеттік үдерістердің ашықтығын арттыру.
3. Компьютерлік сауаттылық пен телекоммуникациялық инфрақұрылымды арттыру арқылы сандық бөліністі азайту.
4. Мемлекеттік рұқсат беру және лицензиялау салаларында мемлекеттік электрондық қызметтерді көрсету саны мен сапасын арттыру.

Осыған орай, электрондық үкімет ұсынып отырған мүмкіндіктер арқылы сыбайлас жемқорлықпен күреске жауапты мемлекеттік органдар жұмысының өзара келісімі ХХІ ғасырда электрондық

басқарудың жаңа парадигмасы басталғанын айқын көрсетеді. Ал бұл бюрократия мен жемқорлыққа қарсы күресті еселей түсуге жаңа мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015–2025 годы». <http://anticorr.kz/ru/>
2. Турисбеков З., Джандосова Ж., Тагатова А., Шиликбаева Н. «Административные барьеры как источник коррупционных правонарушений в сфере государственной службы». Центр исследований САНДЖ, Алматы, 2007. <http://www.sange.kz/>
3. Andersen T.B. «E-Government as an anti-corruption strategy» / Information Economics and Policy. 2009. P. 201-210.
4. Lio M-C, Liu M-C, Ou Y-P. «Can the internet reduce corruption? A cross-country study based on dynamic panel data models» / Government Information Quarterly, 2011. P. 47–53.

Авторларға арналған нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

- 1.1. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-де шығатын «Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналында қазақ тіліндегі ғылыми мақалалар жарияланады.
- 1.2. Журналдың Интернет-сайттағы мекенжайы – www.kaziss.kz, kisi.kz.

2. Қолжазбаны беру тәртібі

2.1. Редакциялық алқа мақаланы журналға жариялауға шешім шығаруы үшін, авторлар редакцияға:

- мақаланың қолжазбасын;
- сырттан 1 пікір ұсынуы керек.

2.2. Редакция электронды пошта арқылы editor@kisi.kz мекенжайына жіберілген мақаланың қолжазбасын қабылдап, қарастырады.

Мақала мәтіннен, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялардан, суреттер, кестелер, әдебиеттер тізімінен тұрады және олар бір файлда рәсімделеді.

Жеке бетте авторлар, сондай-ақ редакциямен хат алмасуға жауапты автор жөнінде мәліметтер (аты-жөні, тегі, байланыс телефоны, электронды поштасы) көрсетіледі.

3. Қолжазбаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

3.1. Мақалалардың көлемі:

- **эксперименттік мақала** 8 беттен 20 бетке дейін, 4-6 суреттен (кестеден) тұруы;
- аннотациялар, кестелер, суреттер мен әдебиеттер тізімін қоса алғандағы **шолу сипаттындағы мақаланың** көлемі 15-35 беттен, суреттер немесе кестелердің саны тоғыздан аспауы (3 сурет 1 бет болып есептеледі);
- **теориялық мақала** 10 беттен 20 бетке дейін, 4-6 суреттен (кестеден) тұруы керек.

3.2. Мәтіндік файлдар Word форматында (6.0 және ең соңғы нұсқалары), Times New Roman қарпімен, 14 pt көлемінде, 1.0 жол аралығында басылуы қажет.

3.3. Ғылыми мақалалар төмендегідей бөлімдерді қамтуы тиіс:

Кіріспе – соңғы он жылда жүргізілген зерттеу тақырыбына ұқсас немесе жақын отандық және шетелдік еңбектер қарастырылып, қойылған мәселе қысқаша баяндалады, зерттеудің мақсаты тұжырымдалады.

Зерттеудің әдістері – жаңа әдістер кеңінен сипатталады; бұрын жарияланған және белгілі әдістерді авторы мен/немесе әдістің атын көрсетіп, әдебиеттер тізімінде беру жеткілікті.

Зерттеудің нәтижелері – негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар беріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық мәні бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

Нәтижелерді талқылау – отандық және шетелдік үздік баламаларымен салыстыру жүргізіледі. Зерттеудің пікірталас тудыратын тұстары мен автордың оларды шешу көзқарасы суреттеледі.

Қорытынды – жұмыстың нәтижелерін шығару, жаңашылдығы мен өзектілігін негіздеу, алынған нәтижелерді қолдануға қатысты ұсыныстар.

Зерттеудің қаржыландыру көздері – ведомство, қорлар мен жекелеген адамдар және тағы басқалары әдебиеттер тізімінің алдында беріледі. Қаржыландыратын ұйымдардың атаулары толық жазылады.

Әдебиеттер тізімі мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес нөмірленеді. Библиографиялық мәліметтер 7.1-2003 мемлекеттік стандартына сәйкес рәсімделеді.

Ескерту. Әдебиеттер тізіміне нормативтік құжаттар, статистикалық жинақтар мен газет мақалалары кірмейді. Олар мәтінде көрсетілген жерде дөңгелек жақшаға алынып жазылады. Электрондық журналдардан басқа интернет-сайттарға сілтеме жасауға болмайды. Өзіне сілтеме жасау жалпы тізімнің 20-30 пайызынан аспауы керек. 10-15 жылдан бұрынғы әдебиет көздері тізімнің ауқымды бөлігін құрауы тиіс, әсіресе қолданбалы сипаттағы мақалалар үшін.

3.4. Кестелер араб сандарымен нөмірленіп, тақырыбы көрсетіледі. Баған тақырыбында сандық өлшемдері (бірліктер) қойылуы керек.

3.5. Суреттер (кестелер, сызбалар және т.б.) қара бояумен орындалуы керек. Түрлі түсті иллюстрациялар материалдың түсінікті болуы үшін ғана алынады. Суреттерге қысқаша тақырыптық түсіндірме беріледі. Суреттердің тақырыптары иллюстрациялар ішінде орналастырылмайды. Графика типтеріне қарамастан, дюймі 600-ден төмен емес, рұқсаты бар суреттер алынады. Суреттердің ең үлкен көлемі – 120 × 210 мм. Сканерден өткізілген немесе Интернеттен алынған графикалық материалдар басуға жіберілмейді.

4. Қолжазбаның құрылымы

Қолжазба төмендегідей тәртіпте беріледі:

- 1) **мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторы коды (МҒТАР)** бірінші беттің сол жақ жоғарғы бұрышына қойылады;
- 2) **авторлардың аты-жөні, тегі;**
- 3) **жұмыс орнының – мекеме, қала, елдің атаулары;**

Ескерту: мақалада бірнеше автор болса, келесі тәртіппен рәсімделеді:

Д.К. Тоқтаров¹, Е.М. Жұмағұлов¹, Д.Б. Айдарбекова², С.Н. Дәрібеков³

¹Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ., Қазақстан)

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан)

³Nazarbayev University (Астана қ., Қазақстан)

4) **Мақаланың тақырыбы** мейлінше қысқа, ақпараттық сипатта және қысқартусыз болғаны дұрыс;

5) **Мақаланың аннотациясы** мақала жазылған тілде беріледі.

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫҢ АННОТАЦИЯЛАРЫ

Негізгі талаптар

Авторлық аңдатпаның негізгі мақсаты мен міндеттері

Авторлық аңдатпа ғылыми сипатқа ие үлкен жұмыс көлемінің қысқаша түйіндемесі болып табылады. Оқырман мақаланың аннотациясынан зерттеудің мәнін түсінуі керек.

Авторлық аңдатпаның құрылымы, мазмұны мен көлемі

Авторлық аңдатпада жұмыстың мәнді фактілері баяндалады. Мақаланың құрылымын қайталайтын (кіріспе, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, әдістері, нәтижелері мен қорытындыдан тұратын) аннотацияның құрылымына рұқсат етіледі.

Жұмыстың нәтижелері мүмкіндігінше дәл және ақпараттық тұрғыда сипатталуы керек. Негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар келтіріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық маңызы бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

Қорытындыда мақалада сипатталған ұсыныстар, пікірлер мен болжамдарды келтіруге болады. Авторлық түйіндемеде мақаланың тақырыбындағы мәліметтер қайталанбауы керек және жалпылама сөздерді қолданбаған дұрыс (мысалы, мақала авторы ... қарастырады). Сондай-ақ онда құжаттың негізгі мазмұнын құрмайтын тарихи анықтамалар, бұрын жарияланған және белгілі ережелер берілмейді.

Аңдатпа мәтіні қысқа әрі дәл және екінші реттік ақпараттан, жалпылама сөздерден, мәні жоқ тұжырымдардан ада болуы керек.

Онда басылым нөміріне (мақаладағы әдебиеттер тізіміне) сілтеме жасалынбайды. Аңдатпа мәтінінің көлемі басылым мазмұнына сәйкес анықталады (мәліметтер көлемі, олардың ғылыми құндылығы мен/немесе практикалық маңызы), бірақ 120-150 сөзден кем болмауы тиіс.

6) кестелер, суреттер, әдебиеттер тізімінен тұратын мақала мәтіні.

7) мақала туралы өзге екі тілдегі мәліметтер (авторлардың аты-жөні, тегі, тақырыбы, аңдатпа, түйінді сөздер).



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты — мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Қазақстан Президентінің және елдің басқарушы органдарының қызметін ғылыми-талдаулармен қамтамасыз ету.

Осы уақыт барысында ҚСЗИ жоғарыкәсіпті ғылыми-талдау орталығына айналды. Бүгінгі таңда институтта алты ғылым докторы, он ғылым кандидаты, PhD, саясаттану, тарих, экономика, әлеуметтану салаларының мамандары қызмет атқарады.

ҚСЗИ өзінің 23 жылдық қызметі барысында институт сарапшыларының қатысуымен халықаралық қатынас, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 250-ден астам кітап басып шығарған. Институт үш мерзімді ғылыми-сараптамалық журнал басып шығаруда: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы, «Казахстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде).

Бұл басылымдарда сыртқы және ішкі саясат, халықаралық қатынастар, ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық саясаты мәселелері жарық көреді, сондай-ақ материалдарды өзінің www.kisi.kz сайтында жариялайды. ҚСЗИ-дың жеке сайты үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған. Институт өзінің негізгі зерттеу бағыттары бойынша семинарлар, ғылыми конференциялар, «дөңгелек үстелдер», халықаралық форумдар өткізеді. Олардың ішінде шетелдік сарапшылардың ерекше қызығушылықтарын тудыратыны — 2003 жылдан дәстүрлі өтіп келе жатқан, Орталық Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік мәселелеріне арналған Алматы конференциясы. ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстаннан ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия елдерінің, АҚШ-тың, Германияның, Жапонияның, Иранның, Қытайдың, Пәкістанның, Ресейдің, Түркияның, Үндістанның, Францияның және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысуда.

ҚСЗИ-де Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының студенттері мен шетелдік сарапшылар үнемі тәжірибеден өтіп отырады.

Бүгінгі таңда институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсулері үшін барлық қажетті жағдай жасалған. ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекенжайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана,
Бейбітшілік көшесі, 4
Тел.: +7 (7172) 75-20-20
Факс: +7 (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz